

ТІЛ және ҚОҒАМ

альманах



ТІЛ және ҚОҒАМ

альманах

№1 (59) 2024

Бас редактор
Ә. Қаба

Жауапты редактор
Г. Төкенқызы

ҚР Мәдениет, ақпарат
және қоғамдық келісім
министрлігінде
тіркеліп, тіркеу туралы
2002 жылғы
27 мамырда
№2993 – ж куәлігі
берілген.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитеті

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚАНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

Ербол Тілешов

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитетінің төрағасы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Оразкүл Асанғазы

Мемлекет және қоғам қайраткері

Дихан Қамзабекұлы

«Егемен Қазақстан» республикалық газеті»
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
Бас директоры, ҚР ҰҒА академигі

Өнер Мұстафа

Эгей университеті Түрік тілі және әдебиеті
бөлімінің профессоры

Алима Пірниязова

Әжнияз ат. Нөкіс педагогикалық институты
Қарақалпақ тілі кафедрасының доценті,
филология ғылымдарының докторы

Бекжан Әбдуәлиұлы

Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ Қазақ тіл білімі
кафедрасының профессоры,
филология ғылымдарының докторы

Эльмира Оразалиева

Назарбаев университеті Қазақ тілі және
түркітану кафедрасының профессоры,
филология ғылымдарының докторы

Мақпал Жұмабай

Ш.Шаяхметов ат. «Тіл-Қазына» ҰҒПО бас директоры

ТІЛ САЯСАТЫ – МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ МАҢЫЗДЫ БӨЛІГІ

Мемлекеттік тіл саясатын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Мемлекеттік тіл саясатын іске асыру жөніндегі комиссия құрылып, алғашқы отырысы өтті. Күн тәртібінде мемлекеттік тілде заң әзірлеу, Орфографиялық комиссия құру, бірыңғай терминологиялық сөздіктерді қалыптастыру сияқты мәселелер қарастырылды.

Мемлекет басшысы 2024 жылдың 6 сәуірде «ҚР-ның кейбір заңнамалық актілеріне бизнес мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Заңда жаңа 25-6-баппен тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік бақылауды жүргізу тәртібі енгізілді. Сонымен қатар, тексеру жүргізу тәртібінде тілдерді дамыту саласындағы уәкілетті органның және жергілікті атқарушы орган құзыреттері кеңейіп, жоспарлы және жоспардан тыс тексеру тәртібі нақты айқылдалды.

ҚР Парламент Мәжілісінде көрнекі ақпарат бойынша кәсіпкерлік субъектілерін тексеру, талапты күшейту, Кәсіпкерлік кодекске (138-бап), Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне (75-бап), «Тіл туралы» заңға өзгерістер енгізу мәселесі қаралуда.

Ашық онлайн энциклопедиясы қазақ тіліндегі ғылыми мақалалар, еңбектер және мәліметтермен толықтыру жұмыстары жүзеге асырылды.

Терминология саласының жұмысын жетілдіру, салалық мамандарды тарту мақсатында Республикалық терминология комиссиясы қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математика бағыттарға бөлініп қайта құрылды.

Қазақ тілінің сөзжасамдық, фонетика-морфологиялық табиғатына сай кірме терминдерді игерудің тиімді модельдерін әзірлеу және процесті автоматтандыру жобасы іске қосылды.

Ғылым тілінің дамуына ықпал ететін лингвистиканың тағы бір маңызды салаларының бірі – корпустық лингвистика. Қазіргі таңда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Назарбаев университеті, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты және Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-

практикалық орталығы әзірлеген сайттарындағы корпустың көлемі 119,8 млн сөзқолданысқа жеткізілді.

Тіл үйретуде заманауи техника мен технологиялардың мүмкіндіктерін пайдаланудың маңызы зор. Бұл ретте арнайы көру қабілеті бұзылған адамдар қолданатын қазақ тіліндегі сөйлеу синтезі бар экрандық қол жеткізу (экран диктор, Screen Reader) бағдарламасының қолданысқа енгізілгенін ерекше атап өткен жөн.

Тіл саясаты – мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігі, елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің, оның мемлекеттілігін нығайтудың маңызды шарттарының бірі.

*Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитеті*



ЕРБОЛ ТІЛЕШОВ

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі

*Тіл саясаты комитетінің төрағасы,
филология ғылымдарының кандидаты*

ТІЛ – ХАЛЫҚТЫҢ ЕҢ БАСТЫ ҰЛТТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

Тілдің ұлт қалыптасуындағы, өркендеуіндегі, сақталуындағы төтенше маңызы жөнінде өз тарихымызда Алаш зиялыларынан бастап, әлемдік ой-пікірлерде немістің классикалық философиясы, философиялық лингвистика өкілдерінен тартып бүгінге дейін лингвистика мен философия, әлеуметтану, саясаттану, қоғамтану, психология, педагогика, этнология, эстетика шегінде қаншама еңбектер жазылды. Бұл еңбектердің негізгілерімен танысқанның өзінде тілдің маңызы – біз көбінесе жүгінетін қарым-қатынас құралы ретіндегі қызметінен әлдеқайда терең, мәнді екенін ұғынуға боларлық. Біз тілдің негізгі көп қызметінің бірі ғана болатын оның қатынас құралы ретіндегі қызметін барлығынан жоғары қойғандығымыз сондай, ұлттық тілдің халық, мемлекет, ұжым, отбасы, тұлға өміріндегі терең байланыстарына үстіртін қарайтын болдық. Сондықтан да мамандар ғана жақсы ұғынатын тілдің көпфункционалды болмысы, әсіресе, оның мемлекеттік тіл қызметін орындау барысында ескеруге тиісті тұлғалардың тарапынан мән берілмегендіктен де қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуде салғырттық пен баяулық, тілдің орасан ұйыстырушылық қабілетін елемей орын алды. Сол себепті де, қазақ тілінің ана тілі ретіндегі де, мемлекеттік тіл ретіндегі де тұтас мемлекеттің азаматтары өмірінен алатын айрықша орны, содан туындайтын отбасынан бастап мемлекеттік деңгейге дейінгі әлеуметтік, саяси, психологиялық тағы да басқа көптеген әсерлері ескерусіз қалуда.

Тілдің ұлттық рухпен, халықтық болмыспен тікелей байланысы, әрбірден соң оның солардан өрістейтіні тілдің тууымен, жасалуымен, қалыптасуымен сабақтас үдеріс. Тіл – халықтың қоршаған ортаны, әлемді тануының, оған баға беруінің көрінісі десек, онда тіл сол халықтың мінезі, барша көзқарасы жинақталған ділінің қоймасы болмақ. Бұрыннан бар осы тұжырымға ой қоссақ, онда тіл халықтың қалыптасу кезеңімен бірге қалыптасқан құбылыс ретінде сол халықтың материалдық дүниеге көзқарасы мен барша рухани әлемі жинақталған, сақталған әрі ұштала беретін байырғы да бүгінгі мәңгі қозғалыстағы



қазынамыз бен құралымыз. Тілдің халық тағдырының бөлінбес дәл осындай бөлшегі болуы – тіл мен халықтың тұтас ағза екенін айғақтайды. Сондықтан тілі күшті халық та күшті, тілі беделді халық та беделді. Тілді сол ағзаның күре-тамыры деп қабылдасақ, онда тіл бүкіл халықтың қимыл-қозғалысын, әрекетін жүргізіп тұрған қуаты.

Тілдің халық психологиясының айрықша көрінісі екендігі және тіпті сол болмысты жасауға тікелей қатысатыны соншалықты оның затты, құбылысты бейнелеуі де соншалықты дербес, соншалықты төлтума. Соған орай, әрбір жеке тіл оларды қалайша берудің лексикалық, грамматикалық, стилистикалық тәсілдері мен мүмкіндіктерін өзінше шешеді. Қазіргі кезеңде, әсіресе, ресми стильде қазақ тілінің аударма тіл ретінде қолданылуы сол мәтіндердің ұғынықсыздығын, осыдан қазақтілді ортаның оларды қабылдамауын қалыптастыруда. Ұғым жасаудың орыстың тілдік аппаратында орындалуы, яғни, осы тілдік танымның үстемдігі мемлекеттік тілдің өзі шеше алатын және шешуге тиісті мүмкіндігіне кедергі жасауда. Алдымен, орыс тілінде дайындалып қасына қазақ тіліндегі аударманы тіркеу – тіл саясатын жүргізудегі кезеңдік шара болғанымен, тілдердің теңдігін жасай алмайды. Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде дәл бүгін саяси, қоғамдық, әлеуметтік тағы да қандай да болсын барлық мәселелерді шешуге әлеуетті тіл. Мәселе – тілімізге осы мүмкіндіктің толығымен берілмеуінде. Өз қайнарынан өрістемеген, өзге тілдің жетегіндегі тілдің ішкі әлеуеті әлсірейді. Тілді күшейтудің ең басты тетігі де, тәсілі де оны барлық салада барынша қолдану. Өйткені, тілді ұлттың ағзасымен біріккен күрделі құрылым дегенге оралсақ, онда сол құрылымның өзінің ішкі бүтіндігі, осы бүтіндікті жасайтын тілдік клеткалардың ғасырлар бойы орныққан, өзара үйлесімді қиылысқан комбинациясы бар. Бұл комбинациялық жүйе өз табиғатына сай өрістеуі тиіс. Оны басқа тілдік комбинацияда орындасақ, онымыз міндетті түрде жасанды болып шығады. Осы тілдік кодтар кеңестік кезеңде бұзыла бастап еді, қазір соны жөнсіз жалғастырудамыз. Тілдің қолданыс кеңейтуді аударма тілінде сөйлеп, жазып «Тілімізді дамытып жүрміз» деу оны қатынас құралы ретінде ғана үстіртін қараудың нәтижесі. Сол себепті де, қазіргі кезеңде кейбір орыс сөздерін қосып, араластырып сөйлеуден бұрын қазақ тілін аударма тіліне айналдыру анағұрлым қауіптірек. Мәселен, қазақшаға орыс сөздерін қосып сөйлеу, әрине, тілді шұбарлау, дегенмен, оны түзетуге боларлық. Ал бөгде тілдің сөздерін қоспай-ақ тілді бүлдіруге болады. Қазақ тілінің табиғи синтаксистік моделін, стилистикалық қолданыс қалпын бұзып сөйлеу, жазу – тілді бүлдірудің төте тәсілі. Қазіргі кезеңде осындай тіл бүлдірушіліктер көріністері жиі байқалады. Әсіресе, құжаттарды орыс тілінен тікелей, орайсыз аударылған сөйлемдер жайлап алғандай. Алдымен, са-



нада орысша дайындалып, ауыздан қазақша шығатын сөйлемдерді, теледидардан, радиодан сөйлейтін танымал азаматтардан да кездестіретін болдық. Әлбетте, кезеңіне орай, тілдегі сөйлеу үлгілерінің де жетіліп тұратынын түсінеміз, десек те, мұндай үдеріс сол тілдің ішкі табиғатынан өрістегені жөн. Ол тілдің негізгі төлтумалылығын сақтап, оның табиғи мүмкіндіктерінен туындағанда ғана тіл байымақ. Тіл табиғатын сақтаудың ұлт үшін аса маңызды болатыны – ол ұрпақтарды жалғастыратын халықтың жады, рухани көпірі. Яғни, халықтың сөздік қорын, тілдің ішкі табиғатын сақтау арқылы ұлт өзінің кешегісін ұғынады, бүгінгісін жетілдіреді, ертеңге берік рухани байланыс құралын дайындайды. Дәл осы арада тілдің тұтастырушылық, туысқандық белгісі ретіндегі ең негізгі табиғаты аңғарылады. Бір халық адамдар арасындағы бауырластықты нығайтатын барлық қатынастардың маңызды екендігін бағалайтын болсақ, онда бір ұлт үшін бір тілде сөйлеудің маңызы тіптен айрықша. Қазір елімізде қазақтардың ана тілін білмеуі немесе нашар меңгеруі – олардың қазақ тілді ортамен түсінісуін қиындататын күнделікті аңғарып жүрміз. Бұл тұрмыстық, психологиялық, қызметтік әлдебір қатынастарға кедергі болады. «Шала қазақ» ұғымының пайда болуы, қазақ тілділер үшін бұл ұғымның кекесін мәнінде қолданылуы, орыс тілді қазақтың бұған намыстануы, ашулануы, тіпті кейде оның дәрежеліктерге ұласуы, әлбетте, мақтарлық құбылыс емес. Бұл жеке адамдар үшін ғана емес, халық, мемлекет үшін де жақсы емес. Сондықтан да әр ұлттың азаматтары өзінің ана тілінде түсінісуі, бір жағынан ұлтты күшейтсе, екінші жағынан біздің жағдайымызда мемлекетті де күшейтеді.

Бұл арада бұрынғы тілі сақталмай, оның жұрнақтарынан жаңаша сипаттағы тіл жасап алған еврей халқын бүгін де сол жасанды тілі біріктірмей, оларды дін тұтастырып тұрғанын да айта кетуге болады. Израильде посткеңестік елдерден барғандар әлі күнге дейін орысша сөйлейді, осы тілде өздерінің телеарналары, газеттері мен журналдары бар. Бұл тұста айтпағымыз – тілдің өз табиғатын бұзып, басқа тілдің кейбір конструкцияларын қабылдауы – сол тілдің рухын кемітеді. Тіл халықтың рухы, ділі сақталатын ең қымбаты болғандықтан, ол жалпы ұлттық болмысқа әсер етеді. Әрбір тұлға, халық күнделікті реалды өмірінде сан түрлі тіршілік әрекетін атқара отырып, саналы жан иесі ретінде, әйтеуір, басым бір тілде ойлайды, сөйлейді. Сол ойлау, ойдан қорытылып шыққан сөзде тілдік болмыс қана емес, сөйлеушінің ой жүйесі, адамның танымы мен зердесі, қоршаған ортаға баға беретін бейнесі тұрады. Қоршаған ортаны бейнелеу әр тілдің өзіндік ерекшелігі арқылы жүзеге асырылады. Яғни, әрбір тіл – сөздердің жиынтығы ғана емес, таным бастауы. Әр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан ойлау жүйесі болатыны



сияқты, сол ойын таңбалайтын сөздер жүйесі де жасалған. Сондықтан әр тілдің өз логикасы бар. Бәлкім, тілдерді сөздік қорына қарап ғана бөлуге болар. Басқалай мына тіл жақсы, мына тіл орташа немесе әлсіздеу деген жөн емес. Қалай болғанда адам баласы нақты бір ұлттың, мемлекеттің өкілі ғана емес, сонымен қатар нақты бір тілдің де өкілі. Өйткені, біздің бүкіл ақылымыз, зердеміз басқа да адамға тән алуан қасиеттеріміз тілдік санамызда жинақталады, тіл арқылы сыртқа шығады. Сондықтан да тілде ұлттық болмыс, халықты халық ететін рух сақталады. Қазақтың ана тілін білуі – тек формальды сөйлеуі ғана емес, өз болмысын, рухын сақтаумен тікелей сабақтас, тіпті, оның қазақ болып қалуымен табиғи тамырлас. Мәселенің бәрі осында. Қазақ тілі жағдайында тілімізді сақтау – ұлтты сақтаумен бірдей. Бәлкім, осы ұғым қайталана беріп, өзінің әсерін азайтқан да болар, Бірақ, халық болып жасаймыз десек, бұл шындықтан айналып өте алмаймыз.

Адамзатты ұлтына қарай бөлу деген сөз оларды тіліне қарай бөлумен барабар. Бәлкім, ХХІ ғасырда бұл схемаға кейбір халықтардың тегі мен тілі үйлеспей жатса, онда ол схеманың емес, сол халықтардың тарихындағы отаршылдықтың таңбасын көрсетеді. Мәселен, латынамерикандықтардың испан, португал тілдерінде сөйлеуі, – табиғи емес, әлгіндей тарихи себептерден. Отаршылдық саясат әлемнің саяси картасын ғана емес, тілдік картасын да өзгертті. Бір тілден екінші тілге ауысу – бір рухани кеңістіктен екінші рухани кеңістікке ауысу болмақ.

Қазақ тілінің елімізде толық және тезірек өз мәртебесіне сай қолданысқа енуінің дәл қазіргі білім мен ғылым бәсекесі жүріп жатқан қоғамда және бір себебі бар. Ол заманауи ғылымның, өркениет жетістіктерінің қазақ тілінде болуымен тікелей сабақтас. *«Тіл мен халықтың рухани күші оның интеллектуалдық қабілетінің бөлінбейтін біртектес әрекеті»*, - дейді әлемдік ғылымда тіл мен халық рухының терең сабақтастығын ашқан, сонысымен ғылыми мектеп қалыптастырған немістің аса көрнекті ойшыл оқымыстысы Вильгельм Гумбольдт.

Тіл – жеке адамның тұтыну, қатынас құралы болу үшін ол ең алдымен оның санасында, психологиясында орнығады. Ойлау мен сөйлеуді бір-бірінен ажырағысыз үдеріс ретінде қабылдасақ, онда сөйлеу ойлаудың нәтижесі болады. Адамның өзінің сөйлейтін тілінде ойланатыны, яғни, сөйлемес бұрын тілдік әрекет ой деңгейінде туатынын түсіну аса қиын болмаса керек. Сонымен бірге, біздің сөйлеу актімізден кейін де сол өзіміз айтқан сөздер жөнінде ойланатын кездеріміз де аз болмайды. Сондықтан бұл арада қос әрекеттің, яғни, ойлау мен сөйлеудің бастапқылығы мен жалғастығы екеуіне де қатысты. Бұдан шығатын қорытынды: *біріншіден*, кез-келген адам



саналы биологиялық объекті ретінде өз санасында әйтеуір бір тілде өмір сүреді, бұл арада адам санасында бір тіл өмір сүреді дегеннен де осы дұрысырақ болар. Яғни, адам ұлттың, мемлекеттің өкілі ғана емес, белгілі бір тілдің де өкілі. Сондықтан болар лингвистикалық философияның ірі өкілі Л. Виттенштейннің: *«Менің әлемімнің шекарасы – менің тілімнің шекарасы»* дейтіні. Бұған мынадай мысал келтіруге болатын сияқты. Айталық, Қытайдың Іле қазақ өңірінде тұратын, күнде ана тілінде сөйлесетін қандасымыз бен Еуропада немесе Америкада тұратын көбінесе басқа тілде сөйлейтін қазақтың рухани әлемі, өз ұлтын сезінуінің, сағынуының деңгейі бірдей емес. Әлбетте, Қытайда тұратын қазақы ортадағы ағайын саяси жағынан, азаматтық мәртебесі жағынан толық болмаса да табиғи ортада өзін тіл арқылы ұлттың толыққанды бөлшегі ретінде сезінеді, ал тілдік ортасы тіптен басқа бауырымыздың мұндай сезіну кернеуі аса жоғары емес. Мұнда мәселе – мүлдем отаншылдық сезімде емес, тілдік ортада. Жеке тұлғаның санасындағы осындай басым тілдік модель – оның бар рухани болмысын: этикалық, психологиялық, эстетикалық, саяси, қоғамдық көзқарастарын, осылардың жиынтығы мінезі мен ділін қалыптастырады. Екіншіден, тағы да бір тілге қатысты маңызды факторды атаймыз. Оның маңызы - жеке тұлғаға да, жеке адамдардан құралатын ұлт пен мемлекетке де тікелей байланысты болуында. Ол тілдің генетикалық мәні. Тіл өзінің барша сипатымен көне дәуірлерден бері қалыптасып келе жатқан ондаған, тіпті жүздеген ғасырлық үдерісті басынан кешірген құбылыс болатын болса, демек, ол ұрпақтарды жалғастырушы күретамыр арқау. Сондықтан тілге саясаттың немесе ықпалды ортаның қалауынша кедергілер жасаушы бөгет – ұрпақтар арасындағы осындай табиғи генетикалық байланысқа тосқауыл болуымен бірдей. Ұлттың ұлт болып аталуының өзі оның тілі болуында деген қарапайым тұжырымды қайталасақ, онда әрбір ұлтты өзінің тілдік мәртебесі бар әлеуметтік қауымдастық десе де боларлық. Осы қауымдастықтан адамның тілдік тұрғыдан ажырауы – оның ұлтынан ажырауына бастамақ. Территория, экономика, дін басқа да ерекшеліктер тілсіз ұлттың дербестігі мен даралығын айқындауға дәрменсіз. Оған мысал жетерлік. Жұбан Молдағалиевтің:

*Бүтіндік, бірлік, ерсі боп,
Жатқанда мал-жан еңші боп.
Тіліміз ғана тұрыпты
Еңші боп, әрі еңші боп,
Сол ғана қалған бөлінбей,
Бөліске түсер кезде ондай*



*Сол ғана қалған бөлінбей –
Жүректей, күндей, ождандай, -*

деп келетін өлеңі тілдің төтенше маңызын дәл айғақтап тұрғандай.

Тіл білуді ұжымға байланысты айтар болсақ, онда кеңірек тоқталғанымыз жөн. Тіл қатынас құралы ғана емес, ол ұжымдық сана мен жадтың да үлкен көрінісі. Ұжымдық сананың көрінісі болғаннан кейін тіл сол тілде сөйлейтін азаматтардың мақсат-мүдделерін, тілектері мен талаптарын да ортақтастырады. Ұжымдық сананың үлкен ұстыны ретінде тіл сол мемлекетте өмір сүретін адамдарды саяси, әлеуметтік, моральдық, психологиялық, мәдени, ақпараттық, тіпті философиялық жағынан бірлестіреді, тұтастырады. Мұндай бірлесу мен тұтасу түптің түбінде мемлекетті күшейтеді, азаматтардың ортақ мүдде жолында тізе қосуына мықты алғышарттар жасайды. Бір тілде сөйлесу, ұғынысу әр ұлт өкілдерін бір ортақ мемлекеттік мүдде төңірегінде одан сайын жақындастырады, туыстастырады. Ал ортақ мүдде төңірегіне топтасу мемлекетті іштей бөлінушіліктен, алауыздықтан сақтайтыны түсінікті. Осыдан келіп, мемлекеттік тұрғыдан алғанда мемлекеттік тіл дегеніміз – мемлекеттік саясатты жүргізудің барша азаматтар түсінетін және түсінуге міндетті құралы деген ұғым қалыптасады. Яғни, мемлекеттік тіл ұжымдық сананы басқарушы һәм баулушы құрал. Сол себепті де миллиондардың ақыл-ойына, сана-сезіміне, қоғамдағы орнына, қызметі мен кәсібіне ықпал ететін тілдік ақпарат қай тілде болса, азаматтар да сол тілдің маңызы мен артықшылығын толық сезінеді. Басты тіл ұжымдық санада саналы түрде де, интуитивті түрде де біріншілік пен беделге ие болады.

Сан ғасырлық қазақ тарихындағы маңызды аса ірі мәдени-ғылыми оқиғалардың алғашқысы – Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі. Атаулы ғылыми басқосу Автономиялы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының астанасы Орынборда 1924 жылдың 12-18 маусым аралығында өткізілді. Сиезді Оқу-ағарту комиссариаты ұйымдастырып, онда Орынбордағы, Семейдегі, Оралдағы, Ташкенттегі, Бұхарадағы, Қостанайдағы, Бөкейдегі әртүрлі ұйымдардан 21 адам болды. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Дулатұлы, М.Тұрғанбайұлы сияқты Алаш қайраткерлерінен тартып, сол тұстағы ел алдында жүрген зиялылар қатысты.

Биыл 100 жылдығы аталып өткен тарихи жиын қазақ тілінің жазу ережелерін, әліпби мәселесін, терминология тақырыбын және қазақша білім беру бағдарламаларын талқыға салды. Негізгі баяндамаларды А.Байтұрсынұлы, Е.Омарұлы, Н.Төркеқұлұлы және Т.Шонанұлы жасап, талқылауға барлық қатысушылар белсене атсалысты. Қазақ жазуының нағыз ғылыми негізін тәртіпке келтірген, терминологияның негізгі қағидаттарын қалыптастырған алқалы жиын ұлттық білім мен мәдениеттің тарихында айрықша орынға ие. Осында айтылған пікірлер бүгінде шын мәніндегі әдіснамалық ұстанымға айналды. Тіпті қазақ ғылымының әдіснамалық қайнары осы білімпаздар сиезі болды деуге толық негіз бар деп ойлаймыз.

Журналдың осы санына Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезіндегі Елдес Омарұлының «Жазу ережелері тақырыбты байандамасы» ұсынылып отыр. Ахмет Байтұрсынұлының аса дарынды шәкірті һәм ізбасарының бұл баяндамасы әлі де өзекті. Сондықтан да қазақ тілінің табиғаты, ғылыми-практикалық негіздерін білгісі келетін ойлы оқырмандарды осы асыл мұра қызықтырады деген пікірдеміз.

ЖАЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТАҚЫРЫПТЫ ЕЛДЕСТІҢ БАЙАНДАМАСЫ

Жазу ережелерін тілдің сөз жүйесіне келтіріп, түзетуге болады. Дыбыс жүйесінше де түзетуге болады. Яурыпа қалықтарының көбінде жазу сөз жүйесінше түзелген. Біз білетін орыс қалқының жазуы да сөз жүйесінше, біздің жазуымыз бұл уақытқа шейін дыбыс жүйесінше болып келді.

Жазу сөз жүйесінше болса, туынды сөздер түбірінше жазылады, көмескі дыбыстар, сөздің екпінін сол дыбысқа келтіріп өзгерткенде естілетін түрінде

жазылады. Мәселен, орысша «просьба», «ног», «вода» деп жазылатын сөздер «прозьба», «нок», «вада» болып оқылады. Бұл сөздің жазылуы естілуінен басқаша болатыны орысша жазудың сөз жүйесінше болғанынан: «просьба»-ның «просить»-ке, «ног»-тің «нога»-ға «вода»-ның «воды»-ға ұсап жазылуы үшін орысша жазу, олай болмай, дыбыс жүйесінше болса қиын болар еді. Орысша сөздер өзгергенде түбірімен қопарылып өзгереді. Орысша жазу дыбыс жүйесінше болса, бір түбіріден шыққан сөздердің әрқайсысын өз алдына біріне-бірін ұсатпай естілуінше жазу керек болар еді. Түбірі бір сөздердің сүгіреттері біріне-бірі ұсамай жазылатын болса оны жазуда олай жазылғанды оқу да қиын болады.

Жазу дыбыс жүйесінше болса - әр сөз өзінің естілуінше жазылады. Біздің жазуымыз дыбыс жүйесінше. Бірақ қазақша жазу олай дыбыс жүйесінше болғаннан қиындамайды. Қайта оңайланады. Қазақша сөздер өзгергенде түбірімен қопарылып өзгермейді. Бір түбірге түрлі жалғау, жұрнақтар жалғанып өзгереді. Сондықтан біздің дыбыс жүйесіне келтіріп жазған сөздеріміз түбірлерінен басқаша болып, шықпайды. Қазақша сөздердің, дыбыс жүйесінше жазылғанда түбіріне аз-мүз ұсамай жазылатындары тек «к» пен «к»-ке тынатұн түбірлерден туған сөздер. Ондай сөздерге дауысты дыбыспен басталатын жұрнақтар қосылса «к» өзгеріп «ғ» болады да, «к» өзгеріп «г» болады. Біз ондай сөздерді естілуінше дыбыс жүйесіне келтіріп жазамыз. «Оқ», «жек», «қазақ» сықылды түбірлерден болған «оғы», «жегемін», «қазағы»-лар дыбыс жүйесінше жазсақ «оқы», «жекемін», «қазақы» болып жазылар еді де, басқаша оқылып, басқа мағанада айтылатын сөздермен қатысып кетер еді.

Қазақша жазу жеңіл болу үшін де, дұрыс болу үшін де дыбыс жүйесінше болу керек. Сондықтан біз жазу ережелерін тексеріп, түзегенде, оның дыбыс жүйесінше болуын ескеруіміз керек.

Қазақша жазу ережелері тақырыпты бұл уақытқа шейін ұсынылған түрлі жобалар бар. Біз олардың әрқайсысын өз алдына тексеріп шешуіміз керек. Ол жобаларды тексергенде біздің ұстаған негізгі жолымыз дыбыс жүйесі болуға тиіс.

1. «Х», «ш», «ф», «һ» әріптері қазақ әліббиінен шығарылсын деген жоба бар. Бұл жобаны ұсынушылардың айтатыны «әріп» азайса жазу жеңілденеді және бұл төрт дыбыс төртеуі де қазақ тілінде жоқ. «Ш» мен «ф» дыбыстары («ш»-ның «ж»-дан басқалығы) мүлде жоқ. Бірен саран «ау-хау», «ахау», «аһ», «ұуһ» сықылды одағайлар болмаса «х» мен «һ»-да кездесе бермейді. Білім кеңесі бұл төрт әріпті қазақшаға кіргізгенде «һәм», «харф», «шарт» сықылды жат сөздер үшін кіргізген. Білім кеңесінің онысы қата. Қазақ тіліне жат сөздерді кіргіз-

генде оның жат дыбыстарын бұзбай кіргізуге болмайды. Жат дыбысқа жалпы бұқараның тілі келмейді де, ішінде жат дыбысы бар жат сөз жалпыға жат болып қала береді. Сөйте келе қазақша әдебиет тілі бұқараның тілінен мүлде басқаланып, қат танитын бұқараның біздің жазған сөзімізге түсінбейтүн болады. Ол болмай ойда жоқ бір керемет себептер болып Бұқара оқығандардан қалыспай, жат сөздерді, жат дыбыстары мен бұлжытпай айта алатын болып кетсе қазақтың тілі бұзылады. Мұның қайсысы болғанда жақсы болмайды. Дұрысында қазақ тіліне сіңіп кеткен жат сөздердің ішіндегі жат дыбыстарын бұқара өзінше бұзып дыбыс жүйесіне келтіріп алған, оны тек бұзбай айта-тындар оқығандар ғана. «Хәріф» деуге бұқараның тілі келмейді. Бұқара оны кей жерде «әріп» дейді, кей жерде «қарып» дейді. «Һәм» деген сөзді бұқара тіпті айтпайды. Дұрысында сөзді орысша тізу үшін ғана болмаса «Һәм»-нің қазақ тіліне түк те керегі жоқ. «Ахау», «халалай», «аһ», «үүүһ» бір-екі сөз болғаны үшін әліббиге «х» мен «һ»-ны кіргізу үшін дыбыс жүйесі жағынан керек болғанымен жеңілдік жағынан үлкен шатақ болады. Қазақта «әһ», «мәһ» деген одағайлар да бар, «ыңһы» дейтүнде одағай бар, аттың жүрісін бәсеңдету үшін айтылатын ықылық бар, ондай бірен-саран сөздер ғана кездесетін дыбыстардың бәріне әріп керек десек, әріптің саны 24 емес, 240 болып кетуі мүмкін. Қазақ тілінде «ш» мен «ч»-ның айырмасы жоқ, басқа түріктердің «ш»-сын да, «ч»-сын да қазақ «ш» қылып айтады (көбіне «ш»-ны «с» қылып, «ш»-ны «ч» қылып айтады). Өзімізде «ш» мен «ч»-ның айырмасы болмаған соң оның екеуін де бірдей әліббиге кіргізудің керегі жоқ. Оны жеңілдік те көтермейді. Дыбыс жүйесі де көтермейді. Басқа түріктерден алыстап кетпес үшін «ш»-ның орнына «ч»-ны алған қолайлы. Сөйтіп бұл төрт әріп «х», «ш», «ф», «һ» қазақша әліббиден шығарылуы керек деген жоба қисынды бұл төрт әріп бізде болмасқа керек.

2. Сүйеу таяқ «а» жойылсын деген жоба бар. Сүйеу таяқ өз алдына бір дыбыс белгісі. Оны әліббиден шығаруға болмайды деушілер де бар. Жұбанұлы Құдайберген сөздің басында айтылатын «а», «ы», «ү»-лардың алдында көмескі естілетін дауыссыз дыбыс бар деп оған «амзе» деп ат қойып отыр. Сөздің басында келетін «о»-ның алдында естілетін дыбыс онан басқа кәдімгі жарты дауысты «у» деп, «от», «өгіз», «орақ» сықылды сөздерді «уогыз», «уорақ» деп жазу керек дейді. Сөз басындағы «е»-нің алдындағы жарты дыбыс «й» болады деп «екеу», «ел» сықылды сөздер «йекеу», «йел» болып жазылсын дейді. Дыбыс жүйесінде Құдайбергендікі дұрыс болар (шынында да сөздің басындағы «о», «е»-лердің алдындағы дыбыс «у» мен «й» емес). Бірақ сөздің басында айтылатын дауысты дыбыс пен сөз ортасындағы дауысты дыбыстың айырмасы аз. Ондай айырмалардың бәрін таңбалай береміз десек әрпіміздің саны 240-тан

асып кетуі мүмкін. Ол жазуға үлкен қиындық болады. «Ол»-дың «о»-сы мен, «жол»-дағы «о»-ның басқалығы болса болар-болмас қана, оны да бір аса сергек құлақ болмаса айыру қиын. Сөз басындағы «а» мен сөздің ортасындағы «а»-ның айырмасы да сондай ақ. Ондай айырмаларды таңбалаудың қисыны жоқ. Сондықтан сүйеу таяқты жоғалту керек.

3. «Ы» тақырыпты бітеу буын ережесі бұзылсын, «ы» бар жерінде қалмай жазылатын болсын деген жоба бар. «Ы»-ны сөз басындағы дауысты дыбыстардың алдындағы көмескі дыбыстай көріп, менсінбейтіндер де бар, дұрысында «ы» көмескі дыбыс емес «о», «ұ», «е», «а»-лар сықылды дауысты дыбыс. Қазақ тілінде «ы»-дан жиі айтылатын дыбыс жоқ. «Ы»-ның бітеу буында жазылмай қалатындай түк жазығы жоқ. «Ы»-ны бітеу буында қалдырмай жазатын болғанда, оны жазбай үйренгендерге қиын болатұны ырас, бірақ жеңілдік үшін бар дыбысты (көмескі емес, анық естілетін дауысты дыбысты) жазбаудың түк қисыны жоқ. Ондай жеңілдікке қызығатын болсақ бітеу буында басқа дауысты дыбыстарды да жазбау керек.

Қазақ тілінде «сарқ», «қорқ», «жұлқ», «ұст», «жорт» сықылды көп сөздер бар (бұлардың дауыссыз дыбыстары екеу) арасына дауысты дыбыс салмай жалғанған. «Ы»-ны бітеу буында жазбаған соң бір буынды «сарқ»-ты («сарқады»-ның түбірі) екі буынды «сарық»-қа (қойдың сарығына) ұсатып жазамыз. «Қорқ» пен («қорқады»-ның түбірі «қорық»-дан болған туынды сөз) «жұлқ» пен («жұлқады»-ның түбірі) «үсіт» пен («үсітеді»-нің түбірі) «жорыт» («жорытады»-ның түбірі) бірінен бірінің естілуі де, мәнісі де басқаша бола тұрып бітеу буын ережесі болған соң жазылуы бірдей болып жүр. Бұл үлкен кемшілік. Мұнан құтылу үшін бітеу буын ережесін бұзып «ы»-ны бітеу буында да, ашық буында да қалдырмай жазып отыру керек.

4. «Қ» мен «к» бір дыбыс, «ғ» мен «г» бір дыбыс, «к» мен «к» орнына бір әріп, «ғ» мен «г»-нің орнына бір әріп болса жарайды. «к» мен «ғ», «к» мен «г»-ның жұмсақ түрі, «к» мен «ғ»-ны дәйекшісіз, «к» мен «г»-ні сөздің алдында дәйекші қойып жазатын болсақ, әріптің саны кеміп, жазу жеңілденеді деушілер бар. Дыбыс жүйесі жағынан тексергенде «к» мен «г», «к» мен «ғ»-ның жіңішке түрі деуге болмайды. Қазақ тілінде «к» мен «ғ»-ның жіңішке түрі де жоқ, «к» мен «г»-нің жуан түрі де жоқ. Орыс тілінде «к» мен «г»-нің екі түрі бар: «код», «дуга»-лардағы «к» мен «г» жуан да, «кит», «дуги»-лердегі «к» мен «г» жіңішке айтылады. «Ғ»-ның жіңішке түрі араптың жұмсақ «ғ»-сы «к» мен «г»-ні жоғалтып, олардың орнына сөз алдына дәйекші қойып, «к» мен «ғ»-ны жазу жеңілдік жағынан қолайлы болмайды. «Қаныкей», «қайткенде», «қызметкер», «бірақ» сықылды үндестік заңына келмейтін көп сөздер бар оларды «қаны-кей», «қайт-кенде», «қыз-меткер», «бір-ақ» деп сызықшамен бөліп, бір

бөлігіне дәйекші қойып, екінші бөлегін дәйекшісіз жазып жатқаннан да, осы күнгідей қосып жазған көп жеңіл. Бұл төрт дыбыстың таңбаларын өзгертпей бұрынғысынша төрт әріп арнағанымыз дұрыс.

5. Біздің «ұу», «ыу», «ый» болып бір дауысты дыбыс пен орыстың ұзын «у»-ы мен ұзын «и»-іне ұсатып екі дыбысты бір әріппен жазуды қолайлаушылар бар. Бір сыпыра азаматтарымыздың бұл үшін ұсынып жүрген жобасы: «у» мен «й» дауысты дыбыстардан соң жарты дауысты делінсін де, дауыссыз дыбыстардан соң дауысты делініп, орыстың дауысты «у» мен «и»-інше оқылсын деген жоба. Бұл жобаны ұсынушылар оның дыбыс жүйесіне қисынсыз екенімен таласпайды. Тек солай болса жазу жеңілденеді дейді. Дұрысында бұл жоба жеңілдік жағынан да қисынды бола қоймайды.

Ол жобаны қабыл алсақ: «сұу», «тііу» сықылды сөздерді «су», «тиу» деп жазуымыз керек те, «сұуат», «тііуі» деген сөздерді я естілуінше осы қалыпта жазбақышымыз, я болмаса жеңіл болсын деп «суат», «тиуі» деп жазбақышымыз. «Сұуат», «тиіуі» деп жазсақ сөз өзінің түбірінен басқаша болып жазылады. Сөздің түбірінде жоқ дыбыстардың сөз өзгергенде қайдан келгенін балаларға түсіндіру керек болады. Оны оқушыға түсіндіре қоюда оңай жұмыс емес. Және туынды сөз түбірінен басқаша болып жазылады. Сөздің түбірінде жоқ дыбыстардың сөз өзгергенде қайдан келгенін балаларға түсіндіру керек болады. Оны оқушыға түсіндіре қоюда оңай жұмыс емес. Және туынды сөз түбірінен өзгеше қылып жазуда оңай болмайды. «Сөз» деген сөзді дәйікшемен жазып үйреніп кеттік «сөзден» деген сөзді жазғанда да қаталасып алдына дәйікше қойып алып «д»-дан соң да «е» бар екенін білген соң барып түзетеміз. «Сұуат», «тиу» деп жазсақ сөздің ішінде ап-анық естіліп тұрған «сұуат»-дағы «у» мен «тиуі» дегендегі екі «і»-нің неге жазылмайтынын түсіндіріп бермей бұл сөздің сүгіреті осылай болады дегенге оқушы қанағаттанбайтын болады. Бұл жобаны қуаттаушылар дәлелге латын жазуын ұстап, баяғыда латынша сондай ереже болған дейді. Латын әрібіне қызыққанмен жазу ережесін ойламай үлгіге алу орынсыз. «Латын» әліббинде дауысты «ы» мен «ұ»-ға арналған әріптері жоқ. Тілінде «сұуат», «тиуі» сықылды сөздердің болмауы мүмкін, сондықтан латынның «й» мен «у» тақырыпты ережесі бізге үлгі бола алмайды.

Және «сұуат», «тиіуі»-лерді «суат», «тиуі» деп жазатын болған соң дыбыстары дәл солай болып тізілген «жұуан», «іііні» сықылды сөздерді де жеңілдетіп «жуан», «ііні» деп жазуымыз керек, «Сұуат» пен «тиіуі»-лерді түбіріне ұсатамыз деп «суат», «тиуі» дейді екенбіз «жұуан» мен «іііні»-нің де түк жазығы жоқ қой. «Тиуі»-ні «ти-у-і» деп бұуындап үш буынды сөз дей алғанмен (дұрысында мұндағы «у»-ды өз алдына бір буын деуіміз латыннан қызығып

алынған ережеге де көнбей шығады. «У»-дың алдындағы дыбыс дауысты ұзын «и» болған соң «у» жарты дауысты дыбыс болуға тиіс), «ині»-ні үш буынды сөз дей алмаймыз, - үш буынды «іііні»-ні «ині» деп жазған соң оны «и-ні» деп қана буындайтын боламыз. Қазақша «ііін» деп те айтады, «ин» деп те айтады, «ііін» деп жаза алмай тек «ин» деп қана жазатын болған соң «ііін» деген сөз қағазға түспейтін бір түрлі ерсі сөз болып қалады. Я болмаса ондай сөздерді жазу үшін тағы да бір өзгеше ережелеріміз болуы керек. Ереже көбейген соң, әсіресе тілдің заңына келмейтін ережелер көбейген соң, жазу қиындай бермек.

Түбінде баланы амырыйкеше оқытатұн боламыз, мұнан соң сөзді буындаудың керегі болмайды деушілер бар. Олай болғанда буыннан құтылу мүмкін емес. Қазақтың әндетіп айтатұн өлеңдері болады, өлеңнің ұйқасуы бұуынмен болады. Өлең болып тізілген сөздердің бұуыны тиісті саннан артық я кем болса, өлең болмай шығады.

Қаршыға сөзін естіп

Жібек енді түйінді

Асыл киім киінді, - деген өлеңнің «асыл киім киінді» деген жолындағы буындардың саны 7, «кіім»-ді «ким» деп, «киінді»-ні «кинді» деп жазсақ, ол екеуі де үш-ақ буын болады да 7 буынды жолымыз 5 буын болады. «Ы»-ны бітеу буында жазатын болған соң «киімді» «киім» деп жазып, «киім» деп буындаймыз десек сөзді үзіп буындайтын боламыз. Оны қазақ тілінің үздіксіз қасиеті көтермейді. Өлеңді әнге салып айтқанда «кінім» анықталып, «кінім» «кінінді» «кі-иін-ді» болып буындалады.

Сондықтан «кіім»-ді «ким» деп жазған соң оны буындағанда «й» екі бөлініп кетеді деген тағы бір шатақ ережеміз болуы керек. Шатақ көбейген сайын жазу қиындай береді. «Ұу» мен «ыу»-дың естілуі бірдей сондықтан мұның екеуін бірдей қылып «ұу» деп жазған жеңіл болады деушілер бар (Манайұлы Нұғман, Бегалыұлы Ғали). «Қарыу», «келіу», «ііу»-лерді «бұу», «жұу»-ларға ұсатып «қарұу», «келұу», «ііұу» деп жазсақ жазудың жеңілденетіні рас. Олай болғанда «қаруы», «келіуі», «ііуі»-лерді «қарұуы», «келұуі», «ііұуі» деп жазуымыз керек. «Ы» мен «ұ» көбіне көмескіленіп бірдей болып естіледі. Көмескі естілген жерде олардың бірінің орнына бірін жазғаннан зор кемшілік болмас деп жоруға болады. Бірақ «ы» мен «ұ» бітеу буында көмескі болғанымен, ашық буында бірінен бірі айырылып шығады. «Келіуі» деген сөздегі «л» нен соңғы дауысты дыбыс «ұ» емес «ы» екені ап анық. Сондықтан оны «келұуі» деп жазу қата болады.

Дұрысында жат елдің жазуына еліктеушілерге болмаса, жасынан бастап оқығанда қазақ тілінде оқып үйренген кісіге «ұу»-дан, «ыу»-ды айырып

жазудың да, «ый»-ды «й» демей дұрысынша жазудың да еш қиындығы болмасқа тиіс.

6. «Б», «д», «ғ», «г» дыбыстары, артында дауысты дыбыс болмаса, тұйықталып «п», «т», «қ», «к» болып айтылады. Тұйық буынның соңғы дыбысы ешуақытта «б», «д», «ғ», «к» болмайды, «п», «т», «қ», «к» болады. Тұйық буын ашылып, бұл дыбыстарға дауысты дыбыс жалғанса «п», «қ», «к» дыбыстары өзгеріп «б», «ғ», «г» болады. Бірақ «т» өзгеріп, «д» болмайды. Сол «т» күйінде қалады. «Қазақ», «қалмақ», «төк» деген сөздерді өзгертіп «қазағы», «қалмағы», «төгеді» деп «қ», «к»-терге дауысты дыбыс жалғасақ «қ» өзгеріп «ғ» болады, «к» өзгеріп «г» болады. Бұларды дыбыс жүйесіне келтіріп естілуінше жазамыз. «Қап», «тап», «топ» деген сөздердің аяғындағы дыбыстары «п», бұларды өзгертіп «қабы», «тобы», «табады» десек, «п» өзгеріп «б» болады. Артынан дауысты дыбыс түскенде «б» болып шығады. Бұл дыбыстардың әсілі «п» емес, «б» болуға тиіс деп «қап», «топ», «тап» -тарды «қаб», «тоб», «таб» деп, «б» мен жазамыз. Бұнымыз дыбыстың асылын зерттегеніміз. Бірақ бұлай жазу дыбыс жүйесінде жеңілдік жағынан да қолайсыз.

«Тап» тағы «п»-ның асылы деп «б» деп, оны «б» мен жазған соң «төк»-тегі «к»-ні «г» қылып «төг» деп жазуымыз керек еді. «Қ», «к», «к»-нің ережесі бір-біріне үйлеспейді. «Қ», «к»-нің ережесі дыбыс жүйесіншеде, «п»-ның ережесі асылын зерттеумен болған, «қ», «к»-нің ережесі жеңіл де, «п»-ның ережесі қиын. «П»-ның ережесі асылын зерттеу жағынан дұрыс болып шықпайды.

«Желп», «серп», «үрп» сықылды, «п» дыбысы артынан дауысты дыбыс жалғағандада өзгермей «п» болып қала беретін сөздерде бар. Олар «желпемін», («желбемін» емес), «серпеді», «үрпі» болып өзгереді. «П»-ның ережесінше «желп», «серп»-терді «п» мен жазамыз да, «қап», «топ»-тарға «б»-ны жазамыз. «П» мен «б»-ның асылын айырамыз, бұл дұрыс емес. Тұйық буынның соңындағы «қ», «к», «п»-лар екі дауысты дыбыстың ортасына түскенде ғана «ғ», «г», «б» болып өзгереді. Бұлардың алдындағы дауыссыз дыбыс болса, артынан дауысты дыбыс жалғағанмен өзгермейді. «Қорқ», «үрк»-тердегі «қ», «к»-нің алдындағы дыбыс дауысты емес, сондықтан олардың артына дауысты дыбыс жалғағанмен өзгермейді. «П»-ның өзгеріп «б» болуы, дәл «қ» мен «к»-нің «ғ», «г» болуы сықылды, сондықтан бұлардың ережелерінде басқалық болмауға тиіс. «П»-ны да дыбыс жүйесінше жазуымыз керек.

7. «Тіл - құрал»-да қазақ тіліндегі дыбыстар: 1-дауысты, 2-жартылай дауысты, 3-дауыссыз болып үш тапқа бөлінген де дауыссыз дыбыстар: қатаң, ұяң болып тағы екіге бөлінген. Ұяң дыбыстар: ымыралы, ымырасыз болып және екіге бөлінген. Қазақша дыбыстарды бұлай жіктеудің қолайсыз жері бар: «р»

мен «л» ымыралы дыбыстардың ережесіне келмейді. Сөздің соңғы дыбысы «з» мен «ж» болғанда «л» мен басталатын жалғау, жұрнақтар «д» болып өзгереді де, «м» мен басталатын жалғау, жұрнақтар «б» болып өзгереді: «тұз»-«тұздық», «ұзды», «тұздар», «аз», «азбын», «азбыз», «қаз», «қазба», «қазбақ» болады. Сөздің аяғы «р» болғанда жұрнақ, жалғаулардың басындағы «л» мен «м»-лар сол күйінде («д», «б» болмайды) қалады. «Қар», «қарлы», «қарлар», «жүр», «жүрмін», «жүрміз», «жүрмек» болады. Сөздің аяғы «л» болғанда «м» мен басталатын жалғау, жұрнақтардың «м»-ы «б» болып өзгермейді. «Ұл», «ұлмын», «ұлмыз». «Кел», «келме», «келмек» болады. «Л» мен басталатын жалғау жұрнақтардың «л»-ы, «д» болып өзгереді. «Қол», «қолдар», «қолда», «қолдық» болады. Ымыралы атанған төрт дыбыстың қасиеті үш түрлі болады. Дыбысты тапқа бөліп жіктегенде, әр таптың ортақ ережесі болуы керек. Әр таптағы дыбыстардың ортақ қасиеті болуы керек.

Дыбыстардың мектеп үшін керек қасиеттері: сөздің аяғындағы дыбыстың жұрнақ, жалғау, демеу, жалғаулықтарға тигізетін салдары болуға тиіс.

Қазақша дыбыстарды бұл жағынан тексергенде бұлай жіктеген қолайлы:

I. Дауысты: а, о, ұ, ы, е;

II. Жарты дауысты: у, й, р;

III. Дауыссыз:

1-қатаң: б, п, т, ч, д, с, ғ, қ, к, г;

2-ұяң: м, н, ң;

3-ымыралы: ж, з;

4-ымырасыз: л.

Қазақша дыбыстарды бұлай жіктесек, демеу, жалғау, жұрнақ жалғаулықтар тақырыбты ережелеріміз тұрлаулы болады. «Л»-ны жеке қалдыру ерсі десек: оны ымыралы дыбыстарға қосып «мын», «мыз», «ма», «мақ», «мен» сықылды жалғау, жұрнақ, жалғаулықтар сөз аяғы «л» болғанда «бын», «быз», «ба», «бақ», «бен» болып өзгермейді. «М» мен басталған күйінде қалады деген ескерту керек болады. «Л»-ды жарты дауысты дыбысқа қосуға болады. Үйткенде «л» қосарланып шықпау үшін, сөз аяғы «л» болғанда «л» мен басталатын жалғау, жұрнақтардың «л»-ы, «д» болып өзгереді ескертуіміз керек.

8. Қазақ тілінде артықша ымыра бар: қазақ тілін басқа түрік тілдерімен салыстырып тексерсек, қазақ тілі жат тілдердің ықпалынан аман сақталып, еркінше өсіп алға кеткенін көреміз. Басқа түріктерде дыбыс қазақша дыбыстарға ұсап, тапқа бөлінбеген. Мәселен ноғайларда жалғау, жұрнақтар түбір сөздің аяғындағы дыбыспен қазақ тіліндегідей ымыраласпайды. Ноғайша «арба»-«арбаның», «арбаны»-«арбалы»-«арбалар» болып өзгереді. Аяғындағы дыбысы қатаң «ат» да солай «атның», «атны», «атлы», «атлар» болып өз-

гереді. Қазақ тіліндегі жалғау, жұрнақтар түгел, демеу, жалғау сықылды бүтін сөздер алдындағы сөздердің соңғы дыбысымен ымыраласып өзгеріп отырады. Тіліміздің бұл қасиетін ескерусіз қалдыруға болмайды. Қазақша дыбыстарды тілдің осы қасиетіне келтіріп, тап-тапқа бөлген соң жазу әр әріптің өзінің меншікті қасиетін бұлжытпай көрсетіп отыруға болуға керек. «М» мен басталатын жалғау, жұрнақтар ымыралы дыбыспен тынатын сөздерге жалғағанда «б» мен басталып жалғанады. «Мын», «мыз», «ма», «мақ»-тар «бын», «быз», «ба», «бақ» болып өзгереді. Бұлар сөздің аяғы қатаң дыбыс болғанда, басындағы «м»-ы, «б» болып өзгермейді, «п» болып өзгереді. Сондықтан қатаң дыбыспен тынған сөздер «м» мен басталған жалғау, жұрнақтармен қосылғанда жалғау жұрнақтардың «м»-ы «б» болып өзгермейді, «п» болып өзгереді деп, оларды дыбыс жүйесіне келтіріп, бұрынғыдай «б» мен жазбай «п» мен жазуымыз керек. «Жұртпыз», «ақпын», «бүкпе», «төкпе», «еппен» сықылды сөздерді бұрынғыдай «б» мен жазбай естілуініше «п» мен жазу керек.

Жарты дауысты дыбыстар мен ымыралы дыбыстарға «д» жазып жалғаймыз. Бұл да қисынсыз ереже. Қатаң дыбыстардың көрініп тұрған қасиетін ескермеудің жөні жоқ. Сөздің аяғы қатаң дыбыс болғанда оған жалғанған жалғау жіктеудің «т»-сын «д» қылып өзгертпей, «т» қылып жазу керек. Бұрынғыдай «атдың», «атды», «атда», «атдар» демей, дыбыс жүйесінше «аттың», «атты», «атта», «аттан», «аттар» деп жазу керек. «Ішдім», «ішдің» демей «іштім», «іштің» деп жазу керек. «Дыкі», «дағы», «дай» сықылды жұрнақтар, «да» сықылды демеулер қата дыбысқа жалғағанда дыбыс жүйесіндегі «тыкі», «тағы», «тай», «та» болып жазылуы керек. «Аттыкі», «аттағы», «аттай», «ат та, арбада керек» делініп жазылуы керек.

9. Демеу, жалғаулардай мағанасыз болғанмен, олардай алдындағы сөзбен бір болып жалғанбайды, өз алдына бөлек сөз болып тұрады.

«Атда жал бар, өгізде мүйіз бар» дегенде «ат» бен «өгіз»-ге жалғанған «да»-жалғау: «атда», «өгізде» деген сөздердің екпіндері «д»-дан соңғы «а» мен «е» де, «өгізле» деген екі сөз болса «г» ден соңғы «ы»-да да екпін болар еді. «Ат да көлік, өгіз де көлік» дегенде «ат да» да екі сөз, «өгіз де» де екі сөз болады: «ат»-тың екпіні басындағы «а» дада, «өгіз»-дің екпіні «г»мен «з»-дың арасындағы «і»-да. Сондықтан демеу жалғаулықтарды алдындағы сөз бен қосып жазуға болмайды. Арасына сызықша қойып жазылудыңда керегі жоқ. Бірақ кейбір демеулер түбір сөзбен жалғаудың арасына кіріп кетеді, ондада түбір екпіні өзгермей бөлек сөз болып тұра береді. Ондайда түбір тұқыл сөзды бөлек жазып, жалғауды демеуге қосып жазған дұрыс болады. «Жақсы мысын», «жақсы ақ бысын» деп жазу керек.

10. Қазақ тілінде «дікі», «кер», «қор» сықылды үндестік заңына келмейтін жұрнақтар бар; олар түбір мен бір сөз болып жалғанады. «Дікі», «кер» лер жуан, сөзге жалғанғанда, жіңішке болып жалғанады; оны қосып жазған да, сөздің ішінде жұмсақ «е» мен «к» болған соң, ережемізше түбірді де жұмсақ қылып оқымыз керек болады.

Жазудың тұрлаусыздығын жойыу үшін, үндестік заңына келмейтін жұрнақтар «к», «е» дыбыстары жоқ жұмсақ сөздерге жалғанғанда, сөздің алдына дәйекше қойып отыруымыз керек; сонда ондай жұрнақбен қосылып жазылған түбірдің алдында дәйекше болғанда (яа өзінің ішінде «е», «к», «ге» болғанда) жұмсақ қылып оқымызда, - түбірдің ішінде «е», «к», «г»-леріде жоқ. Алдында дәйекшесі де жоқ болса, - жууан қылып оқытұн боламыз; «тор» - жууан сөз, «төр» жіңішке сөз, бұларға «дыкі» деген жұрнақты қосып жазғанда, бұрын екеуін де бірдей қылып, «тордыкі» деп жазатын едік. Мұның түбірі жуаны «тор» ма, жіңішке «төрт» ма оны жазудан айыруға болмайтын, енді түбірдің дәйекшісін қалдырмай жазатын болсақ, ол екі сөздің екеуін де екі түрлі қылып, жуанын дәйекшісіз «тордыкі» деп, жіңішкесін «төрдікі» деп дәйекшімен жазатын боламыз. Үндестік заңына келмейтін жұрнақтардың ішінде «паз», «уар» сықылды жұрнақтар бар: бұлардың дыбыстары «дыкі», «кер», «қор» сықылды бір түрде айтылатын дыбыстар емес («к», «е» тек жіңішке түрде айтылады да, «қ» жуан түрде айтылады), жуан да жіңішке де түрде айтылатын («п», «а», «з», «у», «р» сықылды «паз» бен «уар» дағы дыбыстар жуан да, жіңішке де айтылады), мұндай жұрнақтармен жалғанған сөздердің де дәйекшісін қалдырмай жазу керек. «Атпаз», «аспаз» сықылды сөздердің түбірі де жуан, сондықтан бұларды дәйекшісіз жазамыз. «Білімпаз», «сөзуар» сықылды сөздердің түбірлері жіңішке - оларды дәйекшімен жазамыз. Бұлардың («білімпаз»-дың) жұрнағы жұмсақ. Түбірге қосылған соң (сөз алдында дәйекші тұрған соң) жұмсақ оқылуға тиіс деп жоруға мүмкін. Бірақ қазақ тілінде сөздің соңғы дыбысы еш уақытта жұмсақ «ә» болмайды, я «е» болады, я қатты «а» болады. Сондықтан «білімпаз», «сөзуар»-лардың алдына дәйекші болғанымен соңғы буындарындағы «а»-дарын жұмсақ қылып оқуға болмайды. Бұлардың алдында дәйекші болғанымен ол дәйекшінің әсері түбірден асып ішінде «а»-сы бар жұрнаққа тимейді сондықтан «сөзуар», «білімпаз»-дардың түбірін жұмсақ оқып, «уар», «паз»-дарын қатты қылып оқитын боламыз.

11. Өткен жылы білім кеңесі: етістіктің 2-інші жақ жіктеуі «сын» болмай, «сын» болсын деп еді (оқисын), жазасын. Мұның дұрысы «сын» болуға тиіс. Қазақтың көбі «сын» дейді. Жана: «сыңның», «сыңыз» дейтін сыпайы түрі бар («оқисыңыз», «жазасыңыз»). Сондықтан етістіктің 2-ші жақ жіктеуі «сын» емес, «сын» деп білуіміз керек.

БЕКЖАН ӘБДУӘЛИҰЛЫ

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы*

**ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КӨНЕ
ТҮЛҒАЛЫ АНТРПОНИМДЕРДІҢ ДАМУ ЭВОЛЮЦИЯСЫ**

Қазақ антропонимдерінің туып, қалыптасу тарихы ұзақ мерзімді қамтиды. Тіпті қазақ этнонимі пайда болмай тұрып, осы ұлттың негізін құраушы жұрттың есімдерінің болғаны жазба тарихтан, сонымен қатар шежірелерден белгілі. Демек, бұлардың қалыптасу негізін қазақ этнонимінің ішінде емес, оны құраушы элементтер ретінде қарастыруымыз керек. Басқаша айтар болсақ, дәстүрі мен шаруашылығы, тілі мен ділі ортақ Ұлы далада тайпалары өзінің пайда болған күнінен бастап, бүгінге дейінгі даму барысында сан түрлі сұрыптаулардан өте отырып, ортақ сипаты қалыптасып, белгілі бір тұтастыққа ие болды. Тілдің даму заңдылықтарына сай, сол ұзақ тарихы барысында есімдері де қалыптасты, көнеріп сөздік қор құрамынан шығып қалғандары да, жаңадан пайда болғандары да бар. Арғы тарихымыздан жеткен көне тұлғалы антропонимдер сөздік қорымызда көптеп саналады, тілдің тарихы үшін олардың әрқайсысы аса маңызды. Олар тарихилығымен, өткен мен бүгінді сабақтастырушылық қызметімен ерекше.

Көне тұлғалы есімдердің табиғатын тереңірек тану оған қатысты тілдік және тілден тыс факторларды зерделеуді қажет етеді. Тілдік талдаулар арқылы қазақ есімдерінің құрылымдық жүйесі мен дыбыстық ерекшеліктеріндегі ұлттық элементтер айқындалады; ал тілден тыс факторларды саралау барысында олардың өн бойынан қазақ халқының басынан өткен тарихын – қилы күндердің белгілерін; дәстүрлі мәдениет тарихының мазмұнын; есте жоқ ескі күндердің баянын зерделейміз. Соңғы мәселе өте өзекті, әрі оның сырларын ашудың маңызы да зор. Себебі, «есте жоқ ескі күндер» деп дәл мерзімін анықтап беру қиын уақытты айтып отырмыз. Сол белгісіз дәуірлерден жеткен есімдер мазмұнында түркі, моңғол тілдес, тіпті алтай тілдес халықтар (мүмкін тайпалар) тілінің ара жігі алыстап кетпей тұрған кездерден хабар тартатын деректер кездесуі мүмкін. Бұл талдаудың маңызды болатын тағы бір себебі, кісі аттарының тіл тарихындағы орнының қаншалықты тереңде жатқанын анықтауға жол ашады.

Көне тұлғалы антропонимдер бүгінгі күнге екі түрлі жолмен жетіп отыр: бірі – *көне түркі жазба мұралары арқылы*. Бұлардың ішінде дыбыстық формасы өзгеріссіз сақталғандары және көмескі тартып, белгісіз жағдайға жеткендері де кездеседі. Екіншісі – *тілдегі қолданыс арқылы*. Бүгінде тұлғасы көнеріп, мағынасы көмескі тартқан. Енді осылардың әрқайсысына жеке тоқталайық.

Жазба ескерткіштер тілінде сақталған есімдер. Олардың ішінде дыбыстық формасы өзгерген және өзгеріссіз жеткендері де бар, сондай-ақ күрделі тұлғалылардың құрамындағы компоненттер түрінде сақталып қалғандары да аз емес. V-XII ғасырларға тән ескерткіштерде Анар 'Анар' (43), Аяз 'Аяз' (27), Ағйү 'Арық' (52), Алтмiш 'Алпыс' (40), Буура 'Бура' (120), Бузауи 'Бузағу' (130), Ыпанч 'Илан' (209), Јорčiq 'Жолшы' (274), Күсәміш 'Көксеген' (274)¹ т.б. секілді біршама есімдер кездеседі. Бұлар қазіргі қазақ есімдерінің қорында да сақталған. Берілген есімдердің дыбыстық тұлғасынан көріп отырғанымыздай, бірнешеуі өзгеріссіз сақталса, бірнешеуі аздаған өзгеріске түскен, алайда мағынасын таңуға болатындай дәрежеде, ал үшіншілеріне арнайы этимологиялық талдаулар жүргізу қажет етіледі. Сол секілді жазба ескерткіштер арқылы, қазіргі есімдер арасында қолданылу белсенділігі жоғары **Ақ** 'Ақ' (Ақжан, Ақбаян, Ақнұр т.б. секілді есімдерге негіз болған) **Ай** 'Ай' (Айбек, Айнұр, Айғали, Айболат т.б.), **Бек** 'Бек' (Бекболат, Бектай, Бекбау, Бектұр т.б.) секілді компоненттердің сол көне V – VIII ғасырларда-ақ қолданылғаны белгілі болып отыр. Сонымен қатар, Бектұр, Бегарслан, Бегбарс, Бегтемір, Бектурмыс (Бектұрған), Барсбег (Барысбек) т.б. секілді есімдердің құрамындағы кей дыбыстардың өзгерісі болмаса, қазіргі есімдерден айырмашылығы жоқ және олардың екі компоненттен бірігіп жасалуының өзі антропонимжасамдық тәсілдің бұл түрінің көне замандардан жеткенін көрсетеді.

Ауызша сақталып жеткен көне тұлғалы есімдер. Қолданыс арқылы бүгінге жеткен есімдердің арасында да мағынасы көмескі тартқан есімдер кездеседі. Бұл есімдердің этимологиясына талдаулар жасағанда, қазіргі кезде дербес қолданылатын түрлі есімдердің бір негізден тарайтынын анықтауға мүмкіндік береді. АЛҒАДАЙ есімін мысал ретінде алып, талдаулар жасап көрелік. Түрлі сөз тұлғалардың жасалуына негіз болған «ал» түбірінен тарайтын кісі есімдерінің шығу уәждерін зерделегенде «алға» және «алу, бағындыру» секілді екі мағына белгілі болды. Сөз таптары тұрғысынан алғанда алға – бағыт мәнді (барыс тұлғалы зат есім) сөз де, алу – етістік, алайда бұл қазіргі сипаты. Ал қиынға салып қарағанда біріншісінде де қимыл мәнді ақпарат байқалады, демек екеуінің арасында мағыналық байланыс бар. Кісі есімдеріне негіз болған сонымен қатар «алдыңғы, алғашқы» мағынасындағы үстеу тұлғалы сөздер

¹ Мысалдар көне түркі сөздігінен алынды (Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, 1969. – 677 стр.)

бар. Үшеуі де антропонимжасамдық уәж шарттарына сәйкес келеді. Енді осылардың кісі есіміне айналуына негіз болған мағыналарының көнеден бүгінге дейінгі даму эволюциясына тоқталып көрелік. Бұл талдау барысында, екінші жағынан, сөз таптарының қалыптасу жолдары да көрініс береді.

I Алғашқы, бірінші мағынасы. Бұл мағына қарашай-малқар тілінде: Ал 1) алдыңғы: **ал аякъ** алдыңғы аяқ (Карачаево-балкарско-русский словарь, 1989). Қазақ тілінде «алжапқыш, алшалғыш» сөздерінің құрамында сақталған Кісі есімдерінің құрамында: *татар есімдері*: **1. Алғай** ‘тұңғыш бала’, **2. Алғыр** 1) ‘алдыңғы қатарлы, алғыр; 2)’ шапшаң, ширақ, жылдам’. **3. Алдан** ‘тұңғыш бала’. *Қазақ есімдері*: **1. Алға** ‘баланың келешегі зор болсын, өмірде алда жүрсін деген мағынада берілген есім’. **2. Алғатай** ‘алғашқы, тұңғыш, бақытты бала мәніндегі есім’.

II Алғашқы, шабуыл, жауынгерлік мағынасы. Бұл мағыналық аяғамынандай сөздер топтасады: *көне түркі тілінде* AL- (Ал-) 1. Күштеу, тартып алу: *kişig tut[t]um aldım küşin jarmaqim men адамдарды ауладым (тұтқындадым), күшпен ақшаларын тартып алдым* (ДТС: 32); 2. Басып алу, жаулап алу, талқандау: *tanut bodunıy buzdım oylın ju[tuz]in jılqisin barımın anta altım* Таңғұт халқын талқандадым, ұлдары мен қыздарын, малы мен барын (байлығын) сонда алдым (олжаладым) (ДТС: 32). Бұл мағына XVI-XVII ғасырлардағы жазба мұралар тілінде де сақталған. Қадырғали Жалайырдың «Жамиғ-ат тауарих» еңбегінде «Ал – *ет*. Алды – *алды, өзіне қаратты* (бағындырды Б.Ә.)». Әбілғазы Баһадүр ханның «Түрік шежіресі» еңбегінде: «Ал *ет*. Алды – бағындырды, өзіне қаратты» мағыналарында қолданылған. Э.Севортян А:л түбірінің өзі қарастырған еңбектердегі түркі тілдерінің барлығында 1. қулық; 2. өтірік; 3. стратегия; 4. тәсіл мағынасында жұмсалатынын айтады. Осылардың ішінде «стратегияның» алға сөзімен байланысын назарға алуға болады. К.Қайыржанның «Сөз – сандық» еңбегінде «**Ал сын, көне**. Қорқынышты (албасты сөзі осы «ал» сөзімен байланысты); өр, даң * алкеуде (өркөкірек, омырау соқты, даң кеуде). **Алғадай зат.** көне белгілі адамның жекпе-жегімен басталатын ұрыс үрдісі. **Алғай зат.** көне Жау, алашы → Жәукен * Алдын тосып алғайдың, шаңын қосып шалғайдың (“Жорық жыры”). Кісі есімі ретінде: **Алғыр** ‘өжет, ер жүрек, батыл, жүректі’.

Осы талдаулардың барысында ілгеріде аталған есімдердің арасында, антропонимдік уәж тұрғысынан өзара байланыстың бары айқындала түседі. Түпкі тегі «а» семасынан бастау алатын *а:дым, а:зақ, а:йақ* сөздері де ал- түбірімен байланысты. Әу баста қазіргі тілміздегі «**А дегенде**. Әуелде, алғашында» деген мағынадан өрбісе керек. Арғы тегі адамның алғашқы эмоциясын білдіретін одағай сөздердің қатарына жатады. Осыдан келіп *зат есім, сын есім, үстеу*,

етістік секілді үш тарау мағына қалыптасқан. Бірішісі (зат есім) – адақ (адым, аттау), азақ, айақ сөздері; екіншісі (үстеу) – «ал» түбірінен тарайтын алғашқы, алдыңғы, бірінші; үшіншісі (етістік) – алу, алғыншы (алушы, жаулап алушы); төртіншісі (сын есім) – үрейлі, өркөкірек. Осы талдаулар барысында **Алға, Алғай, Алғыр, Алғатай, Алғадай, Алдан, Алдыоңғар** т.б. секілді антропонимдердің түпкі морфемалары бір негізден тарайтыны белгілі болып отыр, олар бір-бірімен нәзік антропонимдік тін арқылы жалғасады.

Көне тұлғалы антропонимдердің табиғатындағы үшінші бір ерекшелік – семантикалық сабақтастық. Дыбыстық формасы жаңа болғанмен, көбінің мағынасы көнеден келе жатқан ат қою дәстүрінің негіздерін сақтаған. Мысалы, перзенттің амандығын тілеп қойылған Итбай, Барақ т.б. кейінгі замандарда Тұрар, Тоқтар, Амандық т.б. секілді есімдермен алмасты. Апеллятивтік мағынасы мен дыбыстық формасы өзгергенмен, қойылу уәждері ескі мен жаңаға ортақ. Біршама есімдердің мағынасы мен қойылу уәждерінде негізінен осы секілді көненің элементтері сақталады.

Заман өзгерген сайын керісінше дыбыстық формасы сақталып, мағынасы жаңаша сипат алған есімдер де бар. Тарғын, Қараман, Қамбар, Қосай т.б. секілді көне тұлғалы есімдер қазіргі қолданысымызда да кездеседі. Алғаш есім ретінде таңдалу себептері белгісіз, қазір көпшілік үшін бұлар қазақ батырларының есімдері. Қазіргі кезде олар балаға «батыр, ел қорғаны немесе көшбасшы болсын» деген тілекпен қойылады. Жаңаша мәнге, мағынаға ие болған, алайда тұлғасы көне түрінде қалған. Бұлай болатыны бастапқыда олар белгілі бір мағынада, мән беріле қойылғанмен уақыт өте келе тек дыбыстық тұлғасын сақтап, атауыштық қызметке ауысқан. Көп жағдайда прецеденттік немесе прототип есім ретінде өмір сүре бастайды. Мұндайда сөз өзінің есім ретінде таңдалған бастапқы мағынасынан алшақтап, дыбыстық тұлғасы белгісіз күйге жеткенімен, есім ретіндегі өмірін жалғастыра береді. Оларды этимологиялық талдаулар арқылы қалпына келтіруге болады.

Соңғы ғасырларда пайда болып, антропоним ретінде тілімізде нормаға айналған Бауыржан, Қайрат, Серік, Жомарт, Жеңіс секілді ерлердің, Әсем, Әсел, Айгүл, Айнұр, Айзада, Әйгерім т.б. секілді қыздардың есімдері бар. Даму эволюциясынан тарихи негіздерді анық байқаймыз, ал жаңа заманда пайда болғандарының көпшілігі – тарихи негізбен байланысын үзбей жаңаша жаңғырған тұлғалар. Көне замандардан қыз балаға нәзіктік, ибалылық мағынасындағы есімдер қойылған. Т.Жанұзактың қазақ есімдерін дәуірлерге топтастыру бойынша зерттеулерінде бірінші дәуірге (V-VIII ғасырлар) тән есімдер қатарына Арыстан, Бұқа, Бөрі; Айсұлу, Айкүн, Кұнай, Сұлу т.б. жатқызады. Араб, парсы тілдерімен байланысқа түскен дәуірлерден бастап көркем мағынадағы есім-

дерді қою өзінің жалғасын тапты. Бұл мәселеге тарихи тұрғыдан зерттеу жүргізген ғалымның еңбектерінде екінші кезеңде қойылған есімдер қатарында Лағұл, Маржан, Жібек, Торғын т.б. секілді көптеген есімдер кездеседі. Жаңа заманға сай қойылып жатқан нәзіктік, сұлулық, ибалылық мәніндегі есімдерге уәж болған да көнеден келе жатқан осы дәстүрлі ұстаным. Ұлттық танымның аясында, көркем ойдың жемісі ретінде қолданысқа енген Аман, Айсұлтан, Айтуған, Ақболат, Әлинұр, Елжан, Қанат; Айгүл, Ботагөз, Арман, Әсем, Әсел, Айжан, Айдана, Ақнұр, Аружан т.б. есімдер көптеп саналады. Барлығы қазақ есімдерінің құрамына енген жаңа тұлғалар, алайда бұлардың да мағыналық жағынан алғанда көнемен сабақтастығы сақталған. Көненің де, жаңа тұлғалардың да мағыналарында ерлерге тән батырлық, ерлік, көшбасшылық, әйелдерге тән сұлулық, нәзіктік туралы ақпараттар қамтылған. Көне тұлғалы антропонимдер мен қазіргі қолданыстағы нұсқаларының арасында құрылымдық және мағыналық жағынан байланысы ілгеріде аталған жолдармен сақталып келеді. Осы байланыс «қазақ есімі» деген ұғымның өзегін құрайды.

Қазіргі зерттеушілер тарапынан айтылып жүрген пікірлерді жинақтасақ та, кісі есімдерінің лексика-семантикалық табиғатында көне мен жаңаның арасын жалғап тұратын алтын арқаудың бары байқалады. Түркі халықтарының есімдеріне қатысты зерттеулерді зерделегенде де олардың барлығына ортақ шығу уәждерін, ортақ апелятивтердің қалыптасқан жүйесі мен үлгілерін көреміз. **Көне түркі тіліндегі «Синар 'Шынар' (әйел есімі. Шынар гүлі) есімінің шығу уәжі түркі халықтарынада ортақ: қазақ тілінде** – биік тау терегі, шынар ағашы; жапырақты зәулім биік ағаш; ауыспалы мағынасы колжетпес биік <https://stan.kz/kyzdarga-kooyulatyn-kazaky-esimder/>); **өзбек тілінде** – чинордек басавлат ва умри узоқ бўлсин ёки суянчик, қўмакчи бола 'шынар секілді тұлғалы, өмірі ұзақ болсын яки арқасүйер, көмекші болсын'; **қырғыз тілінде** – түпкүклүгүндө дарактын аты. ... өмүрү чынардын дарагындай узун болсун, сулуу болуп чонойсун, кишиге пайдасы тийсин деген максаттар менен балдарга, айрыкча кыздарга қоюлган 'Түпкі тегі – дарактың аты. ... шынар ағашындай ұзақ өмір сүрсін, сұлу болып өссін, кісіге пайдасы тисін деген мақсатпен балаларға, соның ішінде қыздарға қойылған'. Көне түркі дәуірлерінен үзілмей жалғасып келе жатқан ортақ есімдер мен ортақ уәждер қазіргі қазақ есімдерінің табиғатында да сақталып отыр. Г.Б.Мәдиева мен А.Т.Әлиакбарованың қазіргі заманда қойылған есімдердің лексика-семантикалық ерекшеліктері бойынша жүргізген зерттеулерінде қазақ есімдерінің қойылуында дәстүрлі уәждердің қолданылатыны туралы дәлелдер көптеп келтіріледі.

Қазақ тіліндегі көне тұлғалы антропонимдердің сандық көлемі жалпы антропонимдік қордың едәуір бөлігін қамтиды, олардың тарихы алыс ғасырлардан

бастау алады. Ғасырлар бойы жинақталған бай қордағы есімдердің көпшілігі тілімізде кеңінен қолданыс тапқан және олар алуан түрлілігімен де аса құнды. Жалпы алғанда, бұл қордағы есімдердің ақпарттық мазмұны қазақ халқының бүкіл дүниетанымындағы рухани байлықтың сипатын бере алады. Уақыт өте келе қоғамдық қатынастардың өзгеруімен бірге, олардың мағыналық аясы тарылып, атауыштық қасиеті басымдыққа ие бола бастады, қазіргі кезде біз осы сырларды тереңірек тану үшін мәселеге антропонимдердің табиғатына тән өзіндік ерекшеліктер тұрғысынан ғана келуіміз керек. Тарихи сабақтастықтың бір бағыты ретінде бұл орайда дыбыстық тұлғаның да өзіндік орны үлкен.

Сөздердің пайда болу тарихына болжамдар жасау немесе кісі аттарының грамматикалық құрылымдарын талдау тұрғысынан ғана қарастыра болсақ, мәселенің тек бір жағын ғана қамтыған болар едік. Қазақ есімдерінің табиғатындағы тарихи сабақтастықтың сырларын тереңірек тану үшін қазіргі көркем әдебиет беттеріндегі және халықтың өзімен бірге жасап келе жатқан ауыз әдебиетіндегі, сондай-ақ тарих қойнауынан жеткен көптеген жазба деректердегі сәбиге ат қою жоралғылары немесе белгілі бір есімдердің пайда болу уәждеріне байыппен қарауды талап етеді. Мұнда айтылғандардың бәрі нақты оқиғаның болған, болмағандығына дәлел бола алмаса да, ат қою дәстүрінің айғағы болатыны шындық. Мысалы, «Ертөстік» ертегісіндегі батыр есімінің қойылуы немесе Керкұла атты Кендебайдың есіміне Керкұла атты деген айқындауыштың қосыла айтылу себебі. Дәл Ертөстік есімінің қойылуы секілді, Боранды күнде туылған балаға Боранбай, Дауылбай, Судың жағасында туылған балаға Теңізбай, Көлбай, Өзенбай т.б. деген есімдердің берілуі бүгінге дейін өз мәнін жойған жоқ. Сол секілді кісі аттарының алдынан келетін айқындауыштар немесе лақап аттар да әлі күнге қолданыстан түскен жоқ. Келтірілген мысалдардың әрқайсысынан дәстүрлі дүниетаным, эстетикалық талғам және ат қоюдың халқымызға тән ерекшеліктерін көреміз. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ есімдерінің ұлттық табиғатын тану үшін, лингвистикалық талдаулармен қатар этностың дәстүрлі таным-түсінігі аясындағы құндылықтарды да басты назарда ұстаған абзал.

Қазақ есімдерінің арасында бала туылған кездегі жайларға байланысты қойылғандары көптеп кездеседі, ондай есімдердің мазмұны ірі тарихи оқиғалардан бастап, отбасылық, жеке адамдардың арасындағы қатынастарды да қамтиды. Мысалы, Сатыпалды, Тауыпалды, Үшкемпір, Төрт кемпір бір шал (Төрткен) т.б. есімдердің шығуы осыған дәлел. Ұлттық танымдағы осындай есімдер секілді, мазмұнында халқымыздың ой-арманы, мақсат-мүддесі орын алып, сол негізде қойылған өзге де кісі аттары бар. Оның өзін түрлі тақырыптық топтарға жіктеуге болады. Мұның ішінде езу тартып, күлдіретін қызықты

оқиғалардан бастап, қайғылы дертті, ауыр азапты бейнелейтіндері де бар. Мазмұнына қарап отырып, қазақ халқының тұрмыс тіршілігі мен өзіне тән қуанышын да, қайғысын да көруге болады.

Көне тұлғалы есімдердің қалыптасуындағы тілден тыс факторларды саралау барысында, біріншіден, кісі аттарының өн бойынан қазақ халқының басынан өткен тарихын – қилы күндердің белгілерін, екіншіден, дәстүрлі мәдениет тарихының мазмұнын, үшіншіден, есте жоқ ескі күндердің баянын зерделейміз. Соңғы мәселе өте өзекті, әрі оның сырларын ашудың маңызы да зор. Себебі, «есте жоқ ескі заман» деп отырған уақытымыз дәл мерзімін анықтап беру қиын, алайда сол кезден жеткен есімдер мазмұнында түркі, моңғол тілдес, тіпті алтай тілдес халықтардың (мүмкін тайпалардың) ара жігі алыстап кетпей тұрған кездерден хабар тартатын деректер болуы мүмкін. Ілгерідегі талдаулардан осыны аңғарамыз. Бұл талдаудың маңызды болатын тағы бір себебі, кісі аттарының тіл тарихындағы орнының қаншалықты тереңде жатқанын анықтауға өзіндік үлес қосады.

Қазақ есімдерінің лексикалық құрамы бірыңғай түркі текті элементтерден тұрмайды, сырттан енген есімдердің де үлес салмағы қомақты. Антропонимдердің алыс ғасырлардан бергі уақыт аралығын салыстыра қарасақ, солардың ішінде XX-XXI ғасырлардағы кірме есімдердің сипаты өзгеше. Ұлттық үлгідегі жазу нормасы белгіленбегендіктен, түпнұсқаға немесе орыс тілінің заңдарына бейімдей жазылуына байланысты игерусіз еніп жатыр. XX ғасырға дейін енген есімдер қазақ тілінің заңдарына сәйкес үйлесім тауып, жаңаша тұлғаланды. Өзгеріс оларды шығу тегінен алыстатып жіберді, тілге сіңісті болғаны соншалық енді қазақ тіл білімінің ережелері бойынша лексикалық, фонетикалық, грамматикалық талдаулар жасала бастады, яғни олар қазір қазақ тілінің элементі ретінде өмір сүріп жатыр. Екінші жағынан кірме есімдердің ұлттық таным мен сенімге қатысты жақтарындағы этнолингвистикалық мәселелердің орны төл есімдерден төмен емес. Кірме есімдердің тілімізге ену жолдарын анықтау барысында, халқымыздың басынан өткен сан түрлі тарих пен жекелеген оқиғалар туралы ақпараттар ала аламыз.

Соңғы ғасырларда, қазақ тілінің заңдарына бейімделмей енген есімдерді қазақ есімдері деген ұғымның аясына сыйғызу қиын. Олардың грамматикалық құрылымы мен лексика-семантикалық ерекшеліктерін қазақ тіл білімінің ережелері бойынша талдау мүмкін емес. Осы орайдағы келесі бір мәселе – ел өміріне көптеп жаңалықтар енген XIX ғасырдан бергі уақытта пайда болған есімдердің тағы бір түрі жөнінде. Мысалы, орыс тілінен еніп, қазақ тілінің дыбыстық заңдары бойынша сыртқы формасы қайта сомдалған Сәтенкүл (Сатин), Болысбек (Волостной), Мәтібай (Матвей), Метрей (Дмитрий) т.б., сонымен қа-

тар Кеңес үкіметі оранағаннан кейінгі түрлі тарихи кезеңдерде жасалып, қолданысқа енген Колхозбек, Съезд, Коммунар, Шопыр, Бульдозер, Эксковатор т.б. кезеңдік есімдер бар. Алайда ондай есімдерді «қазақ есімі» дейтін ұғымның аясына сыйғызу қиын. Қазақ есімі деп осы уақытқа дейін өзіндік үлгілері мен заңдылықтары қалыптасқан, ұлттық мәдениеттің қазанында қайнап, халықтың эстетикалық талғамы сүзгісінен өтіп, нормаға айналған тұлғаларды айтамыз. Өткен ғасырдың басындағы революционерлердің есімі Клара, Марат т.б., қысқартылып жасалған Мэлс, Марлен, Кеңестік мерекелерге байланысты Майгүл, Майнұр, Жеңіс, Жеңісгүл, Сайлау т.б. тілімізден едәуір орын алғаны белгілі. Қазір қолданыста сиреп, басқа есімдерге орын беріп жатқаны байқалады. Аталғандардың ішінде «гүл, нұр» секілді компоненттер болмаса, қалған «Марат, Сайлау, Клара, май» кеңестік идеологияның жемісі. Бұлар «қазақ есімдері» дейтін ұғымды жаңартуға немесе жаңғыртуға негіз бола алмайды, өйткені ұлттың мәңгілігімен сабақтаса алмағанын уақыт өзі көрсетіп отыр.

Қазақ тіліндегі көне тұлғалы антропонимдердің тілдік табиғатына талдаулар жасай отырып, олардың бәріне ортақ және жекелеген есімдердің сырларына үңілу бүгінгі таңда тек тіл білімі саласында ғана емес, сонымен қатар қазақ қоғамындағы өзекті мәселе болып табылады. Өйткені соңғы жылдары қазақ есімдерінің қолданыс аясының тарылып, кірме есімдердің үлес салмағы артып бара жатқаны байқалады. Кісі аттарының табиғатындағы ұлттық құндылықтар мен көркемдік ерекшеліктерді ғылыми тұрғыдан саралай отырып, жұртшылықтың назарына ұсыну ұлттық рухани қазынамыз үшін аса маңызды мәселе. Қазақ антропонимдері тек таза лингвистикалық талдаулар мен ғылыми болжамдардың аясына сыймайды, мұндағы әрбір қосымшаның антропоним тудырушылық қызметі этнос танымы тұрғысынан сараланып, әрқайсысының орны нақты белгіленген. Этнос танымы, рухани әлемі, дүниетным кеңістігі, есім қолданыс ерекшеліктері т.б. кісі аттарының өмір сүру кеңістігін құраушы компоненттер. Ол ғасырлар бойы қалыптасты, өзіндік болмыс ретінде сомдалып, бүгінгі күнге жетті.

Қысқарған сөз:

ДТС – Древнетюркский словарь. – Ленинград: «Наука», 1969. – 677 стр.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бегматов Э.А. Ўзбек исмлари маъноси (Изоҳли луғат). – Т.: Ўзбекистон милли энцикопедияси» Давлат илмий нашриёти, 2010. – 610.
2. Жанұзақ Т. Есімдер сыры (Тайны имен). – Алматы: Парасат журналы, 2004. – 208 б.

3. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы: «Ғылым», 1971. – 218 бет.
4. Жапаров Ш. Адам аттары – эл байлығы. – 8-толуқ., бас. – Б.: «Техник» ББ, 2011. – 329 б.
5. Карачаево-балкарско-русский словарь: около 30 000 слов. Карачаево-Черкесский н. -и. ин-т ист., филол.- М.: Рус. яз., 1989. – 832 с.
6. Қадырғали Жалайырдың «Жамиғ-ат тауарихының» тезаурус сөздігі. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2012. – 392 бет.
7. Қайыржан К., Сөз – сандық: Қазақтың көне сөздері. – Алматы: «Өнер», 2013. – 480 бет.
8. Мадиева Г.Б., Әлиакбарова А.Т. Қазіргі қазақ кісі есімдерінің лексика-семантикалық ерекшеліктері // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. №3 (171). 2018.
9. Мамырбекова Г., Сейтбекова А. Әбілғазы Баһадүр ханның «Түрік шежіресінің» тезаурус сөздігі. Алматы: «Фирма Орнак», 2013. – 480 бет.
10. Мусульманские имена. Словарь-справочник. – СПб.: ДИЛЯ, 2009. – 448 с.
11. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – Москва: Наука, 1974. – 778 с.
12. <https://stan.kz/kyzdarga-koyylatyn-kazaky-esimder/>

АМАН АБАСИЛОВ

*Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің
қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты*

**ҰЛЫ ДАЛА ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ ӨЗГЕ ТІЛДЕН СӨЗ АЛУ
ТУРАЛЫ ОЙ-ТҰЖЫРЫМДАРЫ**

Қазақ халқы адаммен адамның, ел мен елдің байланысуына «жылқы кісінескенше, адам тілдескенше», «адамның күні адаммен» деген әлеуметтік лингвистикалық тұжырым жасайды. Шынымен де дүниедегі халықтар, мемлекеттер бір-бірімен әртүрлі мәдени, тарихи, саяси, экономикалық т.б. қатынастары мен байланыстарын тілсіз жүзеге асыра алмайды. Байланыс міндетті түрде екі не одан да көп тілдің қатысуымен жүреді. Неге десеңіз, бүтіндей халықтың, тіпті жеке адамның бүкіл өмірін бір тіл қамтамасыз ете алмайды. Әлемде адамзаттың барлық қарым-қатынасына жарамды мұндай кең (максималды) қызмет атқаратын тіл жоқ. Сол сияқты екі адамның тұрмыс-тіршілігінде ғана жұмсалатын тар (минималды) қызметтегі тіл де болмайды. Дүниедегі барлық тілдер осы аталған кең және тар қызметтің ортасында қолданылып, өмір сүреді [1, 24]. Сондықтан қоғамда адамдардың өз ана тілімен қоса тағы бір тілді (кейде бірнеше тілдерді) меңгеруіне, қолдануына тура келеді. Мұндай жағдай олардың тілдердің де араласуына әкеледі. Араласу алдымен бір тілден екінші тілге сөз ауысуды туғызады. Ал сөз ауысу үдерісі мәдениеті гүлденіп өскен озат халықтарда да, мәдениеті кенжелеп дамыған халықтарда да болатын, кез келген тіл үшін қашып құтылмайтын заңдылық болып табылады.

Сөз ауысу үдерісінің басқа тілдік байланыстардан айырмашылығы, мысалы, код ауыстыру мен араластыруға қарағанда, ол тіл тұтынушыларынан тілді терең білуді қажет етпейді. Мұнда екі мәдениет өкілінің тікелей байланысы да болмайды. Мұнда тек лексикалық материал ғана тікелей түйісіп, қызмет етеді.

Сөз ауысуға көптеген факторлар әсер етеді, мысалы: тілдердің генетикалық жақындығы, әлеуметтік-саяси жағдайлар, тілдердің таралу мүмкіндігі, олардың ұқсастығы, байланыс сипаты, тілдік қауымдастықтардың осы тілдерге қатынасы және т.б.

Тілдік байланыстар және оларға қатысты құбылыстар мәселелерін зерттеу, атап айтқанда, сөз ауысу үдерісі - отандық және шетелдік тіл білімінде ертеден қарастырылып келе жатқан өзіндік дәстүрге ие күрделі мәселе. Қазіргі уақытта бұл проблема бұрынғыдан да өзекті және көптеген зерттеушілердің назарын аударуда. Өйткені ел-елде ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басында халықаралық байланыстар қарқынды түрде кеңейді. Ол барлық деңгейде қолжетімді бола бастаған қазіргі интернет мүмкіндіктері арқылы көз ілеспес жылдымдықпен жүруде. Сондай-ақ әртүрлі тілдердің сөйлеушілері арасында да, саяси, ғылыми басылымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен де жүзеге асырылатын тілдік байланыстар артты.

Лингвистикадағы «сөз ауысу» ұғымы көпмәнді. Жалпы тіл білімінде көптеген ғалымдар «сөз ауысу» және «кірме сөз» ұғымдарын ажырата отырып, «сөз ауысу» терминін «тілдердің өзара әсері» деп анықтауға байланысты қолдануды ұсынса, басқа авторлар бұл ұғымдарды ажыратпай көбінесе кірме сөздермен байланысты қарастырады. Мысалы, қазақ тіл білімінде өзге тілден енген барлық тілдік бірліктерге (сөз, сөз тіркесі, морфема, синтаксистік құрылым т.б.) «кірме сөз» термині ортақ қолданылады. Бұл тілімізде қазір жарыса қолданылып жүрген «сөз мәдениеті» немесе «тіл мәдениеті» дегендерді бір мәнде пайдалану сияқты. Ал орыс тіл білімінде жалаң түрде айтылатын «*заимствование*» дегені өзге тілден енген барлық тілдік бірліктерді білдірсе, «*заимствованное слово*» деген тіркесі өзге тілден енген лексикалық бірлікке байланысты қолданылады.

Сөз ауысу үдерісін тілдік байланыстың бір түрі ретінде қарастырушы С.В.Кудряшова оның терминдік мәнін талдай келе, кейбір лингвистер «сөз ауысу» дегенді үдеріс деп таныса, ал басқалары – үдерістің нәтижесі деп түсінеді. Көптеген шетелдік лингвистер сөз аусуды нәтижесінде бір тілден екінші тілге лингвистикалық бірліктің ауысуы пайда болатын үдеріс деп сипаттайды. Енді бір ғалымдар сөз ауысуды өзара байланыс аяқталғаннан кейінгі сол тілде болуы мүмкін өзге тілден ауысқан элементтер, яғни тілдер қарым-қатынасының салдары деп санайды дейді [2,68].

Біздің зерттеуіміздің міндеттеріне ең жақын келетін түсінікті Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің профессоры, ф.ғ.д., Сәбира Исакова береді: «Кірме сөздер деген тіларалық қарым-қатынас (байланыс) нәтижесінде бір тілден екінші тілге ауысқан бөгде тілдік элементтер (сөздер, сөз тіркестері, жұрнақтар т.б.) [3]. Сонымен біз «сөз ауысу» деп шет тілінен енген барлық кірме элементтерді (сөз, морфема, синтаксистік құрылым және т. б.), сондай-ақ бір тілден екінші тілдің лексемалық жүйесіне бейімделе отырып ауысқан лексикалық бірліктердің қозғалысын айтамыз. Лексикалық сөз

ауысу үдерісі грамматикалық, сөзжасамдық немесе фонетикалық бірліктердің ауысуларынан әлдеқайда кеңірек әрі жиірек болатынын көреміз.

Сөз ауысу үдерісін екі мағынада түсінуге болады. Бірінші, кең мағынадағы сөз ауысу дегеніміз - әртүрлі элементтердің бір тілден екінші тілге ауысуы мен олардың сөз алушы тілдегі бейімдеу үдерісі. Ал екінші тар мағынадағы сөз ауысу дегеніміз - бір тілден екінші тілге ауысып, сонда қызмет етуші тілдік элементтер. Осыдан сөз ауысудың төмендегідей түрлерін бөлектеп көрсетуге болады:

1. Кірме сөздер (сөз ауысудың барынша жиі кездесетін түрі).
2. Дыбыс ауысу (екі тілдің қарым-қатынаста болу дәрежесіне байланысты барынша сирек кездесетін түрі).
3. Морфема ауысу (әдетте, сөз құрамында болады).
4. Синтаксистік ауысулар (бөтен тілдік синтаксистік құрылымдардың әсерінен болатын ауысу).
5. Мағыналық ауысулар (бөтен тілдің үлгілік қысымымен жүзеге асатын сөздегі жаңа мағынаның пайда болуы – мағыналық калкалау) [3, 29-бет].

Тілдердің ұзақ тарихи араласуы мен байланысының нәтижесі ретіндегі сөз ауысу көптеген тілдердің лексикасында маңызды орын алады. Сөз ауысудың арналары *ауызша* да, сондай-ақ *кітаби* да, *жазбаша* болуы мүмкін. Ауызша сөз ауысу кезінде сөз жазбашаға қарағанда сыртқы келбетінде көбірек өзгерістерге ұшырайды.

Егер сөз тілге жаңа затпен немесе ұғыммен бір уақытта өзге халықтан енсе, онда бұл ауысқан сөздің мағынасы өзгеріске ұшырамайды. Ал жаңа сөз тілде бұрыннан бар сөздің синонимі ретінде енсе, олардың мағыналары арасында айырмашылық болып, әуелгі мағынасында өзгерістер жүргендігі байқалады.

Сөз ауысу проблемасының маңыздылығы кірме сөздің сіңісу тетіктерін ашуға бағытталған лингвистикалық параметрін анықтауға, сондай-ақ байланыстың мәдени-тарихи тереңдігін көрсетуге мүмкіндік беретін әлеуметтік көрсеткіш ретінде де сипатталады. Сөз ауысудың бастапқы көзі ретіндегі әртүрлі тілдерден алынған бірліктердің сөз алушы тілге енуінің лингвистикалық тетігі негізінен бірдей. Сондықтан оны сөз ауысуға ықпал ететін интерференция тетігі тұрғысынан және сөз алып отырған тілде кірме элементтің фонологиялық, грамматикалық, семантикалық бейімделу тұрғысынан зерттеуіміз қажет.

Алтай мен Атыраудың, Ертіс пен Еділдің, Арқа мен Алатаудың арасында созылып жатқан Қазақ елі 5 мемлекетпен: солтүстік-батысында Ресеймен, шығысында Қытаймен, оңтүстігінде туыстас елдер Түркіменстан, Өзбекстан және

Қырғызстанмен шектеседі. Ұшқан құстың қанаты, жүгірген аңның аяғы тала-тын осы ұлы дала еліне, оның тіліне, әдетіне, тұрмысына, шаруасына т.б. әр дәуірде қытай, маңғол, араб-парсы, орыс және орыс арқылы еуропа мәдениет-тері өз әсерлерін тигізіп отырған. Соның нәтижесінде қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамында негізінен төрт халықтың тілінен (араб, парсы, моңғол, орыс) ен-ген кірме сөздер бар [4, 136].

Тілімізге осы аталған тілдерден сөз ауысу қалай жүрді, ондай үдеріс болашақта қалай жалғаспақ? Бір тіл екінші тілден неге сөз алады, се-бептері мен шарттары қандай? Өзге тілден сөз қабылдаудың қандай заң-дылығы, қағидаттары бар? Жалпы және жеке тілдік ұстанымдар қандай? Халқымыздың төл тілдік тәжірибесінде бұл мәселе қалай шешілген? Әрине, бұл сұрақтардың барлығына жауап беру бұл бір мақаланың арқалайтын жүгі емес. Дегенмен шешімі қиын, күрделі мәселенің бір қырын ашуға жәрдемдесер деген ниеттеміз. Сондықтан мақаламызда осы аталған мәсе-лелер туралы ұлы дала ойшылдары не айтты, қандай ой-тұжырымдары бар дегенге шолу жасамақпыз.

Ортағасырлық ұлы дала ойшылы әл-Фараби бір тілдің сөзі екінші тілге неге ауысатыны, ол халық сол кірме сөзді қалай алатыны туралы былай дейді: «Егер дін немесе оның бір бөлігі басқа халықтан алынғалы отырса, онда сол дінді енгізуші кейде [басқа халықтың дінінің] конондарының атауынан алынған атауларды сол мағынасында пайдаланады, бірақ сөздің өзінің өзге-руі мүмкін. Сөздің дыбыстары мен олардың құрылымы әлгі халықтың әріп-тері мен солардың құрылымы арқылы белгіленеді. Ол сөзді айту оңай болу үшін қажет» [5, 83].

Ғұламаның айтуына назар аударсақ, одан кірме сөз екінші тілге өзінің о бастағы мағынасын толық сақтап енгенімен, оның дыбысталуы мен құрылы-мында өзгеріс болады дегенін ұғамыз. Сонда бұл кірме сөздің дыбысталуы мен жазылуы сөз алушы тілдің табиғатына бейімделеді дегенді білдіреді. Бұл қазіргі қолданысымыздағы самовардың – самаурын, википедияның – уикипе-дия, ярмарканың - жәрмеңке болатынын көрсетеді.

Ұлы дала кемеңгері әл-Фараби сөз алушы тілдің ақиқат пен жалғандық ту-ралы өзіндік таным-түсінігі жетілген болса, ондай ұғым-түсінікті білдіруге өз тілінің сөзжасамы көмекке келетінін ескертеді. Бұл жөнінде ол былай дейді: «Ал егер сол халықта диалектика мен софистика пайда болса, әрі оның өкіл-дері өздері енгізген және бұрындары өздеріне белгісіз болғандықтан, атау бол-маған идеяларды [сөз арқылы] белгілеу қажеттігін сезінсе, олар онда сөздер құрастырып шығарады. Ол сөздерді олар өз әріптерінен құрастырады не бол-маса, оларға солармен ұқсас дүниелердің атауын бере салады» [5, 83]. Бұл по-

тенциал – әлеует, статус – мәртебе, транспорт – көлік, светофор – бағдаршам т.б.дегендер сияқты.

XI ғасырдың атақты туындыларының бірі болып табылатын «Диуани лұғат-ит-түрк» атты сөздік авторы М.Қашқари өз еңбегінің жұртшылыққа түсінікті, айқын болу үшін кітаптар мен бөлімдерде арабша атауларды (терминдерді) қолданғанмен, одан күллі түрік тіліне деген перзенттік құрметінің, оны соншалықты әспеттеу сезімінің күшті екені әр сөзінен сезіліп тұрады. Айталық автордың «...түрік тілінің араб тілімен бәйгеге түскен екі атқа ұқсатып тең шауып бара жатқанындай» еттім деуі, «Әйтсе де, мен сөздерді анық табуды және кісілердің қызығып пайдалануын есте ұстағандықтан, ықшамдастырдым да, қолданылып жүрген сөздерді алдым, қолданудан шыққандарды тастадым. Менің ұстанған бұл жолым тура, дұрыс жол» деуі араб тілінен енген кірме сөздердің түркі тілінің заңдылығына бағынған, икемделген түрін алғандығын байқатады [6, 37]. «Үйренушілер мен қызығушылар керекті сөздерді тез, оңай табуы үшін көп жылдар бейнет шегіп, сөздерді орын-орындарына қойдым. Көмескілерін аштым, жарық еттім, қателерін жұмсарттым, түзеттім» дегенінен олардың кейбірін өзі өзгеріске түсіргенін көреміз [6, 36].

Демек түрік жұртының, түркі тілінің тұңғыш энциклопедиялық анықтамалығы болып табылатын бұл еңбек қазіргі күнде де өзге тілден сөз алудың заңдылықтарын түсіндіру мен кірме сөздерді қабылдау қағидаттарын жасауда үлгі, бағдар ретінде алынуы керек. Осы орайда осы еңбекті аударып, алғы сөзін жазған А.Егеубайдың: «Бұл баға жетпес асыл қазынаны зерттеу, ел игілігіне айналдыру рухани тіршіліктің бұрын-соңды өзіміз аңғара қоймаған тосын да тың, әрі тіл мәдениетіміздің ежелгі замандарда-ақ күретауыры өзегіне нәр болып байланған бірегей қасиеттерін байыта түседі», - деген тұжырымын назарға алғанымыз жөн [6, 26].

Өзге тілден сөз алу мәселесі орта ғасырдан бергі заманда да, кейінгі қазақтың өз алдына ел болып бірігуі кезеңінде де тілдің табиғи сұрыпталу заңдылығымен оңынан шешіліп отырған. Мұның басты себебі Қазақ елін бір қылып, қонысын бірлестіріп, басын қосып, бір тілмен сөйлетіп, бір текті мәдениет тұрғызған халықтың азаматтық ой-санасы, өзара тығыз қатынасы, шаруашылық құрылымы мен қалыптасқан мәдени тұрмыс-салты болды. Бұл жөнінде алаш ардақтысы А.Байтұрсынұлы былай дейді: «Асыл тіл, түзу емле қазақта боларға тиісті. Неге десек: ата кәсібін тастамай істеп келе жатқан – қазақ. Басқа жұртқа араласпай, өз алдына оңаша, оқшау жүрген – қазақ. Жат жазудың ыңғайына қарап, басқалардан тілін бұзуға, арасына жайылмаған түрік баласы – қазақ. Сырттан бірен-саран жат сөздер келсе, оны жаншып кеміріп, өз тілінің қалпына түсіріп алған – қазақ. Жат жұрттың шалығы тимесе, жазу ша-

лығы тимесе, кәсібі, ғұрпы өзгерілмесе, жалғыз тілі өзгерілді деп айтуға тіпті жол жоқ. Қазақтың тілі өзгерген тіл деп айтуға жол жоқ ...» [7, 395-396]

Қазақ халқының, қазақ тілінің бойындағы осы асылдық пен тазалық Ресейге қарағаннан бастап бұзыла бастады. Профессор Қ.Жұбанов: «...Ресейге қарағаннан кейін қайта қатынас әлсіреп, қазақ елінің бірлігі ыдырап, қоғам организмдері ұсақталып, осыған сәйкес қазақтың бұрынғы тұтас мәдениетінің тігістері сөгіліп, ұсақталып, жарықшақталып, бытырауға айналғанын көреміз», - [8, 440] дей келе, «Қазақтың жері кесіліп, көш жолы үзіліп, әр ру, әр ауыл, әр үй жерге арқандала бастады. Қатынас тоқтады. Әр жердегі қазақ әртүрлі жағдайда күнкөріс жасап, өз бетімен кетуге, мәдениет бірлігін сөгуге айналды. Қазақ тілінің диалектілері дейтініміздің бірқатары, міне, осы дәуірде, осы ыдыраудың нәтижесінде туды. Сөйтіп, қазақ тілі ыдырауға айналды. Сол жолмен кете барса, қазақ тілі деген тілдің біржола құруы шексіз еді. Оның үстіне патша үкіметі қазақтың басын айналдырып ұстау үшін дін уын септі», - деп ашына жазады. Одан әрі орыстық, ресейлік мәдениеттің қазаққа қандай ықпалы тигендігі тек пайда келгені немесе пайда бермегенін ғана қарап, оның зияндық жағының сөз болмай отырғанын айтады [8, 441].

А.Байтұрсынұлы: «Кірмелік бір ұлтты екінші ұлттың бағындыру кезінде де, бір-бірімен бейбіт жолмен қатынасу кезінде де болады. Мұндайда діннің, әдет-ғұрыптың, моральдың, қоғамдық ұйымның, бейімділіктің, инстинкттердің, психологияның және т.б. ұқсас формалары кірмелік пен мәдениеттердің араласу үдерісін жеңілдететінін», - айтады. «Бірақ мұндай жағдайлар Ресейде тұратын түркі халықтарының мәдениетін дамыту үшін болған жоқ. Олардың қандай да бір нәрсені алуға болады деген жалғыз халықпен ешқандай ұқсас өмір формалары жоқ және оған қоса олар бөтен жерліктерге қатысты жаулап алушылық, орыстандыру, славияндандыру саясатын ұстанушы үкіметтің басына үстемдік етушілер болып шықты», - деп баға береді [7, 420].

Айтса айтқандай-ақ екен сол орыстандыру саясатын өздерінің мұрасындай қабылдап алған Кеңес үкіметі қазақ тіліне орыс тілінен және орыс тілі арқылы енетін шетел сөздері «ешқандай өзгерістерге түспей, орыс тілінде қалай айтылса, солай айтылуы, қалай жазылса солай жазылуы керек» деген талабын қойды. Бұл жөнінде қазақ терминологиясын арнайы зерттеп жүрген Ш.Құрманбайұлы «Жат сөздер» туралы бірер сөз» атты Н.Төрекұлұлының еңбегінің алғы сөзінде: «Тіліміздің ұлттық терминқорын қалыптастыруда тілдік және тілден тыс факторларға байланысты өзге тілдерден дайын атауларды көбірек қабылдап келгеніміз белгілі. Әсіресе, өткен XX ғасырдың 30-жылдарынан бастап, орыс тіліне негізделген кеңестік терминқор қалыптастыру мақсаты көзделгендіктен, еуропа халықтарының тілдеріндегі атауларды орыс

тіліндегі қалпында өзгертпей қабылдап келдік. Жетпіс жылдай осы бағыттан таймағандықтан, термин қабылдау арқылы сыртқы көздің есебінен атаулар қорын қалыптастыру бізде дәстүрге айнала бастады», - деп бүгінгі қазақ тілінің өзге тілден сөз алу жайын сипаттайды [9, 3].

Дегенмен өзге тілден сөз алу мәселесін XX ғасырдың басында алаш зиялылары мықтап қолға алып, жат сөздерді қабылдау, оларды тіліміздің дыбыстық-құрылымдық ерекшеліктеріне сәйкестендіріп жазу туралы арнайы еңбек жазып, зерттеулер жасады. Талай басқосулар өткізіп, қызу талқылаулар жүргізді. Нәтижесінде бір тоқтамға келіп өзге тілден сөз алудың қағидаларын бекітті. Үлгі көрсетті.

Қазақ тілін дамытудың осы бағытында тынбай еңбек еткен А.Байтұрсынұлы бастаған алаш зиялыларының: Е.Омарұлы, Н.Төрекұлұлы, Х.Досмұхамедұлы, Т.Шонанұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабайұлы, Қ.Кемеңгерұлы т.б. шет тілдерінен сөз қабылдауға қатысты көзқарастарында айтарлықтай алшақтық жоқ. Олардың барлығы да алдымен өз тіліміздің мүмкіндігін пайдалану мен өзге тілдер ауысқан сөздерінің тіліміздің дыбыстық-құрылымдық заңдарына бағындырып қабылдау мәселесінде өзіндік көзқарастары мен пікірлері болғанымен бір тоқтамға келе алды. Бұл қорытынды шешім 1924 жылдың маусым айында Орынборда өткен Қазақ ғылыми қызметкерлерінің бірінші съезімен мақұлданып, қабылданды. Сондықтан оларды жеке-жеке талдап көрсетуді мақала ауқымы көтермейтіндіктен, оларды А.Байтұрсынұлының 1926 жылы Бакуде өткен тұңғыш бүкілодақтық түркологиялық съезде сөйлеген сөзі аясыныда жинақтап көрсетейік. Ахаң баяндамасында: «Осыған байланысты бұрын халықта болмаған осындай ұғымдар мен идеяларды енді қазақ сөздері мен сөз тіркестеріне киіндіруге мәжбүр болып, ана тілінде еріксіз білдіруге тура келді», - дей келе төмендегідей 4 қағидаға тоқталады:

Біріншісі - өзге тілден алынған терминдер үшін сол түсініктің мағынасына сәйкес келетін қазақ сөздерін қабылдау қағидасы. Бұл тілдің саралануына жол бермеу үшін, яғни жоғардағылар және төменгілер тілі немесе дәлірек айтқанда, сауаттылар және сауатсыздар тілі пайда болмас үшін жасалатынын ескертеді.

Екіншісі – өзге тілдердегідей сөздер қазақ тілінде болмаған жағдайда оларды қазақ тіліне туыстас тілдерден алу қағидасы. Бұл мынаны ескере отырып жасалады дейд: 1) туыстас тілдердің көптеген сөздерінің ортақ формалары болмағанымен, түпкі тамыры бір, сондықтан оларды түсіну оңай, есту және айту үшін де олар туыстас емес тілдің сөздері сияқты бөтен емес; 2) түркі халықтары бір-бірімен тұрақты қарым-қатынаста болған және бола да береді, сондықтан біріндегі сөздер, тіпті түпкі тамыры ортақ болмаса да, екіншісіне таныс болуы мүмкін.

Үшіншісі - жалпы қолданыстағы әлемдік терминдерді қазақ тілінің табиғатына сәйкес өзгерістермен қабылдау қағидасы. Мұнда егер оларды алмастыра алатын қазақ сөздері болса, таңдау құқығын қоғамға беру үшін екеуі қатар қолданылуы керектігін айтады. Осы қағидаға байланысты өздерінің мынадай ұстанымдары бар екенін ескертеді: «Жалпы қолданыстағы терминдер деп біз қазіргі заманғы кең таралған еуропалық терминдерді айтамыз, бірақ араб емес. Біз оларды араб сөзінен бұрын қабылдайтынымыз қазір біз араб мәдениетіне емес, еуропалықтарға қарай жақындауымызға байланысты болып отыр. Еуропалық мәдениеттің барлық жетістіктерін еуропалық тілде толық көрсетуге болады. Бірақ олардан алынған терминдер біздің қазақтың сөйлеуіне бағынуы керек, яғни оларға тілдің үйреншікті артикуляцияларынан туындайтын біздің тіліміздің дыбыстық заңдарын қолдануы керек. Шетелдік сөздер біздің де сөзіміз болуы үшін бұл аса қажет» (аудармасы - біздікі).

Төртінші - қазақ тілінің табиғатымен сәйкеспейтін барлық қазақы емес сөздер қазақ тілінің дәл сөйленуіндей өзгеріске ұшырауы тиіс деген қағида. Бұл, біріншіден, барлық қазақы емес сөздердегі қазақ тіліне жат дыбыстар тиісінше қажетті дыбыстармен алмастырылады, екіншіден, қазақы емес сөздердегі жұрнақтар қазақы жұрнақтармен алмастырылады, үшіншіден, қос дыбыстар бір дыбыты түрде қабылданады, төртіншіден, қазақ тіліне жат қосымшалар тілдің айтылу талабы ыңғайының шегінде өзгеруі тиіс, мысалы, Оренбург – Орынбор, Самара – Самар, пуховой – бөкебай, покров – боқырау, Адамовский – Адамау т.б. [7, 423].

Сөйтіп, өзге тілден сөз алудың ұлттық ұстанымдары жасалып, қалыптаса бастады. Бұл іс сол замандағы білікті алаш зиялыларының арқасында әр қырынан жанданып, қазақ тілінің сөзжасам, терминжасам мүмкіндіктері кеңейе бастады. Кірме сөздер тіл табиғатына бейімделіп, жаңа термин сөздер ұлт тілі негізінде жасалды, ғылымды өз тіліміз арқылы да игеруге болатындығы күмәнсіз дәлелденді. Осылайша 30-жылдардың екінші жартысына дейін қазақ тілі бұрын-соңды болмаған деңгейде даму жолына түсті.

Ал енді 30-жылдардың екінші жартысынан бастап ұлт тілдері жан-жақты тежеу кұрсауына түсіп, мүшкіл халге душар болды. «Тежеу басы ұлттық республикалар мен облыс мектептерінде орыс тілін міндетті түрде оқыту туралы КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі мен БК(б)П Орталық Комитетінің қаулысы (1938 ж. 13 наурыз) мен «Республиканың қазақ мектептерінде орыс тілін міндетті түрде оқыту туралы» Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті мен Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысынан (1938 ж.5 сәуір) басталды [10, 67].

Содан бастап А.Байтұрсынұлы бастаған алаш зиялыларының тіл дамытудағы күллі еңбегі жоққа шығарылып, оны «алашордашылардың солақай-

лығы», «пуризм етек алды» деп бағалады. Орыс, латын, грек, ағылшын, неміс т.б. тілдердің сөздері болмаса, ондай ұғымдарды қазақ сөздер бере алмайды, қазақ тілі термин жасауға икемсіз деп танылды. Сол солақай саясат туралы Ш.Құрманбайұлы: «Біз бүгін кеңестік жүйе кезінде жасалып қалыптасқан жазу қағидаларымызды қорғаштай отырып, баспасөз беттеріндегі кірме сөздерді ұлт тілінің ерекшеліктеріне сәйкестендіріп жазуға ұмтылуды бейберекеттік, анархия деп жүрміз. Ал шын мәнінде, қазіргі ала-құлалықтың туындау себептерін сонау 30-жылдардан іздеген жөн. Нағыз анархия, ұлт тілдерінің ерекшеліктерін белден басу сол кезеңде басталған. Қазіргі орфографиямыздан орын алып, бұлжымас заңға айнала бастаған кейбір қасаң қағидалардың негізі сол кезде жасалған», - деп әділ баға береді [11, 14].

Сонымен кеңестік заманда бір ғана орыс тілінің мүддесіне қызмет етіп, үстемдік құрған солақай саясат келмеске кетіп, қазақ тілінің дамуына жағдай туғызатын ұлттық тіл саясаты өмірге келді. Елімізде 90-жылдардан бастап өзге тілден сөз алудың, ғылыми терминология жасаудың ұлттық қағида-тарын жасау күн тәртібіне қойылды. Дегенмен олардың әлі де болса шешімі табылмай, күрмеуі шешілмей жүрген тұстары аз емес. Сондықтан мұндай істе тіл табиғатының заңдылықтарын басшылыққа алып, оны жазбай таныған, сол жолда талмай еңбек еткен ұлы дала ойшылдарының ой-тұжырымдарын, ұстанған, белгілеп берген қағида-тарарына үнемі назар аудырып, болашақ тіл дамытуда басшылыққа алып отыру керек.

Мақала соңында өзге тілден сөз алудың тобықтай түйінін алаш ардақтысы Елдес Омарұлының мына сөзімен қорытындылауға болады: «Тілдің заңы өзгеріп, тіл бұзылып, ғылым тілі жалпы елдің тілінен басқаланып кетсе, ғылым жалпы жұрттың қолы жетпейтін дарияның ар жағындағы бірдеме болып шықпақшы. Сондықтан тілдің заңын бұзбау керек. Тілді қолдан келгенше таза сақтап бағу керек. Тілдің өзінде бар дыбыстарды жоғалтпау керек. Өзінде жоқ жат дыбыстармен тілді былғамау да керек. Ғылымға керек пән сөздерді өнерлі елдің тілінен алып кіргізе беруге болады. Бірақ ол жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде таза қазақ сөзіне ұқсатып, жат дыбыстарын шығарып, орнына қазақ дыбыстарын қондырып, қазақ тілінің негізгі заңдарына үйлестіріп, тізіп алу керек [10, 30]. Міне, осы айтылғандарды қазіргі рухани жаңғыру аясында жүргізіліп жатқан жаңа қазақ әліпбиі мен оның емле ережелерін жасауда басшылыққа алынуы тиіс.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Дешериев Ю.Д Закономерности развития и взаимодействия языков в советском обществе. – Москва: Наука, 1966 - 402 с.

2. Кудряшова С.В. Процесс заимствования как разновидность языкового контакта / С.В. Кудряшова // Известия высших учебных заведений. Поволжский регион. Гуманитарные науки. - № (36), 2015. - С. 66-75.).

3. Исакова С. Кірме терминдерді қабылдаудың шетелдік тәжірибесі // <https://termincom.kz/articles/?id=74>)

4. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқулық. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. -264 бет.

5. Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары / Құраст.: Ә.Нысанбаев, Ғ.Құрманғалиева, Ж.Сандыбаев. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 656 бет.

6. Қашқари М. Түрік сөздігі. 1-том /Аударған А. Егеубай. – Алматы: Арда+7, 2017. – 592 бет.

7. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 бет.

8. Жұбанов Қ. Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі //Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері/ Құраст. Ғ.Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – 640бет.

9. Құрманбайұлы Ш.«Жат сөздер» туралы бірер сөз // Төрекұлұлы Н.Жат сөздер туралы. Астана, 2006. 72 бет.

10. Хасанұлы Б. Ана тілі ата мұра (Қазақ тілінің жер жүзі тілдері жүйесіндегі алатын орны). - Алматы: Жазушы. 1992. – 272 бет.

11. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. - Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. - 952 бет.)

12. Елдес Омарұлы шығармалары. 1-том. – Алматы: «Лұғат» қоғамдық қоры, 2018. – 300 бет.



БЕРДІБЕК БИЯРОВ

*С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің
қауымдастырылған профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты*

КЕЙБІР ТҮРКІ ЭТНОНИМДЕРІНІҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ

Мақалада бұрын көп қарастырылмаған бірнеше тарихи этнонимнің этимологиясына тілдік шолу жасалады. Түркі этнонимдерінің мағынасын ашып, оның қай тілден жасалғанын анықтау басты мақсатымыз болды. Негізінен Евразияның далалы аймақтарын мекендеген жауынгер, көшпелі түркі тайпалары туралы құнды деректер келтіріледі.

Абар/Авар. Көптеген зерттеушілер Абар этнонимін Жужан этнонимінің баламасы деп таниды (Мысалы: С.П.Толстов, А.Н.Бернштам т.б.). Ал қытай зерттеушісі Лю Маоцай европалық зерттеушілердің жужандар мен абарларды теңестіруі толық дәлелденбегенін атап көрсетеді (Малявкин, 1981, 172-173). Л.Н.Гумилев, Ф.Симокаттаның ескертуіне сүйеніп, Абар мен Авар тайпалары бір емес деген көзқарасты ұстанады. Бумын қаған қайтыс болғанда ақтық жіберген Абар тайпасы дербес ел болған, оларды 554 жылдары Істемі қағанның қолы қиратты. Ал Каспий асып барып Европада пайда болған Авар бөлек халық екенін атап көрсетеді (Гумилев, 1994, 33-34).

Біздің ойымызша, Абар этнонимі парсы. аб «су» (Жеменей, 1994, 212) + ар «адам, ел» (Махпиров, 1997, 87) сөздерінен бірігіп, абар «су адамдары» мағынасын береді, өйткені Абар тайпасы Арал теңізінің маңын жайлаған. Бұл атауды құрамында парсы тілді соғдылар бар эфталиттер беруі мүмкін.

Істемі бастаған Батыс Түркі қағанатының әскері жужандарды, абарларды және хуни, уар, огор сияқты ұсақ тайпаларды қирата жеңіп, Еділден әрі асыра қуып тастайды. Бұл қашқындар енді Авар деген атпен Византияның іргесінен бірақ шығады (Гумилев, 1994, 34). Мұндағы авар этнонимі көне түркі. ав «жинау», авар «жиналу» (ДТС, 1969, 69) сөздерінен шығатынын байқау қиын емес, өйткені, шынында да, бұлар әр тайпаның қалдығынан құралған еді. Атап айтқанда, түркілерден жеңілген жужандар, абарлар, эфталиттер, хуни, уар (вар), огор т.б. этностар жинақталып қалған еді. Бұл жауынгер тайпалардың қалдығы бір ел болып бірігіп, Европаның «біраз шаңын қағады» (Гумилев).

Қарлық/Қарлұқ. Қарлық этнонимінің түркі тілінен жасалғаны анық болса да, этимологиясы оңай ашылатын сияқты болса да, бірнеше көзқарас бар:

1. Қалың қардың кеселінен Оғыз қағаннан бөлініп қалған бірнеше тайпаны қарлық «қар адамдары» деп атап кетіпті деген аңызды келтіреді Березин, Кононовтар (Махпиров, 1997, 105). М.Қашқари, осы аңызды құптағандай, қарлұқтарды «...олар да оғыздар секілді түркімендер» дейді (Қашқари, 1997, 533).
2. Дерфер көне түркі. қар «араластыру, қосу» (ДТС, 1969, 428) түбірінен шығарып, қарлұқ < қаралұқ «араласқандар» деген мағына беретінін айтады (Махпиров, 1979, 105). Бұл пікірдің де жаны бар, өйткені қарлұқтар чисы, моула және ташылы деген үш тайпадан тұрады (Маявкин, 1981, 186), сондықтан қарлұқтарды кейде «үш оғыз» деп атайтын болған (Гумилев, 1994, 313).
3. Мен, өзімнің «Өр Алтайдың жер-су аттары» атты монографиямда В.И.Иллич-Свитычтің қар, кер, қр түбірі ностратикалық тілдерде «тау», «тас», «шың» мағынасын береді деген пікірі мен Ибн-Калдунның Мұзтауды «Мұзқар» деп жазуына сүйеніп, қарлық этнонимі «таулық» мағынасын береді деген болжам айтқан едім (Бияров, 2002; 2019, 14). Қазіргі зерттеулерге сүйеніп, қарлық этнонимі Тянь-Шань тауының шығыс сілемдері Баркөлтағ және Қарлықтағ оронимдерінен шығады-ау деген болжамға келдік. Мұндағы уәж – қарлықтардың шекарасы осы таулардан басталып, Моңғол Алтайына дейін созылып жатқаны (Маявкин, 1981, 186). Сонда, қарлық/қарлұқ этнонимі «Қарлықтағ тауынан шыққандар» деген трансонимнен пайда болған деуге болады және бұл болжам «қарлы жерліктер (қарлық)», «таулықтар» ұғымдарынан тым алшақ кетіп жатқан жоқ.

Құрықан. Құрықандар Түркі қағанатының солтүстік-шығысында орналасқан түркі тайпасының аты болған (ДТС, 1969, 469). Қытай. гулигань түрінде жазылған құрықандар қазіргі якут-саха елінің арғы тегі деген пікір қалыптасқан (Гумилев, 1994, 61).

Құрықан этнонимі туралы моңғол. құраған «қозы» сөзінен, көне түркі. қорыған «күзетші, қорғаушы» сөзінен шығарған бірен-саран болжамнан басқа нақты этимология жоқтың қасы. Біздің ойымызша, көне түркі. қорыған «бекет, әскери қоныс» (ДТС, 1969, 458) сөзінен шығады дегендер шындыққа біртабан жақын тұрғандай, бірақ атау ретінде ол тайпаның ерекше белгісін тап басып тұрған жоқ. Кез келген атау, ол – мейлі, топоним болсын, мейлі этноним болсын, ерекше белгіге қарай қойылатыны белгілі. Ал құрықандардың өзіне тән ерекшелігі – олардың темір өндіру шеберлігі. Мәселен, археолог А.П.Окладниковтың айтуынша, ең таза, сапалы темірді осы құрықандар ғана өндіре алады екен (Гумилев, 1994, 64). Ендеше, құрықан этнонимі көне түркі. қорық «балкытылған темір» (Кайдар, 2005, 225) + ан (көне жұрнақ: ер/ерен, оғұл/

оғулан) тұлғаларынан жасалып, қорықан/құрықан «(темір) балқытушы» мағынасын береді деп есептейміз. Құрықандар қағанатқа бағалы аң терісі мен темір қарулар жіберіп тұрған, ал «... түркілер темірді биік санайды, темірге құрмет қылады» (Қашқари, 1997, 419).

Қырғыз. Қырғыз этнонимі қытай жазбаларында, көне түркі ескерткіштерінде жиі кездесіп отырады, бірақ этимологиясы әлі ашыла қойған жоқ. Ономаст-ғалым В.У.Махпиров қырғыз этнонимі туралы айтылып келген негізгі-негізгі пікірлерді былайша жинақтайды:

С.Абрамзон, Д.Банзаров т.б.: қырғыз < қырық «сан есім» + уз (көптік жалғауы) арқылы жасалып, «қырық рудан құралған тайпалық бірлестік аты» дейді.

В.В.Радлов: қырғыз < қырық + йүз сан есімдерінен бірігіп, «қырық жүз адамы бар ел» дейді.

Ә.Марғұлан: қырғыз < қыр «дала» + қыз/қызы/кісі «адам» сөздерінен бірігіп, «дала адамдары» деген мағына береді дейді.

А.Вамбери: қырғыз < қыр «дала» + ғыз «көшу» сөздерінен бірігіп, «далада көшіп жүрушілер» деген мән береді дейді.

М.Мукачи: қырғыз < қыр «дала» + оғұз «рулар бірлестігі» сөздерінен бірігіп, «дала оғыздары» мағынасын береді дейді.

К.И.Петров: қырғыз < қыр/қырұ «қызыл» + уз (көптік жалғауы) тұлғалары арқылы жасалып, «қызылдар» деген ұғым береді дейді.

А.Н.Кононов: қырғыз < қырұ «қызыл шырайлы» + уз (көптік жалғауы) тұлғалары арқылы жасалып, «қызыл шырайлы (адамдар)» деген мағына береді дейді.

Н.А.Баскаков қырғыз < қырұ «қызыл» + оғұз «рулар одағы» сөздерінен бірігіп, «қызыл оғыздар» деген мағына береді дейді (Махпиров, 1997, 102).

Зерттеулер, негізінен, қырық «сан есім», қыр «дала» және көне түркі. қырұ «қызыл» сөздерінің маңына топтасатынын көреміз. «Қызыл, қызыл шырайлы» мағынасына мән берілуі қытай жазбаларында сақталған «Енисей алқабында түсті көзді түрік тайпалары тұрады» деген дерекке сүйенгендіктен болса керек (Кононов, 1978, 37).

Келтірілген тұжырым, болжамдарды жоққа шығармай, өз болжамымызды ұсына кетуді жөн көрдік. Біздің ойымызша, қырқыз/қырғыз этнонимі көне түркі. қырұқ «қырушы, қиратушы» (ДТС, 1969, 447) + аз «тайпа аты, этноним» (ДТС, 1969, 72) сөздерінен тіркесіп, қырұқаз/қырқаз/қырғыз «қырып-жоюшы аз тайпасы» деген мағына береді. Бұл этимологияның уәждері мынадай: 1) Аз тайпасы қырғыздармен көршілес тұрған («Күлтегін», «Тоңқұқ» мәтіндерін қараңыз). 2) Қиыр шетте орналасқан қырғыздарға басқа тайпаларды шауып, тонап, қайтып кетуге жер жағдайы ыңғайлы болған. 3) Аз тайпалары іштей

жіктелетінін көреміз, мәселен, «Тоңқұқ» ескерткішінде «Шөлді аз тайпасы» деген ел аталады (24-жол). Ендеше Шөлді аз елі болса, неге Тонаушы (жауынгер) аз тайпасы болмасқа?

Қытай. Қытай этнонимі, көптеген басқа этнонимдер сияқты, ол елге сырттан таңылған. Атап айтқанда, X-XI ғасырларда Солтүстік Қытайды басып алып, Ляо мемлекетін құрған моңғол тектес қидан тайпасының атынан қалыптасқан этноним болатын (Поспелов, 2007, 246). Бұл атаудың Европа, Ресей жаққа кеңінен тарап кетуіне Қытан/Қидан мемлекетімен сауда-саттық жасаған көпестердің ықпалы көп болған. Олар: кидан/катай/кытай/хытай/китай деп атап кеткен. Ал қытайлықтар өздерін чжунго/жұңго деп атайды: қытай. чжун/жұң «орталық» + го «мемлекет» (Малявкин, 1981) сөздерінен бірігеді. Қытайды парсы тілдес елдер Шын/Чин деп атайды, себебі алғашқы қытай империясының Цинь атауымен байланыстырады. Көне түріктер оларды табғач деп атағаны мәлім.

Ұлы Жібек жолы осы қытайлар құпия өндірген жібек маталарын саудалау үшін пайда болғаны тарихтан белгілі. Негізгі жол Қытай – Орта Азия – Византия – Иран – Европа бағытында жүргенімен, оның жан-жаққа тараған көптеген тармақтары болғаны қазіргі кезде анықталып отыр.

Он оқ. Көне түркі ескерткіштерінде «Он оқ бүдүн» түрінде жазылған (Кт(6), 19-жол). Барлық зерттеушілер Он оқ бүдүн этнонимі Батыс Түрік қағанаты атауының орнына қолданыла беретінін, өйткені этноним Батыс қағанаттың негізгі тайпалары болған Дулудың маңына топтасқан бес тайпа мен Нушибидің маңына топтасқан бес тайпаны қосып «Он оқ бүдүн» деп аталғанын мойындайды (Гумилев, 1994, 60, 147). Мұндай топтастыру 635 жылдары Батыс қағанат қағанының әмірімен жүріп, ежелгі дәстүр бойынша, әр руға бір-бір жебеден таратылып берілгендіктен, Он оқ «он тайпа» атуы пайда болған (сонда, 210-211). М.Қашқари оқ «енші, үлес, бөліс» мағыналы сөз екенін атап көрсетеді (Қашқари, 1997, 66).

Соғды. Этнонимнің өзі – Соғд, ал Соғдақ «Баласағұнға келіп мекен тепкен бір қауым жұрт. Олар соғдылардан. Бұхара мен Самарқанд арасында тіршілік еткен. Кейін түріктеніп кеткен (Қашқари, 1997, 531). Соғд этнонимі туралы көптеген болжамдардың ішінде екеуі өктем: 1. Соғд иран. сухта «отпен тазартылған» мағынасынан шығады (Мульдияров, 2015, 31). 2. Соғд соғд. сақ, скиф, ашқуз этнонимдерімен байланысты шыққан (Обольченко, 1992, 45).

Соғдылар ежелден шығыс пен батысты жалғастырушы және Ұлы Жібек жолын салған саудагер халық болғаны тарихтан мәлім. Ендеше этнонимнің уәжін осы кәсіптен іздеу керек. Біздің зерттеуіміз бойынша, соғды парсы. соуда «сауда» (Жеменей, 1994, 296) сөзінен шығатындай. Соғда/соуда сөздеріндегі ғ-у дыбыс алмасуы түркі тілінде бар құбылыс: жайлағ/жайлау, қыстағ/

қыстау. Ал Соғдақ<соғд+дақ (бір нәрсенің молдығын, тәндігін білдіретін жұрнақ: құм+дақ, шаң+дақ) тұлғаларынан жасалып, «саудашыл, саудагер» деген мағына береді. Бұл атау парсы, түркі тілдерінің араласуынан жасалған.

Көбінесе «Алты баулы Соғдақ», көне мәтіндерде «алты чуб Соғдақ», түрінде кездеседі. Бұл атаудың шығу тарихы былай. Шығыс Түркі қағанаты құлап, Тан империясына бағынған кезде (630-шы жылдары), соғдылар да табғаштарға бағынышты күйге түседі және бөліп-бөліп билеуді жақсы көретін Тан империясы соғдыларды алты округке бөліп орналастырады (Малаявкин, 1981, 74-75). Сол кезден бастап, Алты баулы Соғдақ атауы пайда болған. Мұндағы чуб қытай. чжоу/чыу «аймақ, облыс» сөзі екені анықталған (ДТС, 1969, 156).

Табғач. Көне түркі ескерткіштерінде жиі кездеседі және Жібек жолы осы елден басталады. Табғач қытай. thag-bar < thag-bat этнонимі Солтүстік Қытайда қалыптасқан Солтүстік Вэй (б.д. 386-534 жж) династиясының аты (ДТС, 1969, 526). Л.Н.Гумилевтің айтуынша, Солтүстік Қытайды бір империяға біріктірген Тоба тайпасы болған және ол Тоба-Вэй деп аталған (Гумилев, 1994, 8).

Профессор Т.З.Қайыркеннің ғылыми еңбегінде табғач этнонимі Тан империясына қарата айтылатыны байқалады (Қайыркен, 2008, 31, 53). Қалай болса да, табғач этнонимі «қытай», «қытайлықтар» мәнінде қолданылғаны анық.

М.Қашқари өз сөздігінде: «Тавғаш «машын» елінің атауы... Көне, үлкен нәрсенің барлығы «табғаш едзі» аталады... Табғаш хан дегеннің «мемлекеті ежелгі ұлы хан» мағынасы бар» деген анықтамалар береді (Қашқари, 1997, 513). Ғалым осы түсініктемелері арқылы табғаш сөзінің этимологиясын ашып беріп тұр: табғач көне түркі. «көне, үлкен, көп (ел)» деген мағыналы сөз екен. Қытайдың ежелден мемлекеттер құрғаны, қала салғаны, жан саны көп екені ескерілген.

Таңғұт. Көне түркі. таңғұт/таңұт, қытай. дансян, моңғол, тангад, орыс. тангуд этнонимі қай тілден жасалғаны белгісіз, өйткені таңғұттар көне Жун халқы мен тибеттіктердің қосылуынан пайда болған (Гумилев, 1960). Таңғұттар тибет-бирма тіл тобында сөйлеген. 982 жылдары таңғұттар күшейіп, Солтүстік Қытайда Си Ся (Батыс Ся) мемлекетін құрады. Си Ся мемлекетін 1225-27 жылдары Шыңғысхан бастаған моңғолдар құлатады (Оссон, 1996, 179).

Татар. Татар этнонимін көне түркі. тат «жат, бөтен» (ДТС, 1969, 541) сөзімен байланыстыратын ғалымдар бар (мысалы, Н.А.Баскаков). М.Қашқари тат сөзіне жан-жақты анықтама беріп кеткен: «бүкіл түріктер арасындағы парсыша сөйлесетін адам», «...ұйғыр кәпірлерінің, мұсылмандыққа кірмеген ұйғырлардың атауы» (Қашқари, 1997, 408-409). Бұл болжамды қолдаушылар тат + ар (көптік

мәнді қосымша) тұлғаларымен жасалып, «жаттар, бөтендер» деген мағына береді дейді (Махпиров, 1997, 110).

В.В.Бартолд татарлар моңғол тектес халық болуы мүмкін деген жорамал айтқан еді, алайда «Түрік сөздігінде»: «Татар – түрік халықтарының бірі» деп анық жазылғын (Қашқари, 1997, 471).

Біздің ойымызша, татар этнонимі қытай. дади/дада «үлкен (көп) жау» сөзінен шығатындай (Русско-китайский словарь, электронды нұсқа бойынша). Атауға уәж болатын нәрсе: «Татарлар Қытайдың солтүстігінде шашырап жатқан көшпелі тайпалардың ішіндегі ең жақын орналасқаны және жан саны мен байлығы жағынан ең мықтысы болған» (К.д.Оссон, 1996, 63). Қытайлар таңған дади/даду/дада атауына -р (көне көптік жалғауын) кейін түркілер қосуы мүмкін: дадар/татар. Бұл нақты бір тайпаның аты болған, бірақ уақыт өте келе, бүкіл түркі, моңғолға «көп, күшті жау» мағынасымен таңылғаны белгілі.

Көне түркі ескерткіштерінде Тоғыз Татар, Отыз Татар этнонимдері кездеседі (Енисей, «Күлтегін» ескерткіштері). Мұндағы Отыз Татар этнонимі ол тайпаның отыз рудан құралған ірі тайпалық одақ болғанын тағы да дәлелдейді. Ал Тоғыз Татар этнонимі ойлануды қажет етеді, өйткені Тоғыз Оғыз, Тоғыз Түрк, Тоғыз Теле, Тоғыз Ұйғыр этнонимдері қытай жазбаларында кездеседі (Маявкин, 1981, 116). Мұндағы көп «тоғыз» не? Нені білдіреді? Біздің ойымызша, Қытайдың солтүстігін мекендеген ірі-ірі тоғыз тайпа: түркі, татар, оғыз (сегіз оғыз, тоғыз оғыз), қырғыз, ұйғыр, теле, қыпшақ, қарлұқ, түркеш – қайталанып айтыла беретін сияқты. Оларды татарлар билеп тұрғанда – Тоғыз Татар, оғыздар бағындырғанда – Тоғыз Оғыз, түркілер жаулап алғанда – Тоғыз Түрк, телелер билікке ие болғанда – Тоғыз Теле, ұйғырлар билегенде – Тоғыз Ұйғыр деп атап отырғанға ұқсайды. Мұнда аз, чік, басмыл, байырқу т.б. кішілеу тайпалар есепке алынбаған секілді.

Тәжік. Тәжіктер – иран тектес, парсы тілдес халық. Шығыс Иран, Ауғанстан, Тәжікстан, Өзбекстан т.б. елдер аумағында қоныстанған (Каландаров, 2004, 35-т). Тәжік этнонимі парсы. тазик «араб», «мұсылман» деген мағына береді дейді көптеген ғалымдар, өйткені арабтар жаулап алып, ислам дініне енгізген парсылар халифат армиясының құрамына алынып, бірге соғысқан (арабтанған парсылар – Б.Б.) (Бартольд, 1963, 68). М.Қашқари сөздігінде де тәжік «тәжік» түрінде берілген (Қашқари, 1997, 445).

Түпүт. Түпүт/Түбүт (Қашқари, 1997, 412) қазіргі Тибет жері мен елінің түрікше аталуы, яғни Түпүт – әрі – топоним, әрі – этноним. Көне тибеттіктер мықты мемлекет құрып, Табғаштарға (Тан империясына) батыстан қауіп төндіріп тұрған. Түркілермен, көбінесе, одақтас болып отырған (Гумилев, 1994, 246).

Түргеш. Түргес/Түргіш (ДТС, 1969, 599)/*Түргеш* – түркі этнонимдерінің бірі. А.Н.Кононов: түргеш < түрк + еш (көптік-жинақтық мәнді қосымша) арқылы жасалып, «түріктер» деген мағына беретінін айтады (Махпиров, 1997,96). В.Котвич: түргеш < түрк + еш «ұқсас, сияқты» деген мән беретін сөз екенін айта келіп, кейін осы сөз парсы. ман/мен сөзімен алмасқан дейді: тюргеш=туркмен «түркілерге ұқсас» (Махпиров,1997,96).

Біздің ойымызша, түргеш көне түркі. түрк + еш (кішірейту мәнді жұрнақ: бел+ес, дөң+ес үлгілес) тұлғаларынан жасалып, «кіші, шағын түрік» мағынасын береді. Уәж: Ұланғайыр жерді алып жатқан Түркі қағанатына қарағанда, аумағы шағын, жан саны аз тайпалық құрылымды Түркеш/Түргеш «кіші түріктер» деп атаған. «Күлтегін» ескерткішінде «Түргеш ханы түркіміз, өз халқымнан еді» (18-жол). (Орхонские надписи,2001,179) деген ақпарат бар, ендеше ағайын тайпа болғандықтан, «түрк+еш» атануға толық құқы бар ел болған.

Үрүм. «Күлтегін» ескерткішінде *Пұрм* түрінде таңбаланған (Кт(б) 4-жол). Зерттеушілер ол сөзді апұрым, парпурум т.б. тұлғада оқып келді, алайда бұл этнонимнің пұрм/үрүм/рим, яғни Византия екенін түрік ғалымы Баһауеддин Өткел дәлелдеп шыққан еді (Гумилев,1994,33). Рим сөзін түркілер протеза жасамай айта алмайтынын ескерсек, Үрүм тұлғасы тіл заңына қайшы келмейді. Қазақ тілінде «қызды Қырымға, ұлды Үрүмге қондырды» мәтелінде осы атау сақталып қалған. Түркі қағанаты Византиямен одақтас болып, жібек саудасымен айналысқаны тарихтан мәлім.

Чігіл. Чігіл/шігіл этнонимі туралы «Көне түркі сөздігі» түрік тайпасының бірінің аты екенін айта келіп, ауыспалы мағынада «қарапайым, қара халық» дегенді білдіретінін келтіреді (ДТС,1969,145). Ал М.Қашқари шігілдердің үш аймаққа бөлініп орналасқанын (Құйас қалашығы, Тараз-Талас қаласының маңы және Қашқар қыстақтарында) айта келіп, атаудың өзі Ескендір Зұлқарнайынның ин чиг-ил «неткен батпақ» деген сөзінен пайда болғанын атап өтеді (Қашқари,1997,452). А.Македонский сол жерге бір қорған бекет салдырыпты. Сол қорған бекет «Шігіл» деп аталып кеткен (сонда, 145).

«Китаб худуд ал-алам мин ал-машрик ила-л-магриб» жинағында Шігіл қаласы қарлұқтар мен чігілдердің шекарасында орналасқаны; мұсылман елдеріне жақын салынғаны; саудагерлер тоқтайтын, гүлденіп тұрған қолайлы қала екені айтылады (Худуд ал-алам, 16-бөлім). Бұл М.Қашқари жазып отырған қорған-бекет екені анық.

Осы мәліметтерден басқа Шігіл этнонимі туралы пікірлер кездеспейді. М.Қашқаридің анықтамасын халықтық этимология десек те, оның Шігіл қорғаны туралы айтқаны мен «Худуд ал-алам» кітабының дерегі мынадай шешімге жетелейді. Біздің ойымызша, Шігіл этнонимі көне түркі. шік/жік/

шек «шекара» (Кайдар, 2005,273) + іл/ел «ел, халық» сөздерінен бірігіп, «шекара халқы» деген мағына беретіндей. «Көне түркі сөздігіндегі» чігіл «қарапайым, қара халық» деген қосымша мән де осыған меңзейді, өйткені ертеде шекара бойына қарапайым, кірме халықтарды орналастырып, ақсүйектері астанада тұрғаны белгілі.

Шігіл тайпасының солтүстікте орналасқан Чік тайпасымен байланысы бар ма, білмейміз, бірақ екі этноним де чік/чек «шекара» мағынасынан ашылады.

Қорыта келгенде, Ұлы Жібек жолы көптеген ел, тайпа, ұлыстардың үстін басып өткені белгілі. Ол елдердің бірі Жібек жолы арқылы саудасын жүргізсе, енді бірі керуен жолдарының қауіпсіздігіне жауапты болды. Жібек жолын қолда ұстап, пайда табу үшін Қытай, Түркі, Иран, Византия мемлекеттері арасында үнемі күрес жүріп отырды.

Біз бұл мақалада Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан 15 шақты ел, ұлыстардың аттарына (этнонимдерге) ішінара этимологиялық талдау жасадық. Бұлар макроэтнонимдер болып табылады және жасалған талдаулар сол кездегі ру-тайпалар туралы мәліметтер бере алады деп ойлаймыз. Кез келген этимологиялық талдау болжамнан тұрады деген қағидаға сай, авторлардың ұсынған тұжырымдарын да жүз пайыз ақиқат деп қабылдауға болмайды, алайда сол ұсынылған болжамдардың бірінде этнонимнің шын мағынасы жатуы да мүмкін. Мұндағы этнонимдердің кейбірі күні бүгінге дейін сақталған, кейбірі басқаша атала бастаған, енді біреулері біздің заманға жете алмаған.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бартольд В.В. Соч., т.II, ч.1. М., 1963, 1965. – 304 с.
2. Бияров Б.Н. Өр Алтайдың жер-су аттары - Алматы, 2002/2019. 180-бет.
3. Гумилев Л.Н. Көне түріктер: көпшілік оқырман қауымға арналған. Алматы: «Білім», 1994 – 480 б.
4. Древнетюркский словарь. М., Л., 1969.
5. Жеменей И. Қазақша-парсыша және парсыша-қазақша сөздік. – Алматы, «Санат», 1994. – 368 б.
6. Кайдар А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алматы: Изд. «Арыс», 2005. – 304 стр.
7. Каландаров Т. Таджики. Большая российская энциклопедия. 35-т. М., 2004-2017.
8. Д,Оссон К. От Чингисхана до Тамерлана (Перевод и предисловие проф. Н.Козьмина) 2-е издание. – Алматы, «Санат», 1996. – 256 стр.
9. Кононов А.Н. Семантика цветообозначения в тюркских языках// Тюркологический сборник 1978, М. 1981. С. 37-74

10. Қайыркен Т.З. Көне түркі ескерткіштеріндегі қытай жазбалары (VII – XIV ғғ). – Өскемен: Рекламный Дайджест, 2008. – 336 б.
11. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы/ауд. А.Егеубай. Алматы: ХАНТ, 1997. – 1353 б.
12. Малявкин А.Г. Исторические география Центральной Азии (материалы и исследования). – Новосибирск: Наука, 1981.
13. Махпиров В.У. Имена далеких предков (источники формирования и особенности функционирования древнетюркской ономастики). – Алматы: Институт востоковедения МН-АН РК, 1997. – 302 с.
14. Мульдияров П.Я. О терминах сколот и парлат // Universum: Общественные науки. М., 2015. №4 (14).
15. Оболенченко О.В. Культура античного Согда по археологическим данным VII в. до н.э. – VII в. н.э. // М.: ГРВЛ, 1992.

ҒАЙША ИМАМБАЕВА

*Инновациялық Еуразия университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы*

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі кезде білім беру үрдісі жаңаша бағыт алған сәтте, көптеген өзгерістердің оқу бағдарламаларына еніп жатқандығын байқаймыз.

Баршамызға аян, өткен 2022 жылы аса көрнекті ғалым, тіл білімі мен әдебиет теориясының негізін салушы, ұлттық жазудың реформаторы, қазақ халқының ойшыл ақыны, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толу мерекесін атап өтуіне арналған екенін білеміз.. Өйткені, өз кезінде тіл білімі, әдебиеттану, әдістеме, аударма ісі салаларымен қоса, халқымыздың сауаттылығын қалыптастыру мақсатында білім беру жолында аянбай еңбек еткен Ахмет Байтұрсынұлының мұрасы қазіргі қоғамның әрі қарай дамуында да маңызы зор. Ұлы тілші оқудың әдістемесіне ерекше көңіл бөліп, өз заманының алдыңғы қатардағы әдіскері екендігі: бір тіл әдісінің екінші тілге келе бермейтінін, мәселен, екі тілдің заңы, емлесінің жүйесі бірдей болса ғана тиімді болатынын көрсетуі осыған дәлел. Ахмет Байтұрсынұлының әр салаға қатысты құнды тұжырымдамаларын негізге ала отырып, өз еңбектерімізге басшылық етіп, барынша пайдалануымыз керек.

Қазіргі жастардың отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыруда, ұлтжандылық сезімдерін оятып, өз елін, салт-дәстүрін, тілін, дінін құрметтеуге бағыт беретін тәрбиелік мәні бар істерінде «рухани көсемнің» орны ерекше, ақыл-кеңесі, барша өмірі өнегелі үлгі.

Бүгінгі ақпараттық кеңістік қарқынды даму үстінде. Көптеген өзгерістерге ұшыраған қазіргі қоғам білімді ұрпаққа зәру. Демек, әлеуметтік мәселелердің дұрыс шешімін табу ісі тек сапалы білім алған ұрпақтың қолында екендігін мойындамасқа болмайды.

Бұдан екі жыл бұрын болған қуантарлық жайт-2022 жылы аса көрнекті ғалым, ұлттық тіл білімі мен әдебиет теориясының негізін қалаушы, ұстаз, қоғам қайраткері, ойшыл ақын, тілші Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл

толу мерекесі республика көлемінде, соның ішінде, Павлодар облысы, Кереку өңірінде де аталып өтті.

Ғалымның ғылыми-әдістемелік мұрасы, ел-жұртына адал, тағылымды тұлғасы жайлы «Павлодар облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшылығымен жоғары оқу орындары, қала мен аудандық ауыл мектептері, болашақ әскери мамандық иегерлері-жастар қауымын қатыстыра отырып, С.Торайғыров атындағы облыстық кітапханада Ахмет Байтұрсынұлының мерейтойына арналған бірнеше әдеби шаралар өтті. Осындай игі істің жалғасы басқа да оқу үрдісінен тыс, мекеме-ұжымдарында, мәселен, Кеден басқармасы, Ұлттық статистика бюросының Павлодар облысы бойынша департаменті өткізген кездесулерде орын алып, ұлы тілшінің халқына адал еңбек еткен адами қасиеттері, шығармашылығы жайлы сөз болып, Ахмет Байтұрсынұлының өз заманында көтерген мәселелердің қазіргі кезде қоғам ішіндегі орны мен рөлі жайлы талқылаулар өткізілді. Қазіргі кезде тарихи тұлғаларымыздың шығармашылық жолына зер салып, әсіресе, жастар ішіндегі ерекше ілтипат көрсету қуантарлық жайт. Бірақ қоғамның дамуына үлес қосатындай жұмыстар әлі де болса бір төбе. Оларды тек ойшыл жастар шешу жолын табады. Негізінен, қазіргі таңдағы қазақ филологиясының өзекті мәселелерінің біріне: кең байтақ еліміздің қоғам ішіндегі қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде өзінің функционалдық қызметін толық, өкінішке орай, өтемеуі жатады. Бұл жерде Ахмет Байтұрсынұлының адамның туған тілі ана тілі туралы айтқан құнарлы ой-пікірлерінің маңызы зор.

«Тіл тағдыры – ел тағдыры» дегендей, бүгінгі күнге дейін тіл мәселесі өзекті мәселелер қатарында тұр. Жас ұрпақтың ұлтжандық сезімдерін ояту, сапалы білім беру арқылы қырық пайыздай, әлі де болса, өз ана тілін өгейсітіп жүргендерімізді қатарға қосу істері ұстаздар қауымына артылып отыр. Қазіргі таңда қазақ тілін оқытудың үш түрі бар, олар; өз қандастарымызды ана тілі ретінде оқыту, екіншіден, мемлекеттік тіл ретінде оқыту және шет тілі ретінде оқыту түрі. Әрқайсысының оқыту әдістемесі әр басқа. Мәселен, шет тілі ретінде оқытқаннан гөрі, тілге ешқандай грамматикасыз үйреткен ұтымды сияқты. Әлемдік кеңістікке көз жүгіртсек, ешқандай айрықша дамыған елде мемлекеттік тілді білмеу деген мәселе жоқ. Қазіргі таңдағы тілді жетік игерудің әлемдік ұстанымына сүйенсек, адам баласының ана тілі – кез-келген білім саласының басты қазығы болып есептелегенді. Осыған орай, қазақ тілін ана тілі ретінде оқытуда басшылыққа ғұлама ұстаз, әдіскер-ғалым Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасын жан- жақты меңгеріп қолға алуымыз қажет. Ұлы тілші оқудың әдістемесіне ерекше көңіл бөліп, өз заманының алдыңғы қатардағы әдіскері екендігі: бір тіл әдісінің екінші тілге келе бермейтінін, мәселен, екі

тілдің заңы, емлесінің жүйесі бірдей болса ғана тиімді болатынын көрсетуі осыған дәлел. Ахмет Байтұрсынұлының әр салаға қатысты құнды тұжырымдамаларын негізге ала отырып, өз еңбектерімізге басшылық етіп, барынша пайдалануымыз керек.

Бүгінгі ақпараттық кеңістік қарқынды даму үстінде. Көптеген өзгерістерге ұшыраған қазіргі қоғам білімді ұрпаққа зәру. Демек, әлеуметтік мәселелердің дұрыс шешімін табу ісі – тек сапалы білім алған ұрпақтың қолында екендігін мойындамасқа болмайды. Тіл халықтың рухы. Тіл – адамзаттың бір-бірімен пікірлесуін, түсінісуін, сөйлесуін қамтамасыз ете келіп, тілдік қарым-қатынасты іс жүзінде арттырады. Бұл жерде тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі». Қазақ тілі – ғасырларды жалғастырған ұлттық тұтастықты сақтаған, халықтың рухани қазынасы, ұлттық рухани ұясы, ұлттың қайнар көзі. Еліміздегі ұлттық экономикада орын алған нарықтық бағыттағы бетбұрыстардың қоғамдық өмірде түбегейлі өзгерістер тудырғаны белгілі. Бұлардың қатарына – мемлекеттік тілді жақсы меңгеріп алған білікті мамандар даярлау қызметі ерекше орын алады. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау – білім беру жүйесінің басты міндеті болып саналатындығы баршамызға аян. Осыған байланысты болашақ жас мамандарға білім беру барысы, ең алдымен, қазақ халқының тарихы мен тіл тарихына қатысты көптеген мәселелерді зерттеп шешу тіл білімінің салыстырмалы-тарихи әдісінің деректері мен жетістіктеріне негізделуді, соларды таяныш студі талап етеді. А. Байтұрсынұлы – өз заманының ағысына қарсы тұра білген қайраткер. Қазақ халқының рухани көсемі болып, болашақтың жарық, тыныш, көк аспан астында өмір сүруіне өзінің ақылын арқау еткен. Қазіргі таңда еліміздің қарқынды дамуына байланысты, көптеген мемлекеттер арасында тығыз қарым-қатынастар орнығып жатқандығы рас. Сондықтан болар, қоғам ішінде іс жүзінде белсенділік артып, баршамызға ортақ мәселелер де өзіндік шешімдерін тауып жатқан сияқты. Қоғамымызға маңызы бар, біршама игі істерге де, әр саланың ғалымдар қауымы жұмыла араласып, оларға қатысты мәселелерді шешуге ат салысып жүр. Қандай күрделі іс болмасын, оны жан-жақты талқылап, қарастыруы адам факторымен байланысты өтетіндігін ескермеске болмайды. Жазу емлесін зерттеу нәтижесінде, өз тарапынан араб жазуын қазақ тіліне икемдеген нұсқасын қазақ жұртшылығына ұсынған болатын. Қазақ тілінің үндестік заңын толықтай меңгере отырып, тілімізге тән 28 төл дыбыстарымызды сапалы, әрі сауатты түрде таңбалауға қатыст істерді алға тарту

үшін, бізше, осы жолдағы ақыл-кеңесті Ахмет Байтұрсынұлынан алуымыз керек. Ұлы ұстаз айтқандай:

«Жақсы әліпби тілге шақ болуы керек,

Жақсы әліпби жазуға жеңіл болуы тиіс,

Әліпбидің әріп-суреттері қиын болмауы керек, жазуды ұзақтатып, уақытты көп алмауы керек. Жақсы әліпби үйренуге де қолайлы болуы тиіс...», – деген бағыт бұл мәселенің шешер жолы. Терминология саласы да, ағартушы назарынан тыс қалмады. Ұлттық термин жасауға ат салысып, әлемге белгілі термин сөздерді аудармай-ақ, өз қалпында ұтымды қолдану арқылы, стильдің ғылымилығын сақтап қалуды біз терминология ісінің негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлынан үйренуіміз керек.

XX ғасыр басында қазақ терминологиясы дамуының бағыт бағдарын ғылыми тұрғыдан белгілеп, оның қағидаттарын жасау тұңғыш рет қолға алынды.

Ана тілі кез-келген білім саласының қазығы екендігін негіздей келе, тіл білімі саласын ғылыми тұрғыдан зерттеген қазақтан шыққан тұңғыш ғалым деп білеміз. Бұл жерде Ахмет Байтұрсынұлы грамматиканың етістікке тән күрделі етіс категориясын, сонымен қатар, рай категориясын да, толық қарастыруға бағытталған өзінің ғылыми-зерттеу еңбектерінің басты нысандары ретінде алады. Қазақ тілі грамматикасын қалыптастыруға елеулі үлес қосқан ғалымдар арасында да етіс түрі санына байланысты бірізді пікірлер жоқ екендігін білеміз.

Мәселен, ұлы тілші-ғалым Ахмет Байтұрсынұлы өзінің ғылыми еңбегінде етістің он түрін көрсеткендігінен бұл жерде ғалымның әр грамматикалық құрылымдарды тереңінен зерделеп, теориялық мәліметтерді тәжірибемен күнделікте толданыстағы тілдік орамдармен жақындастырып, ұтымды ұштастыра білгендігінің үлгісі деп білеміз.

Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл тағылымы» деген еңбегінде етіс он түрге бөлінеді деп жазады. Ғалым етістікте он түрлі етіс бар

деп көрсеткен:

1) сабақты етіс,

2) салт етіс,

3) ортақ етіс,

4) өздік етіс,

5) өзгелік

етіс

6) беделді етіс,

7) ырықсыз етіс,

8) шығыс етіс,

9) дүркінді етіс,

10) өсіңкі етіс [1]. Әрқайсысына тілші-ғалымның берген анықтамаларын үлгі тұтсақ, олар төмендегідей мәліметтерге тіреледі:

Сабақты етіске анықтама бергенде, бұл етісте еткен іске бір нәрсе сабақтаулы болса ғана, мәселен, осындай түрі анық көрініс табады, хат жаздым, шөп шаптым, қармақ салдым дегенге: «жаздым, шаптым, салдым» – істер.

Тілші-ғалымның анықтамасы бойынша: «Хат жаздым» дегенде – ісіне хат сабақталып тұр. «Шөп шаптым» – дегенде шабу ісіне шөп сабақталып тұр. «Қармақ салдым» дегенде – салу ісіне қармақ сабақталып тұр. Жалпы, тіл білімінде сабақты етістік болса, тілші-ғалым сабақты етісті көрсетеді. Толық мәлімет берген соң, еңбек авторы дағдыландыруға тиісті тапсырма береді. Бұл дағдыландыру тапсырмасы бойынша, тәжірибеде қолданылған кітаптан мақаланың бірін алып, соның ішіндегі сабақты етістерді көрсету керек.

Салт етістің анықтамасында өткен іске сабақталып, байланып тұрған еш нәрсе болмауы қажет, мәселен, «мен жүрмін, сен тұрсың, ол отыр». Сонда: менің жүргеніме, сенің тұрғанына, оның отырғанына сабақталып тұрған еш нәрсе жоқ деп белгіленеді. «Ержан күлді, Айман жылады, Сәуле жүгірді». Ержанның күлгеніне, Айманның жылағанына, Сәуленің жүгіргеніне сабақталын тұрған еш нәрсе жоқ, деп мысалдар келтіріледі.

Ғалым анықтамасы бойынша: «Жүрмін», «Тұрсың», «Отыр», «Күлді», «Жылады», «Жүгірді» деген сияқты сабақтысыз істі көрсететін сөздерді салт етіс деп көрсетіледі. Дағдыландыруға:

«Тиісті кітаптан бір мақала алып, сондағы салт етістіктерді көрсету» деген тапсырма беріледі. «Тіл құрал» еңбек авторы – Ахмет Байтұрсыновтың етіс жайлы аса қарқынды ғылыми көзқарасының дәлелі – беделді етістің түрін көрсетуінде жатыр. Мұнда қазіргі қазақ тілі грамматикасындағы өзгелік етіс есебінде тұрған беделді етісті жеке етіс түріне шығаруы, тілшінің шығармашылық сыры етістердің көлемін кеңейтіп, терең қарастыруынан байқауға болады.

Жоғарыда аталған етістің он шақты түрінде тілшінің берген анықтамасына сүйенсек, әрқайсысының басты ерекшеліктері аталады да, әр етістің мағынасы мен қызметі нақтыланып, етісті кең шеңберде қарастырудың жолын ашу деп қабылдауға тура келеді. Аталмыш етіс категориясына тілшінің терең ой жіберген ғалым екендігін қабылдай отырып, оның еңбектері күні бүгінге дейін құндылығын жойған жоқ. Сайып келгенде, А. Байтұрсынұлы еңбектерін зерделеп, қазақ тілі құрылысына қайта үңілгенде тіл табиғатын, жүйесін неғұрлым айқын сезініп, терең тануға болады. Бұндай көзқарас етістікке тән етіс категориясын зерттеп, анықтау бағытына керекті жайт. Тіл тарихында рай категориясы көне дәуірден бері қолданылып, дамып отырған. Түркі тілдерінің тарихын зерттеуші ғалымдар еңбегінде рай қосымшалары сандық жағынан да, мағыналық жағынан

да бай болғандығы айтылады. Қазіргі түркі тілдері материалдары негізінде пікір айтқан авторлардың да рай қосымшаларының саны туралы пікірлері де бірізді бола бермейді. Бірақ қазақ тілін зерттеуші ғалымдар арасында мұндай пікір алалығы жоқ десе де болады. Дегенмен, А.Байтұрсыновтың «Тіл құралында» райдың әдеттегі үш түрінен тыс бірнешеуі көрсетіледі. 1954 жылы жарияланған академиялық грамматикада райдың бес түрі (бұйрық, шартты, ашық, тұйық, қалау) берілсе, кейінгі кезде жарық көрген оқулықтарда тұйық рай деп аталатын «у» формалы етістіктерді қимыл атауы, немесе қимыл есімі деп атап, жеке категория ретінде бөліп қарайды. Етістік рай – мазмұны мен формасы жағынан аса бай категория. Өйткені ол шақ формаларымен де, есімше, көсемше, қимылдың өту сипатын білдіретін формалармен де т.б. байланысты болады [2]. Ахмет Байтұрсынұлы аударма ісімен де көп араласқан шебер әдіскер. Ол қазақ тіліне А. С. Пушкин, М. Ю.Лермонтов, И. А.Крыловтың бірсыпыра шығармаларын аударды. Ресей ақын-жазушыларының туындыларын қазақ тіліне аудару барысында, шығарманың түпнұсқалық мазмұнын сақтай отырып, өзге тілге автордың идеясын шеберлікпен жеткізе білді. «Аударма ісі – өнер» екендігін меңгеру арқылы екі тілдің өзіндік ерекшеліктерін сақтай отырып, түпнұсқа мен аударма өнімін ұтымды ұштастыра, қазақ тілінің көркемдік жақтарын тиімді қолданып, оқырман қауымына тіліміздің байлығын көрсетті.Сөйтіп, орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, көркем қазынаның бұл саласын байытуға мол үлес қосты. И.А.Крылов мысалдарының бір тобын қазақ тіліне аударып, «Қырық мысал» деген атпен жеке жинақ қылып бастырды. Мәселен, оның «Маймыл мен көзілдірік» мысалының аудармасында: теңеу, әсірелеу, алмастыру тағы басқа сөз орамдарын шеберлікпен пайдаланады. И.А. Крыловтың мысал аяғында орын алған астарлы ойды қазақ тіліне өз бағытымен тұспалдап жеткізіп, аударма өнерінің шеберлігін іс жүзінде көрсетті. Бұған төменде келтірілген И.А. Крылов шығармасының аудармасынан үзінді.

Пайдалы затты орнына жұмсай алмай,

Сөгетін пайдасыз деп жоқ па адамдар?!

Әлем ұстанымын қолға алып, айрықша дамыған жаңа ел боламыз десек, халықтың рухы-тілімізге ерекше құрмет етейік! « Мемлекеттік тіл – ел тірегі!» Жастар қолындағы бұл игі іске ашық жол! Ғұлама тілшінің өмір жолы -бізге үлгі!

Мемлекеттік тіліміздің мәртебесін дамытуда жастар да, белсенді араласулары тиіс, жастардың да рухани ұстанымдары биік болулары керек. Адал еңбек-шығармашылыққа бағыт береді. Көлеңкеде қалып қалған дарынды жастардың саны көбейе түседі, бұл үлкен жетістік, сонымен қатар, өнертабыстыққа жол ашылады. Қоғамда әділділіктің орнығуының басты құралы – халыққа сапалы қызмет көрсету. Тарихқа көз салсақ, халқымыз табиғаттан өте дарынды

болғандығын – бұған дәлел ретінде Ахмет Байтұрсынұлының жарқын бейнесін бүкіл әлем зиялылары мойындап, бағалап отырғандығы баршамызға аян. Білімді жастардың жарқын болашағын аңсаған ұлы ұстазымыздың арманына жетуге кәміл сенім артамыз. Өз істеріне құштар жас буын жамандық жолына бармайды, еңбектенген азамат-басқаның да еңбегін бағалай біледі! Айрықша дамыған елдер сияқты, мемлекет тарапынан жас ұрпақты тәрбиелеуге бөлінетін тиісті қаражаты қоры жақын арада шешімін табуы қажет. Мемлекеттік қорған жастарды, өз тарапынан, елінің жақсаруына үлес қосатындай белсенділік пен құштарлық ты арттырады. Жаңа Қазақстанға жастар арасынан, Ахмет Байтұрсынұлындай, заманауи ойшыл тұлға керекті. Өз еліне адал еңбек ететін, барлық мәселелерге белсенді араласатын, отансүйгіштік қасиеті басым, білгір, әрі ойшыл азаматтың күні туды. Қайсыбір саланың жас та болса, ізбасарын даярлаудың науқан кезі. «Көшті де батыр бастайды»-дегендей, ойшыл жастардан қоғам батырын алға тарту ісі келді. Ахмет Байтұрсынұлы білімді ұрпақты аңсағандай, әділділік жолындағы игі істер еліміздің жарқын болашағы. Жоғарыда айтылғандарымызды түйіндей келе, білімді ұрпақты аңсаған ғұлама ғалымдарымыздың ғылыми мұрасы қазіргі ұстаздар қауымының, уақыттың талабына сай, іс жүзінде белсенділіктерін арттырып, білім беру сапасын жоғарлатуға жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы: – Алматы, 231 – 274 б.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері // Бірінші тіл танытқыш кітап. – Қызылорда, 1925. – 312 б.
3. Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 368 б.
4. Қазақ тілі грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.

АЙНҰР ЖАЛДЫБАЕВА

*Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық
университетінің оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі*

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ ТІЛІ ҚАЗАҚ ТІЛІ БОЛУЫ ТИІС

Қазіргі жаһандану заманында ғылым күн сайын даму үстінде. Соның тағы бір жемісі – жасанды интеллект. Бұл қазіргі кезде адам санасының аналогы ретінде жасалатын сенімді бағдарлама желісі. Әрине, жасанды интеллект елімізде енді ғана өзекті мәселеге айнала бастаса, әлемде бұл сала 1956 жылдан бастап қолға алынған. Оның негізін салған «жасанды интеллект» атауын берген ғалым, америкалық бағдарламашы Джон Маккарти АҚШ-тың Дартмут колледжінде өткен ғылыми конференцияда бұл терминді алғаш рет қолданған [1, 85].

Нейрондық желі – адам миының көшірмесі деп қарайтын болсақ, жасанды интеллектіге ойлау шексіздігі тән қасиеттің бірі. Ғылымның осылайша қарқындап дамуы, мамандардың жұмысына мол септігін тигізді. Мәселен, ғылымда, білім саласындағы мемлекеттік коммуналдық мекемелерде, денсаулық сақтау орындарында, өндірістік салада қолданыс табуда.

Біз дамыған елдердің қатарына қосылу үшін ғылымға айрықша мән беруіміз керек. Яғни, ғылымды қарқынды дамудың төте жолы ретінде қарастыруымыз керек. Ұлы ағартушы-ғалым Ахмет Байтұрсынұлы: «Озғандарға жету керек. Жеткендерден озу керек» деген сөзі өзекті.

Жасанды интеллект туралы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Елімізде жасанды интеллект – қауіпсіздік жүйесі медицина, банк қызметі, логистика, білім беру салаларына ойдағыдай енгізіліп жатыр. Осы технологияны меңгерген компаниялар да пайда болды. Соған қарамастан жасанды интеллект индустриясын одан әрі дамыту үшін мемлекет кешенді қолдау көрсетуі керек. Мәліметтер мен технологиялық инфрақұрылым барынша қолжетімді болуы керек. Сондықтан қолайлы экожүйе қалыптастыру қажет. Сонымен қатар, бізге жасанды интеллектіні дамытатын тиісті институттар керек. Бұл мәселе бойынша айтылған ұсынысты мен қолдаймын» [2].

Ғаламданумен қарым-қатынаста тілді үйрену мен үйрету қажеттілігі күннен-күнге артып келе жатыр. Қазіргі кезде мемлекеттік тілді үйренуге құлықты

азаматтар саны артты. Тіл үйренушілер үшін жасанды интеллектіні пайдаланудың негізгі жолдарының бірі – мобильді қосымшаларды, интернет ресурстарды, онлайн платформаларды пайдалану.

Жоғары оқу орындарында өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқытуда жасанды интеллектіні (ЖИ) қолдану мақсаты – сандық қоғамдағы мемлекеттік тілді тиімді үйретудің жолы ретінде қарастыру. Жасанды интеллект әдетте адамның интеллектуалды қабілетін қажет ететін және жүйелерді құрумен айналысатын технологиялық құрал. Жасанды интеллект оқытуды, логиканы, жоспарлауды, сөйлеуді тануды, қабылдауды және есептерді шешуді имитациялауға және талдауға тырысады. Жасанды интеллектінің артықшылықтары келесідей:

1. Мәліметтерді тез арада алу;
2. Мәліметтерге негізделген тиімді шешімдер;
3. Инновациялық жұмыс орындар;
4. Энергия тасымалдаушыларға тәуелді болмау;
5. Субъектіліктің аздығы.

Бұл әртүрлі салаларда жұмыс істеудің әр аспектілерін автоматтандыру және адамның ойлау қабілетін формаландыру, модельдеу және оларды программалау моделімен айналысатын информациялық жүйе.

Шетелдік Thornbury, Harmer сынды тіл ғалымдардың зерттеуі бойынша адамның ойлауын тілді меңгеруге қысқа мерзімді жады уақытша телефон нөмірін жаттау, емтиханға әзірлену т.б. мен ұзақ мерзімді жады бірдей қатысады. Алайда екінші тілді тиісті дәрежеде меңгеру үшін, атап айтқанда, сөздік қорды күнделікті тұрмыста еркін қолдану үшін соңғы аталғанының маңызы өте зор.

Қазақ тілі – бай, ауқымды тілдің қатарына жатқандықтан, оны цифрлық технологиялар негізінде кез-келген білім алушыға ұсынудың бірнеше әдіс-тәсілдерін айқындауға болады. Біріншіден, цифрлық технология – тілдің сақталуы мен қолданым аясының кеңеюін қамтамасыз етеді. Бұл қазіргі ақылды үй, ақылды көліктерді, виртуалды көмекшілердің қазақша қолданылуына үлкен үлес қосады. Яғни, «шамды қос, немесе өшір», «солға немесе оңға жүр» деген сияқты қазақ тілінде басқару жүйелерін интеграциялауға әсер етеді. Сондай ақ жас ұрпақтың тілімізді ұғыну мен танылуына, коммуникациялық қолданылу жүйесіне, сөйлеу мен түсінуге ынталандырады [3]. Қазақ тілін оқытуда жасанды интеллект қолдануда тілдік дағдының 4-бағыты бойынша көптеген тапсырмаларды тиімді пайдалануға болады. Жасанды интеллект адамның интеллектісін түсіну үшін компьютерлерді қолданудың ұқсас міндетімен байланысты, бірақ ол міндетті түрде биологиялық тұрғыдан сенімді әдістермен шектелмейді.

Аталмыш тақырып бойынша біршама зерттеулер жүргізілді. Атап айтсақ,

қазіргі кезде «Тіл қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығында, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде де жүйелік индикаторлар ойлап табылған, әрі іске асырылуда [4].

Қазақ тілі сабақтарында ЖИ қолдану ең бірінші коммуникативті құзыреттіліктері дамытуға бағытталауы тиіс. Білім алушыларды сөйлеуге, айтылған ақпаратты түсінуге, өзінің ойын жеткізуге дағдыландыру. Бұл бірінші кезекті сөздік қор, 4-дағды негізі мен осы құралдарды қолдана отырып қазақ тілінің құндылығын түсіндіруге және білім алушының метапәндік дағдыларын дамытуға жол ашады. Білім алушы ЖИ қолдану барысында сыни ойлау, креативті ойлау, мәселелерді шешу, сұрыптау, жүйелеу, анализ жасау жоғарғы ойлау деңгейлерін де дамыту қажет.

Жасанды интеллект білім беруде қолданылуы мүмкін тағы бір сала интеллектуалды репетиторлықты дамыту. Бұл жүйе ЖОО-дағы студенттерге саналы түрде тілді жетік меңгеруге ықпал етеді. Оқытушының мақсаты – мемлекеттік тілді кәсіби меңгерту. Осы мақсат негізінде арнайы мазмұндық бағдарлама әзірленіп, деңгейлік дәрежеге сай мәтіндер мен тапсырмалар, аудармалар, модульдер негізі жүйеленетін міндеттер қойылады.

ЖИ негізінде ChatGPT- қосымшасын білім алушылар өзінің қажеттілігіне жаратып қана қоймай, идея алу үшін оңтайландыруы қажет. Егер білім алушы ChatGPT- қосымшасын тек өзінің қажеттілігіне ғана қолданатын болса, «академиялық адалдыққа» жатпайтын іс-әрекет деп есептелінеді.

ЖИ сабақта қолдану қажеттілігінен білім алушының цифрлық құзыреттілігі пайда болады. Цифрлық құзыреттілікке цифрлық сауаттылық, медиасауаттылық, ақпараттық сауаттылық кіреді.

Цифрлық сауаттылық туралы М.В.Кузьмина былай деген: «Цифрлық сауаттылық – әлеуметтік форматтағы қарым-қатынас құру қабілеті, қарым-қатынас әдебін сақтау және қарым-қатынас кезінде мұқият бола білу» [5]. Цифрлық сауаттылық ұғымының аясы кеңейіп, өз ішінде бірнеше сауаттылық түрлерін қамтиды. Олар төмендегідей:

1. Компьютерлік сауаттылық
2. Ақпараттық сауаттылық
3. Медиасауаттылық
4. Коммуникативтік сауаттылық
5. Визуалды сауаттылық

Бұл сауаттылықтар: компьютерлік операциялық жүйелерді және бағдарламаларды түсіну, цифрлық мазмұнмен жұмыс істеу, медиаконтент құру, әлеуметтік желілерде және ортада қарым-қатынас этикасын сақтау, түрлі сурет, сызба мен диаграммалар мен шартты белгілерді түсіндіре білу қабілеті.

Сабақ үдерісінде ЖИ қолдана отырып, оқушылардың медиасауаттылығын төмендегідей дамыта аламыз:

1. Жаңалықтарды талдау;
2. Сыни ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған сұрақтар ұсыну;
3. Дереккөздерді салыстыруға бағытталған тапсырмаларды ұсыну;
4. Медиа-материалдар әзірлеу;
5. Шынайы өмір жағдайында кездесетін кейстерді талдау.

Тыңдаушының жекелік ерекшелігін ескерудің маңыздылығы. Қызығушылықты, қажеттілікті, психологиялық ерекшелікті, жас шамасы мен жынысына, әлеуметтік жағдайына сай келетін сөздік қорды тыңдаушыға ұсыну нәтижелі әрі өнімді болары сөзсіз. Мәселен, тыңдаушыға сүйікті музыка жанрынан болып келетін әнді тыңдап, тапсырма орындауды ұсыну арқылы мақсатты оқыту әрекетін (лексикалық қорды байыту) жүзеге асыра аламыз.

Оқытушының ресурс ретіндегі қызметі:

- Тіл үйрету стратегияларын жетік игеруі
- Оқушы қажеттілігін (тақырыптық қызығушылығынан хабардар болу, сөздік қоры мөлшерін бағамдай білуі, сынып пен жеке оқушының жылдамдық межесін бағалауы мен үйлестіруі) аңғара білуі
- Мұғалімнің тікелей үлгі (модель) бола алуы.

Цифрлық қолданыстың барлығы ағылшын тілінен «digital storytelling» сөзінен шыққан. Бұл әңгімелеу, қызықты әңгіме өнері деген мағынаны білдіреді. Аталған әдісті Дэвид Армстронг жасаған [6]. Яғни әңгіме құру барысында психологиялық факторды ескере отырып, әңгімелердің жеңіл қабылдануы мен логикалық дәлелдер пайымдалады. Адам тыңдау арқылы сенімділікті қалыптастырады, әрекеттерді ыңғайластырады.

Кез-келген цифрлық әрекеттерді құруда өзіне жүйелері бар:

1. Автордың негізгі көзқарасы;
2. Назар аударатын сұрақтар қойылуы;
3. Эмоциялық мазмұндар арқылы ойландыру;
4. Дауыс ырғағының ерекше берілу әрекеті;
5. Фондық дыбыстар;
6. Ақпараттың ықшамдылығы;
7. Оқиғаның берілу қарқыны.

Қорыта келгенде, елімізде мемлекеттік тілді оқыту үшін жасанды интеллектті қолдану аясын кеңейтуіміз қажет. Білім беру саласында жасанды интеллект бағдарламалық оқылымға енгізудің тиімділігі орасан зор. Әсіресе, бұл саланы қазақыландыра дамыту жоғарғы оқу орындарындағы өзге тілді ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді меңгеруі үшін тиімді. Байқағанымыздай, болашақта

жасанды интеллект ел өмірінің барлық саласына енетін болады. Ол енді қиял-ғажайып ертегі де, тосын жаңалық та емес, адамзаттың жақын болашақтағы өмір дәстүріне айналу алдында тұр. Жасанды интеллектінің себебінен ғылым да үлкен секіріс жасап, адамзат дамуы жаңа арнаға түсетін болады. Бір сөзбен айтқанда болашақ жасанды интеллектімен тікелей байланысты екенін мойындап, бүгінгі күні бүкіл әлем назар аударып, көз ілеспес жылдамдықпен дамып келе жатқан жасанды интеллект тілі – қазақ тілі болуы үшін қажетті жұмыстарды қолға алу бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Асамбаев А. Ж. Жасанды интеллект негіздері: Оқулық. Алматы, ЖШС РПБК «Дәуір» 2011 ж. – 136 б.
2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев. 12 сәуір 2024 жылы Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында сөйлеген сөзі:
3. Лорьер Ж.Л. Системы искусственного интеллекта. Пер. с франц. - М.: Мир, 1991. - 568 с.
4. «Тіл-Қазына» жасанды интеллект бойынша жұмысын жандандыруда (мақала). <https://qazgpt.kz/index.php#about>
5. Abdrazakh Y., Turganbayeva A., Rakhimova D. Development and Study of an Approach for Determining Incorrect Words of the Kazakh Language in Semi-structured Data // In: Wojtkiewicz K., Treur J., Pimenidis E., Maleszka M. (eds) Advances in Computational Collective Intelligence. Communications in Computer and Information Science, – Springer, Cham, 2021. – vol 1463. – P. 535-545. (Scopus) https://doi.org/10.1007/978-3-030-88113-9_43
6. Рахимова Д.Р., Абдразах Ы.Қ. Жартылай құрылымды мәліметтердегі қазақ тілінің дұрыс емес сөздерін анықтау моделін зерттеу және әзірлеу // Труды международной научно-практической конференции «Ауэзовские чтения – 19: 30 лет независимости Казахстана». Том 1. – Шымкент: ЮКУ им. М. Ауэзова, 2021 г. – С. 3-8.

РАЯ ДӨРМЕНҚҰЛОВА

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
қазақ тіл білімі кафедрасының аға оқытушысы,
филология ғылымдарының кандидаты*

БАРЫС ЖАЛҒАУЛЫ ЕТІСТІКТІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРДІҢ ЖҰМСАЛУЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Сөз тіркесі синтаксисінде сөздердің сөйлемдегі тіркесе алу қабілеттігі, олардың байланысу тәсілдері мен тұлғалары, сөз тіркесінің құрамы мен мағынасы, сөз тіркесінің типтері қарастырылады. Осылардың әрқайсысының дәстүрлі жұмсалыу дағдысы, олардың тіркесу ережелері, заңдылықтары, берілу жүйесі мен амалдары болады.

Синтаксистің негізгі салаларының бірі сөз тіркесі тіл жүйесінде ерекше орын алады. Сөздердің бір-бірімен тіркесу заңдылықтарын, оның құрылымдық және мағыналық ерекшеліктерін ажыратып алмай, әрі сөз тіркестерін құраушы бөлшектердің тіркесу қабілеттілігі мен оларды байланыстыратын амал - тәсілдерді айқындап алмай, сөз тіркесі жүйесіндегі мәселелерге тоқталу мүмкін емес.

Сөйлемдер құрылысы мен сөздердің синтаксистік байланысының белгілі жүйесі болады. Сөз тіркестерінің ішінде бағыныңқы сыңарға қосылатын септік жалғауларының жалғану тәртібі бар. Септік жалғаулары сөйлем құрамына енген сөздерді бір-бірімен байланыстырып, оларды өзара синтаксистік қатынасқа түсіруде шешуші рөл атқарады. Әдетте, септік жалғаулы сөздер сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары болып келеді. Мысалы: көлге (*барыс септік*) барды, ағасымен (*көмектес септік*) сөйлесті, ауруды (*табыс септік*) емдеді. Зат есім және субстантивтенген басқа сөз таптары да септеліп, сөздердің байланысуына септігін тигізеді. Сөйлемдегі сөздердің бір-бірімен жақсы байланыста болуы мен ойды дұрыс жеткізуде септік жалғауының орны ерекше.

Қазақ тілінің сөз тіркесіндегі құрылымдық өзгерістерді, жұмсалыуындағы ерекшеліктерді анықтаудың, ондағы тіркесімдердің жүйелік және құрылымдық даму үдерісін айқындаудың маңызы зор. Тілдің қат-қабат жүйесінде сандық, сапалық өзгерістер болуымен қатар, грамматикалық құрылымның жетілуі ыңғайында кейбір тұлғалардың орындарының алмасып қолданылуы кездесіп

жатады. Мұндай құбылысты барыс жалғаулы етістікті сөз тіркестердің жұмсалыуынан байқауға болады.

Жалпы тілдік қолданыс, оның ауызша және жазбаша түрі де коммуника- тивтік қызмет атқарады. Осы қызмет барысында қалыптасқан тілдік амалдар мен грамматикалық тәсілдерді жұмсау нормалары берік сақталады. Әдеби тіл- дің жалпы халықтық негізі ретке келтірілген сайын оның байлығы, мәдениеті артып, жұмсалыу аясы бұрынғыдан да кеңейе түседі.

Тілімізде қолданылу аясы жағынан жіктелетін параллель амалдар көп, ондай ұқсастық болмағанның өзінде де форма жүйенің әлеуетіне қарай кең ауқымда қолданылмай, белгілі бір нормаларға бағынып, лексикалық топтармен, грам- матикалық көлеммен шектеледі. Осы тұста профессор Р.С. Әмірдің сөз тіркесі жүйесіндегі өзгеріс-құбылыстардың орнымен болуы туралы айтқан пікіріне назар аударайық: «Сөз тіркестерін орнымен дұрыс жұмсау – оның әр түрінің ішкі мағыналық, функциялық топтарын тілдік фактіге орай дәл тануға байла- нысты. Бірақ бұл оңай емес. Өйткені әр типтегі сөз тіркестері белгілі бір грам- матикалық амал бойынша жасалады» [1,9]. Тіліміздегі лексикалық байлығы- мызды сала бойынша саралап, норма тұрғысынан зерттеу стильдік талғам мен тіл мәдениеті дәрежесінің артуына ықпал етеді.

Профессор М. Серғалиевтің «Етістікті сөз тіркестерінің синонимиясы» атты оқу құралында қазіргі қазақ әдеби тіліндегі синтаксистік (еркін) сөз тір- кестерінің синоним болу мүмкіндіктері қарастырылған. Мұнда, әсіресе, септік жалғауларының бірінің орнына екіншісінің қолданылуы арқылы синоним ту- дыру ең өнімді тәсіл екенін мысалдармен дәлелдеген [2].

Өртүрлі (мағыналық) қатынасты білдіру үшін сөз тіркестерінің түрлі амал тәсілдермен құралған түрлері қолданылады. Олардың әрқайсысының өздерінің қолданылу орны болғанымен, әр түрлі лексикалық ортада мағынасын құбыл- тып жұмсалады. Мұндай құбылу оның бастапқы мағынасы негізінде туындап жататындықтан қайсысы дұрыс, дәл екендігін ажырату қиындық келтіреді.

Сөз тіркестері тұрғысынан алғанда әр түрлі қатынаста (мекендік, мақсаттық, амалдық т.б.) болатын тұлғалардың бір-бірімен алмаса жұмсалыуы байқалады: *жолын күтті- жолынан күтті, жанымен өтті-жанынан өтті*. Жалпы тір- кеске енетін сөздердің орындарын ауыстырып айтуға бейім тұруына басыңқы компоненттің ықпалы болады. Синтаксистік тіркесімділіктің заңдылығы бойын- ша көп реттерде басыңқы сыңардағы сөз бағыныңқының белгілі қосымша- ларды жалғауын керек етіп тұрады [3,589].

А.М. Щербак түркі тілдеріндегі септік жалғауларға сипаттама бере оты- рып, олардың өзара алмасып жұмсалыуы туралы өз көзқарасын былай білдіреді: «Септіктердің өзара алмасып жұмсалыуы немесе бір септіктің орнына басқа

бір септікті қолдану - өте сирек құбылыс. Бұл әр түрлі жағдайға байланысты, өзінің тарихи дамуының ішкі жағдайына, тілдік қатынасқа және септіктердің болмашы семантикалық ажыратылуына байланысты» [4, 8]. Демек, тіліміздегі жекелеген қосымшаларды көптеген сөзге жалғап айтуға болғанымен, олардың көбінің жалғану шегі бар.

Септік жалғаулары сөйлем құрамына енген сөздерді бір-бірімен байланыстырып, оларды өзара синтаксистік қатынасқа түсіруде шешуші рөл атқарады. Сөз тіркестерін орнымен дұрыс жұмсау - оның әр түрінің ішкі мағыналық, функциялық топтарын тілдік фактіге орай дәл тануға байланысты. Бірақ бұл оңай емес. Өйткені әр типтегі сөз тіркестері белгілі бір грамматикалық амал бойынша жасалады [5,9]. Тіліміздегі лексикалық байлығымызды сала бойынша саралап, норма тұрғысынан зерттеу стильдік талғам мен тіл мәдениеті дәрежесінің артуына ықпал етеді. Қазіргі қазақ әдеби тілі өзінің барлық ішкі мүмкіншілігін пайдаланып, дамып, жетіліп келеді. Халықпен бірге жасайтын әрбір тілдің сан ғасырлық өмірінде өзгерістер, жаңарулар, ауытқулар болатыны заңды.

Септік жалғауларының өзара алмасып жұмсалуды ғалымдардың назарынан түспей келеді. Қазіргі қазақ тіліндегі *жолығу, кездесу* тәрізді етістіктер екі түрлі септікті: барыс және көмектесті меңгеретіні мәлім. Рун жазбаларындағы көмектес септік (бірле шылауы) орнына барыс септіктің қолданылуы да меңгеруші етістіктің лексика-грамматикалық табиғатынан туған құбылыс. Бұл заңдылық қазіргі қазақ тілінде де бар [6,191]. Көрнекті түркітанушы М. Томанов осы пікірін әрі қарай дамыта түседі: «Көне түркі тіліндегі барыс септікпен жұмсалатын етістіктердің ішінен салт етістіктерді де сабақты етістіктерді де көруге болады. Кейбір етістіктер біздің тілімізге жеткенде өзінің меңгеру қабілетін кеңейтіп, ал кейбірінің сол қызметі ықшамдалып тарылғандығы байқалады. Мысалы, ай(айту), соқуш(жолығу), соғу(үйге соғу) етістіктері сондай». Ғалым қазіргі қазақ тілінде бұл етістіктер тек барыс жалғауын ғана емес, сонымен бірге табыс (айту), көмектес (соқуш) жалғауларын меңгеретінін айтады. Ал, гагауз тілінде барыс жалғауының орнына табыс жалғауының қолданылуы кездеседі. Негізінен айтқанда септік жалғауларының алмасып қолданылуы тілімізде ертеден келе жатқан құбылыс екенін, сонымен қатар түркі тілдерінің бәріне де тән екендігін аңғаруға болады.

К.С. Горбачевич «Нормы современного русского литературного языка» атты зерттеу еңбегінде меңгеру формасында қате болдырмау үшін, сөздің тек лексикалық мағынасын ғана емес, сол құрылымдардың грамматикалық мағынасын да ажырата білу керектігін ескертеді [7,163]. Меңгеру амалымен құрылған сөз тіркестеріндегі қателіктер құрылымдардың лексикалық және грамматикалық мағыналарын жақсы білмегендіктен болады.

Шығыс жалғаулы сөздерді қажет ететін қозғалыс мәнді етістіктер *барыс*, *көмектес* жалғаулы сөздерді меңгеру қабілеті жағынан біркелкі емес. Мәселен, *асу(таудан)*, *өту* тәрізді етістіктер тек шығыс жалғаулы сөздерді меңгерсе, ал *қашу*, *шығу* тәрізді етістіктер барыс септігіне қарағанда шығыс септігін басымырақ қажет етеді. Мысалы: Көп кешікпей Нұрке *кабинеттен* қайта *шықты* (І. Есенберлин). Мұндай етістіктердің бір қатары аталған септіктердің екеуінде қатарынан, тең дәрежеде қажет етіп тұрады.

Тілдің даму барысында болатын өзгерістер уақыт өте келе тұрақтылық сипат алып, қолданысқа енсе, кейде керісінше болуы да ғажап емес. В. Матезиустың пікірінше, «тілдің дамуы көп жағдайда бәрінен бұрын өзгерістерден пайда болады, алғашқы көзқарас бойынша қолданыстағы нормалар қате ретінде қабылданады» [8,380]. Шындығында, енді қалыптаса бастаған тілдік құрылымдарды алғашқы кезде қателік деп түсінуіміз де мүмкін.

Көне жазба ескерткіштерде септік жалғаулардың кейбір түрлерінің мағыналық жағынан дифференциацияланып жетпегендігі, көпшілік жағдайда бірінің орнына екіншісінің ауысып келетіндігі зерттеу еңбектерде айтылады.

Тіліміздің фактілеріне сүйенсек орын, мекен мағынасын көрсететін сөз тіркестерде барыс, жатыс, шығыс септіктерінің бірінің орнына бірінің жұмсала-тынын байқауға болады. Грамматикалық тұлғалардың нормаға түсу үдерісі көп уақытты, ұзақ қолданылу дәстүрін қажет ететін құбылыс екендігін ескерсек, бүгінге дейін етістіктердің меңгеру жүйесі толығымен аяқталды деп айта алмаймыз.

Септік жалғауларының бірінің орнына екіншісінің ауысып қолданылуы ауызекі сөйлеу тілінде ғана емес, көркем шығармалар тілінде де ұшырасады.

Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарлары мен басыңқы сыңарларын шартты таңбалармен белгілейміз және бұдан былай солай жазылады. **МЕ** – меңгеру амалы арқылы құрылған етістікті сөз тіркестері, **М_бЕ**, **М_тЕ**, **М_жЕ**, **М_шЕ**, **М_кЕ** мұндағы *б* - *барыс септік*, *т* - *табыс септік*, *- жатыс септік*, *ш* - *шығыс септік*, *к* - *көмектес септік*. Құрылымдық типі (бұдан былай шартты түрде осылай беріледі) **М_бЕ** болып келген сөз тіркесі былай оқылады: барыс септіктегі сөзді меңгерген етістік.

Септіктердің даму ерекшеліктері, олардың бір-біріне қатысы жөніндегі мәселелер арнайы зерттеуді қажет етсе, қай жұмсалым нормаға лайық, қайсысы нормаға жатпайды деген мәселе де тереңірек мән беруді қажет етеді. Соның ішінде барыс жалғаулы етістікті сөз тіркестердің қолданыстағы нормалық деңгейін арнайы қарастыру және синоним варианттардың мағыналарын сара-лап, оларды бір-бірінен ажырата білу мақсаты көзделеді.

Кез келген септік бірінің орнына бірін ауыстыруға көнбейді. Мәселен, *дәрі-*

гермен сөйлесті, суретті көрді, үйге кетті, есікті ашты тіркестеріндегі бағыныңқы сөздерді басқа септікке қойып осы объектілік қатынасты сақтай алмаймыз. Септік жалғауларының бірінің орнына екіншісінің ауысып қолданылуы сөйлеу тілінде ғана емес, көркем шығармалар тілінде де ұшырасады.

M_6E сөз тіркестерінің орнына M_7E , M_8E , M_9E және $M_{10}E$ сөз тіркестері қолданысқа ене алады.

Кесте 1 – Барыс септік жалғауының жатыс, табыс және көмектес септік жалғауларына алмасуы.

Барыс жалғаулы етістікті сөз тіркестері

Жатыс	Табыс	Көмектес
1. Екі аяғы бірдей үсіп, келген бойда аудандық ауруханаға жатты (Т. Нұрмағамбетов). 2. Діні бөлек, құдайы бөлек алуан тілді ондаған халық, жүздеген рулар бір, мемлекетке бірікті (Ә. Әлімжанов). 3. Осы жақында ғана ми қайнаған ыстықта суға бірге шомылған (М. Мағауин).	1. Жүрек соны аңсайды (І. Есенберлин). 2. Мен сенің сөзіңе де, қылығыңа да түсінбей кеттім (І. Есенберлин). 3. Шалды оқты көзімен ата атына мінді (Ғ. Мұстафин). 4. Отырықшылық пен егін салуға, сауда саттықтың жаңа үлгілері мен өндірістік түрлеріне үйретті (І. Есенберлин).	1. Орнынан төрт-тағандай көтеріліп, Мәдина-ның ізіне ілесті (А. Мекебаев). 2. Тұтқыш сары ала тонды киіп ауылды аралағанда бала-шаға, қатын-қалаш жиналып соның соңына ерді (Б. Майлин).

$M_6E \rightarrow M_8E$ сөз тіркестері.

M_6E болып құралған сөз тіркестерінің бастапқы мағынасы іс- әрекеттің бағытын білдіру болып табылады. Осы мағынаны негізге алып барыс септік формасы көптеген басқа мағыналық (себептік, мақсаттық, қатыстық) қатынасты білдіру үшін жұмсалады. Ол мағыналардың көрінуі сөз тіркесіне енетін сөздердің лексика-грамматикалық сипатына, олардың арақатынасына байланысты.

Сондай- ақ бірқатар сөздердің тіркесуі, олардың мағыналық қатынасы белгілі

бір стиль аясында ғана пайда болады. Мұндай жағдайда **М_бЕ** болып құралған сөз тіркесі басқа бір типті сөз тіркестеріне параллель келеді [1-кестеге назар аударыңыз].

М_бЕ сөз тіркестерінің білдіретін мағыналары:

1. Іс-қимылдың бағытын білдіреді: үйге кетті, суға түсті.
2. Қимылдың, істің объектісін білдіреді: *дәптерге жазды, бидайға толды.*
3. Меңгерілетін сөз есімше немесе қимыл есімді сөз болғанда етістікті тіркес *мақсат, себептік* қатынасты білдіреді: *жазғанға сенді, көмектесуге келді.*

Бұл қатынастағы тіркестер басқа да амалдар арқылы құрылған сөз тіркестерімен қызметтес бола алады: *жазғанға сенді-жазғандықтан сенді, көмектесуге келді-көмектесу үшін келді.* Мақсаттық, себептік қатынас білдіруде бұл үш түрлі (*-ға, -у үшін, -дықтан* арқылы құралған) тіркестің ерекшелігі жоқ, бірақ жұмсалы аясында ептеген айырмашылық бар. Айталық, барыс септікте меңгерілген сөзді қатыстыру арқылы себептік қатынасты білдіру үнемді, ықшам сөзді іздеу тұсында жұмсалса, *-у үшін, -ғандықтан* себептік қатынасты айқын таныту қажет болғанда жұмсалады.

М_бЕ сөз тіркестерінің **М_жЕ** сөз тіркестерінен аз болса да мағыналық айырмашылықтары байқалады. Мысалы, *аруханаға жатты - аруханада жатты* [1-кестенің 1-қатарында], *аулына қонақ етті - аулында қонақ етті* [4-кестенің 3-қатарында] тіркестерінің грамматикалық қызметі бірдей болғанымен, семантикасында айырмашылық бар. **М_бЕ** тіркестен динамикалық күй айқындалса, **М_жЕ** тіркесте статистикалық күйі, қалып мәні басым. Сондай-ақ осы септіктер етістіктің сипаттық қасиетін де аша түскен: **М_бЕ** сөз тіркесте (*ауруханаға жатты*) қимылдың болған бір мезгілін көрсетсе, **М_жЕ** тіркесте (*ауруханада жатты*) болған күйдің, қалыптың бір мезгілін емес, біраз уақытқа созылғандығын білдіретіні байқалады.

Кез-келген барыс септігіндегі сөзді сол мағынада жатыс септігіне ауыстыра беруге болмайды: *мемлекетке бірікті- мемлекетте бірікті* [1-кесте] Бұл жерде алдыңғы вариант мол ұшырасады. Басыңқы сыңардың бір септікті қажетсінуыңғайы байқалады.

Махмуд Қашқари сөздігінде мынадай фактілер де ұшырасады: сөз барыс жалғауында қолданылса да, жатыс жалғауын қабылдаса да оның синтаксистік конструкция құрамындағы қызметі де, мәні де өзгермейді: *оглан сувда чөмді-бала суға сүңгіді.* Бұл құбылысты Е. Ағманов екі септіктің де бір күйде қалыптасу сыры сол меңгеруші етістікте болу керек деп есептейді [9,162].

Жатыс септік жалғауы барыс септік мағынасында, соның орнына қолданылуы «Жамих- ат тауарих» шығармасында да жиі ұшырасады. Мысалы: (*Әйел*) *ерсіз тұл ерді; бір уақытда үйіндә ялғуз ерді; үйінің түңлігі ашылмыш, андин нұры*

пайда болды, аның құрсақы үстіндә түсті (31). Аны үйіндә, ордаларында ләшкері билән салып киті (88). [10, 102] Бұл сөйлемдердегі үстіндә, үйіндә, ордаларында деген сөздер үстіне түсті, үйіне ордаларына қалдырып кетті деген мағыналарда айтылып тұр. Осыған қарап, сол уақытта барыс жалғауының мекендік мағынасы мен жатыс жалғауының мекендік мағынасы бір-бірінен әбден ажырап, дифференциацияланып жетпеді ме екен деген ой туады. Септік жалғауларының мағынасындағы мұндай құбылыс Э.В. Севортянның «Категория падежа» атты мақаласында да айтылады.

Көне түркі тілінде $M_{\text{ж}}E$ сөз тіркестері $M_{\text{б}}E$ сөз тіркестерінің мәнінде жұмсалатындығы айтылып жүр. V-VIII ғасыр жазбаларында *эр эрдемідә бөкмәдім*-ерлігіме батырлығыма тоймадым (қанағаттанбадым), XI ғасыр жазбаларында *элігіндәгі нәңкі йердә урды*- қолындағы нәрсені жерге қойды тәрізді қолданыстар жиі ұшырасады. Жатыс септік жалғауының ескі түркілік бұл мәнінің қазіргі тілдегі көрінісі деп кейбір етістіктердің әрі жатыс, әрі барыс жалғауларын меңгеруін айтуға болар еді: *мектепте оқыды*- *мектепке оқиды* тіркестері осыған мысал болады. Бұлар да осы етістіктердің табиғатындағы бұрынғы диффузиялық семантиканың қалдығын көрсететін факт [9,176]. Сондай-ақ жоғарыдағы мысалдардан байқағанымыздай оқы етістігінің барыс септік жалғаулы (*далаға оқыр еді*) сөзбен байланысқанын байқаймыз. Енді осы тіркестің бағыныңқы сөзін жатыс септікке қойып айтуға болады: *далада оқыр еді*. Бұл жерде басыңқы сөз мекендік қатынасты білдіргенде жатыс жалғауын керек етеді. Екі тіркесті салыстырғанда мағынасында ептеп болса да айырмашылық байқалады. Мұндай тіркестердің ішінде $M_{\text{б}}E$ сөз тіркестерінің жұмсалымы орынды.

Қазіргі тілімізде барыс және жатыс жалғаулы сөз тіркестерінің синтаксистік қызметі бірдей болып келе беруі мүмкін (не объектілік, не адвербиалдық қатынасты білдіруі мүмкін), бірақ олардың мағыналық қатынастары әр түрлі болады.

$M_{\text{б}}E \rightarrow M_{\text{т}}E$ сөз тіркестері.

Жоғарыда келтірілген *аңса* етістігінің толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесінде табыс септігіндегі сөздің басыңқы сыңары болып келуі тілімізге таңсық емес. Бірақ оның сирек болса да, барыс жалғаулы сөзбен тіркесетін реттері бар: *қалаға аңсады, ауылға аңсады* [1-кестенің 2-қатарында]. Бұл сөз тіркестеріндегі бағыныңқы сыңардың барыс септік жалғауында келуі автордың сөз саптау ерекшелігін байқатады. Мұндай қатынастағы сөз тіркесінде барыс септігінен гөрі табыс септігін меңгеруі әдеби тіл нормасына жатады: *соны аңсады* [1-кесте].

Кейбір көркем шығармалардың тіліне назар аударатын болсақ, *түсін* етістігі қатысқан басыңқы компонент қызметіндегі синонимдік сөз тіркестері көп ұшы-

расады: *сырыңды түсінді, сырыңа түсіндім*. Жалпы қолданыста екі септікті меңгергенімен, жоғарыдағы мысалда қолданылу мақсатына сәйкес барыс септігі арқылы байланысуын қалайды: *сөзіңе де, қылығыңа да түсінбей кеттім* [1-кестенің 2-қатарында].

Екінші қатарда берілген төртінші сөйлемдегі *ат* деген сөзді барыс септікке қойып айтқанда, «нақты бір атқа (өзінің атына) мінді» деп ұғынылса, *атты* деп табыс септікте айтса «әйтеуір бір атқа мінді» деген мағыналық айырмашылық болады. Ең дұрысы *барыс септік* жалғауының жұмсалуды орынды.

Басыңқы сыңары *мін* сөзі көпшілік объект ретіндегі сөзді тек барыс септік формасында меңгереді деген профессор Р. Әмірдің пікірімен келісеміз. Сондай-ақ *ат, өгіз, бие, тай* сияқты сөздердің табыс септік формасында меңгерілуі - ерекшелік. Бұл тіркестіру ерекшелігі аталған заттардың тура объект ретінде қамти алынады деген ұғымға байланысты қалыптасқан болу керек [1,32]. Мысалы, Азадан соң Ербол өз үйінің бір дәу қызыл *өгізін мініп келді* (М. Әуезов). Бұл мысалда мінді етістік табыс септік жалғаулы сөзді меңгеріп тұр.

Басыңқы сыңары *үйрен, үйрет* болып келетін етістіктер табыс және барыс септігіндегі сөздермен тіркеседі. Бұл жерде мынандай жағдайды есте ұстаған абзал. Басыңқы сыңар салт етістік болғанда, бағыныңқының барыс септігінде тұруына біраз еркіндік бар екендігі байқалады. Егер ол (басыңқы сыңар) сабақты етістік болса, сөйлем ішінде онымен тіркесетін екі объект болса, олардың біреуі міндетті түрде барыс септігінде, екіншісі табыс септігінде тұрады: *оқушыларды жазуға үйрету-оқушыларға жазуды үйрету*. Мысалдағы *өндірістік түрлеріне үйретті* сөз тіркесін табыс септігіне (*өндірістік түрлерін үйретті*) қойып айту дұрыс, әрі норма болып табылады [1-кестенің 2-қатарын және төменде берілген 3-кестенің 1-қатарын қараңыз]. Профессор М. Серғалиев нақтылы объект туралы сөз болғанда *үйрет* етістігінің табыс септігін меңгеруін дұрыс деп тауып, *ұқыптылыққа үйрет, бұлдірмеуге үйрет, гуманизмге үйрет* сияқты барыс жалғауы арқылы байланысқан тіркестердің баспасөзде ғана емес, көркем шығармаларда көбейіп бара жатқанын ескертеді [2,19]. Уақыт өткен сайын мұндай дәстүрдің нормаға айналатыны белгілі.

Қазақ тілінің ежелден қалыптасқан нормасы бойынша *үйрет* етістігі екі септікті (барыс пен табысты) қатар меңгереді. Ал, бірақ қазіргі кезде баспасөз тілінде, кейде әдеби шығармаларда қалыптасқан нормадан ауытқушылық байқалып жүр. Егер бұрыннан қалыптасқан норма (*аюға намаз үйреткен, балаға ғылым үйреткен*) тұрғысынан қарасақ, мысалдағы *өндірістік түрлеріне үйретті* логика және грамматика ережелеріне қайшы құрылған. Шындығында, дұрысы *өндірістік түрлерін үйретті* болу керек. Мұны қалыптасқан нормадан ауытқушылық деп түсінуіміз керек. Осындай жағдайға итермелейтін сыртқы

(объективті) факторды С. Нұрханов айтқандай орыс тілі синтаксисінің нормаларынан іздеген жөн.

Осы тұста әдеби тіл нормаларының белгілері қандай болу керек дегенде мына пікірге назар аударайық. К.С. Горбачевич «әдеби тіл нормасының белгілеріне мыналарды: тұрақтылық, көпшілікке таратылған, жалпы қолданылатын және жалпыға міндетті, тіл жүйесінің мүмкіндігі мен дәстүрлілігінің қолданысқа сәйкестілігін жатқызады» [11,17].

Л.К. Граудина грамматикалық жүйенің тұрақтылығы көптеген факторларға, соның ішінде элементтердің әсері мен өзара әрекетінің дәрежесіне байланысты екенін атап өтеді [12,146]. Осы пікірден ұғатынымыз белгілі бір тілдік фактінің орнықты сипат алуына әсер ететін тілдік құбылыстарды, элементтердің өзара қарым-қатынасының деңгейін ажырата білуіміз керек. Бұл меңгеру амалымен жасалатын сөз тіркестеріне де қатысты.

Меңгеру жолымен құралған синонимдік сөз тіркестерінің ішінде мол қолданылып, тілімізде көп кездесетіндерінің қатарына *барыс* және *көмектес* септіктері жалғауларының алмасуынан жасалған тіркестер жатады. Кейбір етістіктер бағыныңқы сөзді екі формада меңгеріп, бір мағыналық қатынасты білдіре алатын кездері болады. Оны жоғарыда келтірілген мысалдардан көреміз. Ол алдымен тіркестегі тірек компонент етістіктің мағынасына байланысты болса керек.

$M_0E \rightarrow M_kE$ сөз тіркестері.

Мысалдардың ішінен *барыс* септік пен *көмектес* септіктің өзара алмастырылып жұмсалуына назар аударайық. Көп жағдайда бұл екі септіктің қатар келетін тұсы *жолықты, кездесті, кешікті, байланысты* сияқты етістіктермен тіркесімінде айқын көрінеді. Аталған етістіктер басыңқы компоненттер қызметін атқарып, қимылдың мақсаттылығын білдірсе, *көмектес* септік жалғауын керек етеді. Ал, қимыл, іс кездейсоқтықты танытса, *барыс* септік жалғауында тұрады. Мысалы: *мұғалімге жолықты-мұғаліммен жолықты* [1-кестенің 3-қатарына қараңыз] *мырзаға жолыққан - мырзамен жолыққан, 7-кестеде ақсақалға кездесті - ақсақалмен кездесті* мысалдары берілген. Мұндағы *жолықты* етістігімен объектілік тіркес жасайтын сөздің *барыс* септік және *көмектес* септік жалғауларын қабылдауы осы септіктерге тән көмектестік бағыт мағыналарын негіз қылып алуына байланысты [1,11]. Бұрын тіркесуі болмаған (немесе мүмкін емес) сөздер тіркесу қабілетіне ие болған. Олар көбіне аналогия бойынша жасалған болу керек.

Етістік атап тұрған қимыл-процесс объект сөздің *барыс*, *көмектес* септік тұлғада тіркесуіне мүмкіндік берсе, екіншіден, бұл етістіктердің объектіні *барыс* септік формасындағы сөздермен тіркесуі тарихи құбылыс болып табы-

лады. Барыс септік пен көмектес септіктің объектілік қатынасты білдіруде қатар жұмсалуды Орхон жазуларында осы күнгіден де мол қолданылғандығын көрсетеді [10,31].

1-кестенің 3-қатарындағы мысалдарда *ерді, ілесті* етістіктерінің барыс септігін меңгергенде де, көмектес септігін меңгергенде де жалпы берер мағынасы бір, айтарлықтай ерекшелік білінбейтін сияқты. Сөйлемдерде өзара алмасып қолданыла береді. Ал мағынасына үңіле қарасақ мынаны байқауға болады: барыс жалғауы арқылы арқылы байланысқанда, қимыл иесінің әрекеті сәл де болса бәсең сезіледі: *соңына ерді, қасына ердім* [2-кестедегі 3-сөйлемге назар аударыңыз].

Ал бағыныңқы сыңар көмектес, шығыс септіктерінде тұрса, қимыл иесі «ілестірушімен» де «ертушімен» де жақын әрекет жасайды: *соңынан ерді*. Профессор М. Серғалиевтің бұл айтқан пікірін құптаймыз [2,12]. Көркем шығармаларда бұл етістіктердің барыс және шығыс септіктерін меңгеруі қатар жүреді.

Септік жалғауларының өзара алмасып жұмсалу ерекшеліктері Абайдың қара сөздерінде де көптеп кездеседі. Ол Абайдың өзі жасаған септіктерді ауыстыру процесіндегі үлгісі болып табылады. Абай тілінде диалектизмдер ұшырасқанымен, ақынның тіліндегі грамматикалық амалдар қазіргі әдеби нормамыздан алшақ кетпейді.

Кесте 2 – Барыс септік жалғауының шығыс септік жалғауына алмасуы

Барыс жалғаулы етістікті сөз тіркестері



Шығыс	
1. Аздан кейін қалың жиде ағаштарының <i>жанына келіп тоқтады</i>	(І. Есенберлин).
2. Жәнібек пен Керей сұлтандар өз ордаларын Талас өзенінің <i>бойына тікті</i>	(І. Есенберлин).
3. Талай жақсының <i>қасына ердім</i> , сырын түйдім	(Ғ. Мұстафин).
4. Шегіншектей бере бар пәрменіммен <i>бастан ұрдым</i>	(М. Мағауин).

Барыс септігі мен шығыс септігін бірдей меңгеретін сөздердің көпшілігі қи-мыл-әрекетті танытатын етістіктер болып келеді. Мысалы, оларға *қал, салып қал, періп қал* сияқты етістіктермен бірге тік, тоқта, ти, ұр тәрізді етістіктер жатады: *басына тиді- басынан тиді; бастан ұрдым-басқа ұрдым* [2-кестеге қараңыз]. Жоғарыда аталған етістіктер меңгерілетін сөздер дене мүшелердің атаулары болған жағдайда екі септікті (барыс, табыс) де меңгереді, толық де-ненің атауы болғанда, не тек барыс септігінің не табыс септік жалғауы жалға-нады. Ал 5-кестенің 3-қатарындағы бағыныңқы сыңарды(*жағынан тартып жіберді*) мына үлгіде: $M_{\text{ш}}E \Rightarrow M_{\text{т}}E \Rightarrow M_{\text{б}}E$ көрсетуге болады. Бұл жағдай мең-герілетін сөздердің мағыналарына байланысты. Жоғарыда келтірілген бірінші, екінші сөйлемдердегі *жанына келіп тоқтады, бойына тікті* сөз тіркестеріндегі бағыныңқы сөз шығыс септігінде тұрғанда (*жанынан келіп тоқтады, бойы-нан тікті*) «сол жердің нақты белгілі бір бөлігінен орын алды» деген ұғым туса, барыс септігінде тұрғанда мұндай ұғым тумайды, «әйтеуір бір жерден тоқтады, не тікті» деген мағына береді.

Орхон-Енисей жазбаларында -ға тұлғасы бір нәрседен, кісіден ажырау мәнінде шығыс септік орнына да қолданылған: *сіз еліме кунчуйма огланыма будуныма сізіме алтмыш йашымда...(Е)*. «Сіздерден, елімнен, бәйбішемнен, ұлдарымнан, сіздердің барлығыңыздан алпыс жасымда (айрылдым)»[6,190]. Бұдан көне жазба ескерткіштерде де барыс және шығыс септік жалғаулары-ның алмасып жұмсалыу ерекшеліктерінің болғанын байқаймыз.

Енді жоғарыдағы үшінші мысалға назар аударайық. *Ер* етістігі объектінің ак-тив ролін танытқанда, барыс септігіндегі сөзбен, субъектінің белсенділігін көр-сету кезінде шығыс жалғаулы сөзбен тіркеседі. Көркем әдебиетте бұл етістік-тің барыс септігін (*қасына ерді*) меңгеруі әдеби тілдің нормасына жатады.

Тілдің синтаксистік жүйесінің даму барысында меңгеріле байланысқан сөз тіркестер құрамында өзгерістер болатыны туралы кезінде К.С. Горбачевич дәлелдеп жазған болатын. Ғалым-зерттеуші қазіргі орыс тіліндегі синтак-систік варианттылықтың пайда болуы мен меңгерудегі қайта құру себептеріне мыналарды жатқызады: а) келтірілген сәйкес формалар мен тілдік бірліктердің мазмұны; б) мағыналық және формальды-құрылымдық аналогия; в) сөз тір-кесінің басты компонентінің семантикалық қайта құрылуы; г) меңгеру фор-маларының жасалатын негізге әсері; д) стандартталған сөз блоктардың пайда болуы, бұл сөз тіркестері құрамының қайтадан ажырауына және дәстүрлі син-таксистік байланыстардың бұзылуына әкеп соғады [7,163]. Бұл айтылған пікір-ден меңгеру амалымен құралатын сөз тіркестердің де жасалуы осы негізгі заң-дылық арқылы орындалатыны күмән туғызбайды.

Кейбір көркем шығармалардың тіліне назар аударатын болсақ, барыс септігі

қолданылатын жерлерде шығыс септігінің жұмсалатынын байқауға болады. Жоғарыда келтірілген мысалдан [5-кестенің 1-қатарында] *кеудесінен тиді* сөз тіркесінің бағыныңқы компоненті негізінен барыс тұлғасын (*кеудесіне тиді*) қабылдайтыны белгілі. Мұндағы *тию* қозғалыс мәнді етістік барыс жалғаулы сөздермен тіркесіп, қақтығыс пен сүйкеніске түскен затты атап көрсетеді. Соған қарамастан шығыс септігінің жалғауы арқылы байланысуы тіл икемділігінің, оралымдылығының бір қырын танытса керек. Бұл тіркестердің айырмашылығы қолданылу ыңғайында көрінеді. Барыс септігі жұмсалатын бірінші вариант тек ауызекі сөйлеу тілінде ғана емес, жазба тілде де мол, әрі өнімді ұшырасады [1-кесте және 5-кестеге назар аударыңыз].

Шығыс жалғаулы сөздерді қажет ететін қозғалыс мәнді етістіктер *барыс*, *көмектес* жалғаулы сөздерді меңгеру қабілеті жағынан біркелкі емес. Мәселен, *асу(таудан)*, *өту* тәрізді етістіктер тек шығыс жалғаулы сөздерді меңгерсе, ал *қашу*, *шығу* тәрізді етістіктер барыс септігіне қарағанда шығыс септігін басымырақ қажет етеді. Мысалы: Көп кешікпей Нүрке *кабинеттен* қайта *шықты* (І. Есенберлин). Мұндай етістіктердің бір қатары аталған септіктердің екеуінде қатарынан, тең дәрежеде қажет етіп тұрады.

Барыс пен шығыс септіктерінің алмасып қолданылуының өзіндік себептері бар. Орта ғасыр ескерткіштеріндегі септіктердің алмасып қолданылуы қазіргі тіліміздегі алмасулармен сәйкес келмейді. Мұның басқа факторларға қатысты жақтарының бар екені сөзсіз. Қазіргі кезеңде етістіктің *салт*, *сабақтылық* қызметі айқындалған. Тіл тарихи даму барысында түрлі дәуірлерді басынан өткере отырып, әр дәуірдің өзіндік сипаттарын қабылдап отырған. Ол бір жағынан ежелгі дәуірлердегі септіктердің семантикалық жіктелуінің толық айқындалмауы болса, екінші жағынан, етістіктердің контекстегі қызметтерінің бүгінгіден бөлек өзіндік сипаттарында болуы мүмкін.

Норманың дамуы туралы пікір айтқан профессор А. Едличка былай деп жазады: «Норманың дамуы варианттардың көмегімен болады, олардың бір формадан басқа екінші формаға өтуі ережеге сүйенеді [13,553]. Сөз тіркестерінің варианттарын әдеби тіл өлшемі тұрғысынан реттеуде жазу нормасымен қабат тіліміздің синтаксистік заңдылығын ескерудің де айрықша маңызы бар.

Дәстүрлі синтаксистік норма вариант тұлғаларының даралануына айқын бағыт берді. Қазіргі қазақ тіліндегі меңгеру амалымен құрылған етістікті сөз тіркестерін синтаксистік нормаға негіздей отырып, оларды ретке келтіруде басшылыққа алатын жайттарды назарда ұстаған жөн. Тіл білімінде жарыспа тұлғалардың болуы заңдылық. Синтаксисте де көптеген жарыспа тұлғалардың әдеби сыңары орныққаны белгілі. Дегенмен әлі күнге дейін бірқатар тіркес-

тердің әдеби сыңары анық емес. Бірсыпыра варианттың таралу шегін анықтау арқылы олардың әдеби вариантын орнықтыруға болады.

Әдеби тілдің негізгі белгісі болып табылатын норма – тіл-тілдің қай-қайсысының да даму (қызмет ету) кезеңдерінің баршасына тән құбылыс.

Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестеріндегі варианттылықтың болуына тілдің дамуы мен сыртқы және тіл жүйесіндегі ішкі факторлар себеп болады.

Септік жалғауларының алмасып жұмсалуына орыс тілінің ықпалы туралы профессор М. Серғалиевтің жоғарыда аталған еңбегінде сөз болады. Мұндай әсер барыс және көмектес септіктегі сөздердің орын ауыстыра қолданылуында көзге түседі. Айталық, *байланысты* етістігінің меңгеру қабілетінен орыс тілінің әсері байқалады. 7-кестедегі мысалға назар аударсақ, *Ергешпен байланысты, ішкі дүниесіне байланысты* тіркестеріндегі бағыныңқы сыңарды, яғни көмектес септікті барыс септікпен және керісінше алмастырып айтуға болады. Дегенмен соңғы кездері тіл жұмсау дағдымызда көмектес септік жалғаулы сөздердің кең орын алып жүргені байқалады.

Салыстырмалы түрде берілген мысалдардан байқағанымыздай, бұл тіркестердің бүгінде барлығының қолданыста екені анық. Дегенмен ішінде бірен-саран мысалдардың жұмсалымы көбіне ауызекі тілде байқалады. Кейбірі жарыспа тұлғалардың қатарына жатады. Етістіктердің меңгеру қабілетінің жіктелген, сараланған дәуірінде барыс және жатыс септік жалғаулары да өздеріне лайық мағыналарға ие болғандығы белгілі. Көне түркі ескерткіштері тілінде барыс септігінің тұрақты мағынасы іс-әрекеттің бағытын білдіру болып табылады. Оның жатыс септік қызметінде қолданылып, мекендік, орын мағынаны білдіруі осы негізде туындаған.

Тіліміздегі сөздердің жасалуы, айтылуы мен жазылуы, сөз бен сөздің байланысы т.б. құбылыстар белгілі бір заңдылықпен болады. Тіліміздің сан алуан сырын, сан қырлы құбылысын, қоғамдық қызметін саналы түрде грамматиканы оқып жақсы білу арқылы терең меңгере аламыз.

Келтірген мысалдардың мағынасы жағынан қатар келуі олардың барлық жұмсалым жағдайында емес, көп мағынасының бір қырына ғана байланысты болады. Оны мынадан байқауға болады:

- Барыс, шығыс, көмектес септіктер негізгі басты мағынасы, қызметі жағынан жеке дара жұмсалады.

- Аталған септіктер себептік қатынасты білдіруде синонимдес болып келеді.

- Тіркестердің синонимдес болып келуінің өзі белгілі бір сөздерді жалғастыру тұсында ғана көрінуі мүмкін. Барыс септік есімшені, шығыс септік есімдерді көбірек байланыстырады.

- Тіркестегі басыңқы сөздің жұмсалу реттілігіне де қатысты.
- Септік жалғауларының бірінің орнына екіншісінің жұмсалуды бір жағынан септеулік шылаулардың тиісті орнында жұмсалмай, басқа септік жалғауларының орын алмастырып жұмсалудына жағдай жасайды.
- Жазба тіліне ауызекі сөйлеу тілінің ықпалы ерекше. Ауызекі сөйлеу тілінде мәтін ыңғайына қарай септіктер орын ауыстырылып және түсіріліп айту ұшырасады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әмір Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі: Оқулық. –Алматы: Санат, 1998. –192 б.
2. Серғалиев М. Етістікті сөз тіркестерінің синонимиясы: Оқу құралы.– Алматы: Қазақ университеті, 1991. –80 б.
3. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис.– Астана, 2002. –784 б.
4. Щербак А.М. К характеристике системы тюркских падежей в плане содержания // Советская тюркология. –1972. –№4. –С. 3-11.
5. Әміров Р. Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері. –Алматы: Мектеп, 1977. –100 б.
6. Томанов М. Гибратты ғұмыр/ ред. басқ. Ж.Қ.Түймебаев.-Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 612 б.
7. Горбачевич К.С. Нормы современного русского литературного языка. –М.: Просвещение, 1978. –239 с.
8. Матезиус В.С. Необходимости стабильности литературного языка// Пражский лингвистический кружок: Сб. статей. –М.: Прогресс, 1967.–С. 378-389.
9. Ағманов Е. Қазақ тілінің тарихи синтаксисі. –Алматы: Рауан, 1992. –240 б.
10. Қордабаев Т.Р. Тарихи синтаксис мәселелері (XV- XVIII ғасыр матер. бойынша). –Алматы: Ғылым, 1964. –244 б.
11. Горбачевич К.С. Изменение норм русского литературного языка. –Л.: Просвещение, 1971. –270 с.
12. Граудина Л.К. Словоизменительные варианты: вес переменных элементов в грамматике (формы существительных)// Грамматика и норма. –М.: Наука, 1977. –С. 144-170.
13. Едличка А. О пражской теории литературного языка //Пражский лингвистический кружок. –М.: Прогресс, 1967. –С. 544-556.

ОРЫНАЙ ЖҰБАЙ

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының докторы*

АБАЙТАНУШЫ ҒАЛЫМДАР – ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВ ПЕН РАБИҒА СЫЗДЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ДӘСТҮР МЕН САБАҚТАСТЫҚ

XX ғасырдың басында Абай мұрасын танытып, бағалауда Әлихан Бөкейхан, Кәкітай Ысқақұлы, Тұрағұл Абайұлы, Зейнелғабиден Өміре, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Самат Әбішұлы, Міржақып Дулатов, Ақымет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мұхтар Әуезов, Мағжан Жұмабаев, Ыдырыс Мұстамбайұлы, Телжан Шонанов, Құдайберген Жұбанов сынды зиялылардың еңбегі зор болды. Профессор Тұрсынбек Кәкішев қазақ әдебиеттану ғылымында абайтану ілімі М. Әуезовтің ерен еңбегінің арқасында қалыптасқанын айтады [1, 206-207-б.]. М. Әуезов Абай шығармаларымен ерте жастан (бес-алты жасынан) таныс болған. Ол туралы жазушы өмірбаянында айтады: «Әлі күнге есімде. Көктемнің тамылжыған ашық күні. Таңертең болатын. Қыстаудың алдындағы көгалда бұзаулар шапқылап, қозы лактар асыр сап жүр. Балаға одан артық қызық не бар. Ал аспан да әжемайтатын ертегідегідей ақ қанатты перілердей боп, күн нұрына шағылып аққулар тізіліп ұшып барады. Сыңқыл қаққан үндері сонау шырқау биіктен талып қана естіледі. Көктем күнінің осынау кереметі ұзаққа созылмай, ғайып болады: атамыздың таптар, аласа үйіне шақырады бізді. Қолындағы қалын қолжазбаны көргенде, неге шақырғанын біле қоям. Бұрынғыдан бетер ренжимін. Атам маған кітаптағы араб әріптерін көрсете бастайды. Айтуға бір оңайы болса игі, бірінен бірі өткен қиын... Бұл кітап – Абай өлеңдерінің жинағы. Абаймен дос болған әрі ақын талантына таңырқап ден қоюмен өткен Әуез оның өлеңдерін кітап қып көшіртіп алады да бізге сол арқылы қара танытпақ болады. Немерелері ұлы ақынның өлеңдерін жақсы көріп өссін деп те ойлайды...» [2, 60-б.].

М.Әуезовтің белсене ат салысуымен 1918 жылы Семейде «Абай» журналы шығады. Журналдың редакторы Ж.Аймауытұлы болды. Басылымның мақсаты – Абайды құрметтеп, атын тарихқа қалдыру болғандықтан, онда Абайдың ұлағатты сөздері, ақынға арналған өлеңдер жарияланып тұрады. Журналдың

екінші санында Ж.Аймауытов пен М. Әуезовтің «Абайдың өнері һәм қызметі» атты мақаласы жарияланады. М. Әуезов Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы көп ізденіп, көп дерек жинайды. Ғалым Абай шығармаларын жинастырып, 1918 жылғы «Абай» журналында, 1922 жылғы «Шолпан», 1924 жылғы «Таң» журналында бастырады, түрлі мақалалар жариялайды. 1922-1923 жылдары Ташкенттегі оқу орындарында дәріс бергенде де, 1923 жылы Ленинград университетінде оқығанда да Абайды танып-таныту жолындағы ісін жалғастырады. 1924 жылы Семейде Абайдың қайтыс болғанына жиырма жыл толуына байланысты әдеби кеш ұйымдастырады. Абайға қатысты материал жинау мақсатымен бірнеше экспедиция ұйымдастырады, табылған материалды жариялайды, баяндамалар жасайды [3, 23-24-б.]. 1925 жылы Қазақ республикасының оқу-ағарту халық комиссариаты Абай шығармаларының жаңа жинағын құрастыруды М. Әуезовке міндеттейді. Ол жинақтың алғашқы нұсқасы оқу-ағарту комиссариатының білім комиссиясында 1927 жылы талқыланып, мақұлданады. Сын-ескертпелерді реттеп, Абайдың ғылыми өмірбаянын жазу ісі біраз уақытқа созылып кеткендіктен, Абай шығармаларының толық жинағы 1933 жылы ғана М. Әуезовтің редакциясымен, І. Жансүгіровтің алғысөзімен шығады [1, 206-207-б.].

Абай шығармаларының тілі жайында Ғ.Мүсірепов, М. С. Сильченко, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов, М.Қаратаев, Т.Нұртазин, Т.Әлімқұлов, Х.Сүйінішәлиев, Қ.Мұхамедханов, З.Ахметов, Ы.Дүйсембаев, Б.Жакыпбаев, М.Сәрсекеев, А.Еспенбетов, Қ.Беккожин, М.Бөжеев, Е.Ысмайылов, З.Шашкин, Ә.Қоңыратбаев, З.Қабдолов, Т.Кәкішев, М.Базарбаев, С.Талжанов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев, А.Ысқақов, Р.Сыздық, Ш.Сарыбаев, Е.Жанпейісов, Қ.Өмірәлиев, Т.Қордабаев, А.Ісімақова, А.Салқынбай, т.с.с. ғалымдардың еңбектерінде сөз болды. М. Әуезов абайтану саласын қалыптастырумен қатар лайықты шәкірттер тәрбиелеп, абайтану саласының дамуына да зор үлес қоса білді. Мақала көлемі көтермейтіндіктен, бұл орайда ойымызды Қайым Мұхамедханов пен Рабиға Сыздық сынды абайтанушы ғалымдардың еңбектері негізінде өрбітпекпіз. Академик жазушы зерттеу тақырыбын ұсыну арқылы Қайым Мұхамедханов пен Рабиға Сыздықтың абайтануға келулеріне, Абайдың өмірі мен шығармашылығын зерттеулеріне мұрындық болған.

Саналы ғұмырын абайтану саласына арнаған Қайым Мұхамедханов 1930-1940 жылдары Абай мұрасын жинауды мақсат еткен экспедицияның құрамында жүріп, 500-ден астам құнды жәдігерді тапқан. Сондай-ақ шығыс әдебиетіне қатысты 300-ден астам материал жинақтаған. Соның негізінде 1940 жылы Семейде Абай музейін жасақтаған. 1941 жылы Абайдың балаларымен бірге 1896 жылы түскен суретін тауып, мұражайға табыстаған; 24 жасында «Алдымда ақын Абай

– Темірқазық» деген поэма жазады. Абайдың 100 жылдық мерейтойын атап өтуге байланысты құрылған комиссияның құрамында ғалым хатшы қызметін атқарады; 1947 жылы Абайдың Семей қаласындағы мұражайының директоры болып тағайындалады; Абайдың өмірі мен шығармашылығына қатысты деректер, тарихи фотосуреттерді тауып, жинақтайды; ғылыми айналымға түспеген 31 өлеңін тауып, Абайдың төл туындысы екенін дәлелдейді; табылған өлеңдерді жинақтарға енгізеді; 1961 жылы Абай шығармаларының екі томдық толық жинағын әзірлеуге ат салысып, 80 жол өлеңін жинаққа енгізеді; ақын шығармаларын текстологиялық тұрғыдан зерттеп, қате берілген сөздерді түзетіп, ғылыми түсінік жазады; М.Әуезовтің жетекшілігімен «Абайдың ақын шәкірттері» атты зерттеу еңбегін жазып, Абай мектебінің отыз өкілін анықтайды; Абай Құнанбайұлының әлем әдебиетіндегі орнын көрсетіп, «Абай мен Пушкин», «Крылов және Абай», «Абай мен Лермонтов», «Абай мен Бунин», «Абай және татар мәдениеті», т.с.с. тақырыптарда зерттеулер жүргізеді; «Абай шәкірттері және әлем мәдениеті» бағытында еңбектерін жариялайды; 1970 жылы Семейде Абай атында телевизиялық клуб ашып, он жылдан астам уақыт бағдарламалардың авторы, жүргізушісі болады; «Абай» романын жазылуына үлес қосты; бейнелеу және сәулет-мүсін өнерінде Абай тұлғасының дұрыс бейнеленуіне ат салысады; Абайдың Жидебайдағы қыстауын, Абай мен жақын туыстарының қорымын қалпына келтіріп, жөндеуге мұрындық болады; Абай ұрпақтарының тізімін жасап, шежіресін құрастырады; Ақылбай Абайұлының «Зұлұс» атты дастанының толық нұсқасын, Әсет Найманбаевтың «Салиха-Сәмен» дастанын тауып, жан-жақты талдайды; 1917-1918 жылдары әкесі – Мұхамедхан Сейітқұлұлының демеушілігімен шыққан, кейін кеңес үкіметінің тұсында жаблып қалған «Абай» журналын қайта шығарады; Абайдың өмірі мен шығармашылығына қатысты жинақтаған материалын ҚазССР Ғылым академиясының қорына, ғылыми орталықтар, мұражайлар мен мұрағаттарға өткізеді; Абай мүше болған Орыс географиялық қоғамының Семей өлкетану мұражайындағы 60-тай этнографиялық жәдігердің 23-ін қайтарады; Семей қаласындағы Абай мұражайына, ақынның туған өлкесіндегі тарихи жерлер мен киелі мекендерді сипаттайтын нұсқаулық дайындайды; «Абай» энциклопедиясын шығаруға ат салысады; Абайдың барлық туындысына (өлеңдері мен поэмаларына, аудармаларына) ғылыми түсінік жазады; «Абай туралы сөз», «Мен Абайды «әке» деймін», т.б. деректі фильмдерге ғылыми кеңесші, спикер ретінде қатысады; ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы дәрістер өткізеді [4].

Қайым Мұхамедханов 1951 жылдың 7 сәуірінде ҚазССР Ғылым Академиясының Тіл-әдебиет, Тарих, археология және этнография институттарының біріккен ғылыми кеңесінде «Абайдың әдеби мектебі» атты диссертациясын

(қосымша-түсініктерімен – 478 бет) қорғайды. Бұл зерттеуінде ғалым алғаш рет Көкбай Жаңатаев, Әріп Тәңірберген, Әсет Найманбаевтармен қатар Абайдың ұлдары – Ақылбай, Мағауия, Тұрағұлдардың шығармаларын талдайды. Үш күнге созылған қорғау қызу пікірталас түрінде өтеді. «Абайдың ақындық мектебі» деген – не? Ол – қандай мектеп?», «Орыс әдебиетінде жоқ мектеп бізге қайдан келген?», «Бұл ақындық мектеп тек Абай аулында болғаны ғой!» – деп даурығып [5], М. Әуезов пен Қ. Мұхамедхановқа қарсы шабуылдаушылар тарихи маңызы зор еңбектен саяси астар іздеп, диссертацияны «советтік ғылымға антимаркстік көзқарасты тықпалау» [6] деп сынайды. Диссертация негізінде 1951 жылы «Қазмемкөркембас» баспасынан шыққан монография да (алғысөзін жазған – М. Әуезов; құрастырып, өмірбаяндық, текстологиялық түсініктерін жазған – Қ. Мұхамедханов) тәркіленеді.

1951 жылдың маусымындағы баяндамасында Қ. Мұхамедханов: «Абайдың қанатты сөздерінің бірі: «Шәкіртсіз ұстаз – тұл». Халыққа аса қадірлі Абайдың өзіне қол көтере алмаған жаулары оны шәкіртсіз қалдыруға жанталаса тырысуда. Қорқыту, үркіту, сатып алу, мүгедек ету, өлтіру сияқты қарулары бар «қасқырлар тобы» Абайды шәкірттерінен, жақтаушыларынан айырмақшы. Абайдың әдеби мектебі барын жоққа шығарғысы келетін жолдастар ол әрекеттерімен ұстазды шәкіртсіз, ақынды тыңдаушысыз қалдыратындарын, Абайды қасіретті жалғыз, тұл ететіндерін ойлай ма екен? Абайды жоққа шығару оның біздің әдебиет, мәдениет тарихымыздағы асқақ орын-дәрежесін жоққа шығару екенін ұға ма екен? Бұл – «Абай кездейсоқ құбылыс, өлді, бітті!» деген сөз!», – деп [6], нақты дәйектер келтіргенмен, М.Әуезов пен Қ. Мұхамедхановқа қарсы шабуыл үдей береді.

1951 жылдың 28 тамызындағы ҚазКСР Ғылым академиясы президиум мәжілісінде Абай мұражайының жұмысында «идеологиялық өрескел қателіктер бары», «Абайдың әдеби мектебі» буржуазиялық-ұлтшылдық бейғылыми тұжырым таратып, зиян насихат жүргізіп келе жатқаны» туралы сөз болады. Мұражайдағы көрнекі құралдардың теріс идеологиялық бағытта екені, қайсыбірі қазақ халқының қаскөйі болған Кенесары Қасымовты дәріптеуге арналғаны, «Абайдың туыстары», «Абайдың отбасы» бөлімдерінде патриархалды-рушылдықтың қалдықтары бар екені, қазақ еңбекшілерінің қас дұшпаны болған Құнанбайдың сөздері жазып ілінгені, екі бөлімде хандардың, сұлтандардың, билердің, қайдағы бір шалдар мен молдалардың, болыстардың, ауыл старшиналарының, патша отаршылдарының портреттері, «Абайдың әдеби мектебі» бөлімінде саяси сенімсіздердің портреттері бары» айтылып, Қ.Мұхамедханов Абай мұражайының директоры, оқытушы қызметтерінен босатылады. Жазушылар одағының мүшелігінен шығарылып, ісі тергеуге беріледі

[7]. Саясатты желеу еткен шолақ белсенділер ғалым-қайраткердің «Маған «Байлар мен хандардың өмірбаянын паш еткен бөлім ашты» деген кінә тағылады. Шіркін-ау, Құнанбай болмаса, Абай қайдан келер еді? Шыңғыс пен Уәли болмаса, Шоқанды кім берер еді? Осыны ойлағылары келмегенге не дауа?!» деген [6] қынжылысына құлақ аспайды.

Ұстаз бен шәкіртке – М.Әуезов пен Қ.Мұхамедхановты қарсы шабуыл баспасөз беттерінде де орын алып, тапсырыс бойынша мақалалар жазылады. «Казахстанская правда» газетінің 1951 жылғы 13 қазандағы санындағы мақалада: «Қазақстанның кейбір әдебиеттанушылары поэтикалық «Абай мектебі» деген буржуазияшы-белсенді бейғылыми тұжырымды насихаттап, үлкен саяси қателік жасады... Істің насырға жапқаны соншалық, биылғы көкек айында ҚазКСР Ғылым академиясы гуманитарлық институттарының Бірлескен ғылыми кеңесі Қ. Мұхамедхановтың «Абайдың әдеби мектебі» деген диссертациясын мақұлдады, ал онда Абай «шәкірттері» деген атпен буржуазияшыл ұлтшылдар – совет өкіметіне өтіп, оның жексұрын жауына айналғандар дәріптелді», – делінген [6].

Қ.Мұхамедханов 1951 жылдың 1 желтоқсанында тұтқындалып, 25 жылға бас бостандығын айырылады, Семей, Алматы қалаларындағы түрмелерге, Қарағанды лагеріне қамауға алынады. Неше түрлі айып тағылып, азапталғанмен, өз ісінің дұрыстығына сенімді болған қайраткер мойымады да, жасымады да. Алаш ұстанымын негізге алған ғалым өз идеясынан бас тартпады, ұстазын қаралап, жала жабуға қарсы болды. Қыспақтан құтылған соң, 1959 жылы ғалым «Абай төңірегіндегі ақындар» деген атпен кандидаттық диссертациясын қайта қорғады. Сол жылы «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» атты зерттеу еңбегін жариялайды [8]. Онда Абай Құнанбайұлының 1954 жылы шыққан екі томдық шығармалар жинағын текстологиялық тұрғыдан талдап, кемшіліктері мен қателіктерін көрсетеді. Ұстазы – М.Әуезовтің «...Абай текстінің дәлдігі қолда бар ауызша, жазбаша нұсқалардың бәрін тұтас алып, текстологиялық талдаулар жасау жолымен анықталмақ» деген ұстанымын басшылыққа алып, Абайдың алғашқы өлеңдер жинағын, ақынның шығармаларын көшірген Мүрсейіт Бікеұлы, Рақым Жандыбаевтардың қолжазбаларын, Мәди Әсенов, Әкімал Мамырбаев, Сапарғали Әлімбетов, Әрхам Ысқақов, Рақымжан Мамырқазов, т.с.с. ақынның өлеңдерін жатқа білетін кісілердің мәліметтерін пайдаланып, Абайдың өз шығармаларын негіз ете отырып талдайды. Ұлы ақынның шығармалар жинағындағы қателіктер мен кемшіліктердің себебін «Ақынның өз қолжазбасы сақталмағандықтан, Абай жинағын баспаға әзірлеуде 1909 жылы шыққан кітапты, Мүрсейіт қолжазбаларын текстологиялық негіз ретінде алу дұрыс. Бірақ ол жеткіліксіз. Оның себебі ол кезде Қазақстанда

полиграфия базасының болмауы, баспасөз мамандарының жоқтығы сапалы болып шығуын қамтамасыз ете алған жоқ», – деп көрсетеді [9, 8-б.]. Қайым Мұхамедханұлы ақынның 80 жол өлеңін тауып, Абайдың 1961 жылы жарық көрген екі томдық жинағына енгізеді. 1995 жылы ғалым Семейдан Алматыға шақырылып, екі жүз елу сөзді түзетіп, жүз жиырма сөзге түсінік береді.

Ғалымның талдау-түсініктері Мұхтар Әуезовтің шәкірттерінің бірі – филология ғылымының докторы, профессор Рабиға Сыздықтың тарапынан әрдайым қолдау тауып отырған. **«Көркем мәтінді лингвистикалық талдау»** атты еңбегінде ғалым: «Мәтіні талданып отырған шығармада көпшілік оқырманға бейтаныстау және бір сөз бар. Ол өзі – Абай шығармаларының басылымдарында да, оқулықтарда да дұрыс таңбаланбай келе жатқан сөз.

Көрмей тұрып құсамын,

Темір көзді сарайды, –

деп жазылған жолдардағы құсамын сөзі Абайдың жинақтарында «қапамын, қайғылымын» деген мағынадағы сөз деп түсіндіріліп жүр. Ал Абай текстологиясын байсалды түрде зерттеп келе жатқан ғалым – Қ. Мұхаметханов бұл сөздің дұрыс тұлғалануы (жазылуы) күсемін болуы керек, ол «беземін» деген ұғымды беретін сөз деп дәлелдейді. Біз де осылайша оқуды дұрыс деп санаймыз, өйткені қазақ тілінде сирек қолданылатын күсу етістігі бар, ол, Қ.Мұхаметханов дұрыс көрсеткендей, «бір нәрседен безу» деген мағынаны білдіреді. Бұл етістікті ақын өзге өлеңдерінде де бірнеше рет қолданған:

Жалмауыздай жаландап,

Ар-ұяттан күсіппін.

(Ойға түстім, толғандым)

Мен дағы жүргенім жоқ малдан күсін (Әзім әңгімесі).

Бұл сөйлемдерде күсу сөзі «безу» деген ұғымда қолданылып тұр.

Міне, бұл айтылғандардың баршасы ұлы ақынның «Болыс болдым, мінеки» деген шығармасының мәтінінде кездесетін кейбір жеке сөздерді дұрыс түсінуге, олардың сол кездегі дәл мағынасын білуге көмектесетін талдаулар», – дейді [10, 34-б.].

Рабиға Сыздықтың диссертация тақырыбын таңдауына, ғылымдағы бағытына, абайтану саласына келуіне, қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеуіне Мұхтар Әуезов ықпал еткен. Академик Рабиға Сыздық сол кезді былай деп еске алады: «Ғылыми диссертациялар қорғау үшін тақырыптар ұсынылып жатты. Екі-үш айдан соң ғылыми кеңестің отырысы болды. Кеңестің бір мүшесі – Мұхтар Әуезов екен. Сол басқосуда Мұхтан: «Абайдың қара сөздерінде «бармаққа керек», «айтарға дұрыс» деген сияқты сөздер бар. Осы немене? Татар тілінің әлде шағатай тілінің әсері ме? Өлеңдерінде де бар ма екен? Осыны зерттемей-

сіндер ме? Осыны тақырып етсе, қайтеді?» – деді. Тақырып табу оңай емес. Ұстаздарым – І.Кеңесбаев, М.Балақаев, басқа да тіл мамандары бар: «Дұрыс екен», – деп қолдай кетті. Мен де келістім. Расын айтсам, менің ғылымдағы жолымды ашып, жөн сілтеген де, «Мәдениетті, білімді болу керек, осылай сөйлеу керек» дегенді ұқтырған да, ғылым жолын көрсеткен де – Мұхаң болды» [11].

1959 жылы 15-19 шілдеде Қазақ КСР Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтында «Әдеби мұра және оны зерттеу» атты ғылыми-теориялық конференция өтеді. Осы конференцияда болашақ ғалымның сөзіне тәнті болған М. Әуезовтің «Рабиға Сыздықованың сөзіне конференцияға қатысушылар айрықша риза болды деп санаймын. Оның сөзіндегі бір ерекшелік – тіл мамандары мен әдебиетшілерге қатар айтар орынды, кенеулі ой бар және сол ойды таратып айта аларлық тіл құдыреті мейлінше жеткілікті екендігін аңғартты», – деген сөзінен әлі кандидаттық диссертациясын қорғай қоймаған қыздың болашағы зор екенін сезгені байқалады.

Академик Мұхтар Әуезовтен бата алған Рабиға Сыздықтың кандидаттық («Абай қара сөздерінің негізгі морфологиялық ерекшеліктері», 1959), докторлық диссертацияларының тақырыбы («Абай шығармаларының тілі», 1971) Абай Құнанбайұлы шығармашылығына қатысты болды. Абайдың тілі бойынша үш монография («Абай шығармаларының тілі», 1968), «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» 1971, «Абайдың сөз өрнегі» (1994), 40 шақты мақала жариялады. 1968 жылы «Абай шығармаларының тілі» атты монографиясы үшін ғалымға Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлық берілді. Абай Құнанбайұлының шығармаларын талдау арқылы қазақ әдеби тілінің XIX ғасырдағы дамуын сөз етті, ақынның қазақ әдеби тілінің тарихындағы орнын көрсетті. 1996 жылы ғалым Абай тілін зерттеген еңбектері мен «Абай» энциклопедиясындағы мақалалары үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын алды.

Абайтануда өзіндік із қалдырған Рабиға Сыздық Абайдың қаламынан шыққан әдебиет дүниелерінің тілін жеке алып зерттемес бұрын алдымен Абайдың тұсында, айналасында қазақ тілінде тағы да қандай әдебиеттер болғанын нақтылап алу керектігін, «Абай шығармаларының тілі – автономиялық тіл емес. Оның қаншалықты ерекшелігі, тіпті артықшылығы болғанмен, ол өз заманындағы жалпыхалықтық тілмен, өзге әдебиеттер тілімен астарласып, тамырласып жататынын» ескертеді. Абайға дейін де қазақ әдеби тілінің үлгілері болғаны туралы М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, І.Кеңесбаев, т.б. ғалымдардың ұстанымдарын басшылыққа ала отырып: «Абай – дайын тұрған әдеби тілді пайдаланған қатардағы қаламгер емес. Абай – сол әдеби тілдің даму жолындағы жаңа дәуірін бастаушы, сапалық жаңа типінің іргетасын қалаушы адам.

Екінші, Абай – лингвистикалық талдау үшін үлкен мәні бар екі салада – поэзия және проза түрінде жазған адам, оның үстіне, поэзиясында да, прозасында да бірнеше жанрдың белгілері бар мұраның иесі. Осының барлығынан Абай тілі өз тұсындағы қазақ жазба әдеби тілін белгілі бір шамада толығырақ көрсететін дәрежеде танылады», – деп тұжырымдайды [12, 4-12-б.].

Ғалымның «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» атты ғылыми монографиясы – қазақ тіл білімінде өлең синтаксисін ең алғаш зерттеген, оның құрылым-құрылысына тән негізгі белгілерді көрсеткен бірден-бір әрі бірегей еңбек болды. Поэзия синтаксисіне Абай енгізген өзгешеліктер мен жаңалықтарды ашқан, оған нақты талдаған ғалымның «Абай шығармаларының тілі» деп аталатын монографиясы – ұлы ақынның тілін лингвистикалық тұрғыдан қарастырған еңбек қана емес, сол кезеңдегі, синхрондық бөліктегі әдеби тілдің негізгі ерекшеліктері мен басты сипаттарын айқындаған іргелі зерттеу. Қазақ әдеби тілін қалыптастырып, дамытудағы ұлы ақынның қосқан үлесі мен орнын айқындай отырып, лексика-морфологиялық ерекшелігін жан-жақты терең зерделей келе зерттеуші XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілінің жай-күйін ашады. Оны ақын шығармаларының тілімен сабақтастыра, байланыстыра отырып, суреткер қолданған қазақтың төл сөздері мен түрлі лексика-грамматикалық қаттау-қабаттарды талдайды. Ұлы ақынның тыңнан қосқан, ескіні жандандырған қолданыстарын, олардың жұмсалыу себептері мен дәлелдерін көрсетеді.

Абай тілін жүйелі түрде зерттеудегі ғалымның өзі белгілеген тәртібімен жоғарыда көрсетілген екі монографиядан соң «Абайдың сөз өрнегі» атты үшінші кітабында ұлы ақынның поэтикалық тілі, көркемдік сипаты, көріктеу құралдарының тілдік механизмі сөз болып, Абайдың тіл көркемдігін танытудың кілті бұрын-соңды айтылып келген пікірлер мен еңбектерден басқаша бұраумен ашылады, қазақ тілінің поэтикасы жөнінде соны талдаулар мен жаңа ой-тұжырымдар айтылады. Аталмыш еңбек 1995 жылы ұлы ақынның 150 жылдық мерейтойына орай жарық көрді. Сондай-ақ «Абай» энциклопедиясында ұлы ақынның тілі мен стиліне қатысты көлемді ғылыми-теориялық мақалалар топтамасын берді.

Ғалым Абай шығармаларының тілі қазақ әдеби тілінің жаңа этапы (кезеңі) болуын тілдің даму үдерісіндегі бағыттар мен ұстанымдармен байланыстырады: «Ең алдымен, Абай мен Ыбырай бұрынғы өмір сүріп келген қазақ әдеби тілінің қоғам өмірінде әрі қарай қызмет етудегі азаматтық правосын принципті түрде бекітті. Әрі қарайғы қоғамда «кітаби тіл» нормалары емес, бұрыннан да едәуір бел алып келген қазақ әдеби тіл нормалары негіз болуын анық, айқын түрде көрсетті. Бұл ретте «кітаби тіл» қарама-қарсысында тұрды, сондықтан да бұл

бұрынғы шағын салада болса да қызмет етіп келген жазба әдеби тіл – «кітаби тілден» ажырап, жаңа жазба деген атрибутке ие болады. Содан соң бұлар осы тілдің қоғамдық қызмет аясын кеңітуге жаңа бағыт сілтеді; бұл әдеби тіл енді тек көркем әдебиет қана емес, оқу-педагогика саласына да, ғылыми-публицистикаға да – қысқасы, қазақ қоғамының күллі азаматтық рухани мұқтажына қызмет етуге тиісті түрде дамуы қажет екенін күн тәртібіне қойды. Үшіншіден, тілдің нормалары мен көркем әдебиетті (әсіресе поэзияны) дамыту принциптерінде көптеген жаңа тенденция ұсынды. Бұл жаңа этап деп аталуына басты себептердің бірі болады [11, 34-35-б.].

Абайтану саласына М.Әуезовтің өзі қосқан қос жүйрік – қос шәкірт – Қайым Мұхамедханұлы мен Рабиға Сыздық ұстазының аманатын адал атқара білді. «Әдебиет тілмен әдебиет», – деп академик жазушы айтқандай, абайтанудың екі саласында жүрген ғалымдар бір-бірін қолдап, қуаттай білді. Рабиға Сыздық естеліктерінде Қайым Мұхаметхановты XX ғасырдың 50-жылдарынан бері, «Оқу-педагогикалық баспа» («Учпедгиз») бір кезде «Мектеп», кейін «Рауан» деп аталған баспада редакция меңгерушісі боп жұмыс істеп жүрген кезінен бері танытынын айта келіп: «...Қайым Мұхамедхановты алғаш рет, сірә, 1956-57 жылдары көрдім-ау деймін. Жүзінен интеллектік рең көрінетін, бүкіл бітімінен тектілік пен мәдениеттілік сезілетін орта жастардағы адам бір материал алып келді ме, әлде не аударма бердік пе, не рецензия жаздырдық па – әйтеуір, жұмыспен келіп, баспа бастықтарымен, сондай-ақ тікелей жұмысқа араласатын менімен әңгімелесті. Көп сөз айтпайтын, даурығып сөйлемейтін адам екен. Ал қазақ әдебиетіне, мәдениетіне, тарихына қатысты тақырыптарға сөйлей қалса, бұл салалардағы білімінің, білгірлігінің, түйгенінің байсалдылығы, тереңдігі бірден байқалатын. Ол кезде мен ғалым емеспін, бірақ ғылым дүниесіне еңсем-ау деген үкілі үмітім кесілмеген күйде едім. Хакең сияқты білімдарларды бар ынтаммен, қызыға тыңдайтынмын», – деп жазады [13].

Кейін «16 жол өлең үшін 18 жыл қуылып», бүкіл жастық шағын Колымада каторгіде, «жер Сібірде» өткізген Шахан Мусинмен отасқан соң Қайым Мұхамедханұлымен қайта жүздеседі. Шахан Мусин мен Қайым Мұхамедханұлы бір-бірін бұрыннан біледі екен. Қайым Мұхамедханұлының «идеологиялық бағыты теріс, антисоветтік пиғылдары мен жазғандары үшін» бірнеше рет түрмеге түсіп, бірнеше жылға жер аударылып, кеңестік кезең саясатының жазықсыз құрбаны болғанын естіген кезде Рабиға апайымыз әкесімен тағдырлас жандардың бірі ретінде құрметтеп, тілеулес болыпты.

Р.Сыздық «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» атты еңбегінің 2-басылымының алғы сөзінде ғалымның еңбегін әдебиеттану ғылымының аса қажет әрі болашағы кең, жаңа тармағының бастауы, көркем әдебиетті тану-

дың ғана емес, абайтанудың соны саласы ретінде бағалап, Қ. Мұхаметханов Абай жинақтарында орын алып келген емлелік қателерді, корректорлық ағаттықтарды дұрыс көрсеткенін, жай жорамал емес, уәждемесі бар талдау түрінде бергенін айта келіп: «Текстологиялық ізденістер – Қ.Мұхамедхановтың шығармашылық өмірінің діңгегі десек болар. Ол тек Абай мұрасының бас текстологы емес, өзге сөз иелерінің де басылымдардағы мәтіндеріне үңіліп, олардың бұзылып тұрған тұстарын талдағаны белгілі. Бұлардың ішінде Махамбет өлеңдерінің басылымдары және текстологиясы жайында «Семсер жырға сергек қарайық» деген көлемді мақала жазып, оны 1986 жылы «Қазақ әдебиетінде» (9-16 мамырдағы санында) жариялады. Мұнда Махамбет өлеңдерінің 1912 жылдан 1979 жылға дейінгі әртүрлі жазумен (араб, латын, кирилица жазуларымен) жарық көрген басылымдарының мәтіндерін салыстыра отырып, мұндағы текстологиялық жағынан үлкен ала-құлалық, негізсіз «түзетулер», орын алып келе жатқанын көрсетіп, дәлелдейді. Махамбеттің де канондық (тұрақты) басылымын беру керектігін, ол үшін нақты ізденістерге талдауларға, зерттеулерге бару керектігін мәселе етіп қояды. Өйткені Абай сияқты, Махамбет мұрасы да мектептен бастап қалың жұртшылыққа ұсынылып жүрген аса қажет рухани-мәдени дүние екендігін текстолог ғалым жақсы ескертеді. Бұл шағын еңбегінде де Хакең нағыз ғылыми ізденістердің үлгісін көрсеткен», – деп жазады [14, 5-18-б.].

Қайым Мұхамедханұлы да Рабиға Сыздықтың еңбектерін оқып, жоғары бағалаған екен. Естелігінде академик ғалым: «Қайыммен өткен ғасырдың 60-70-жылдарында жиірек кездесіп, әңгіме-дүкен құрған кездерден және бір сәт есімде қалыпты. Әңгіме ғылым туралы, шығып жатқан еңбектеріміз жайында болды ғой деймін. Біздің үйде, дастарқан басындамыз. Менің жарық көрген еңбектерімдегі бір пікірім дұрыс екенін айтты, ол Бұхар жыраудың Түркістан өңірінде тұрған (не туып-өскен) болуы керек дегенді тілдік фактілерге сүйеніп айтқан болжамым еді. Мұны мен «Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғғ.)» деген оқулық-монографиямда айтсам керек. Мені қуантқан Хакеңнің оң бағасы ғана емес, оның тілге қатысты еңбектерді де мұқият қарап, оқып-біліп отырғандығы. Біздің бір олқылығымыз – әдебиеттанушылардың еңбектерін тіл мамандары немесе, керісінше, бір-бірімізді көп оқи бермейтіндігіміз. Әсіресе әдебиетшілер үшін тіл білімі өзге мамандықтарды қызықтыра қоймайтын салқындау дүние болып көрінеді-ау деймін. Әйтпесе «Көркем әдебиет пен тіл егіз қозыдай қатар, бірінсіз бірі жоқ дүниелер», – деп ұлы Мұхаң (Әуезов) бекер айтқан ба?! Демек, жазғандарымды Қайым Мұхамедханов сияқты мықты әдебиетшінің оқып жүргені, кейбір талдауларым мен ой-толғамдарыма зер салып жүргендігі, әрине, мен үшін бір ғани-

бет болып көрінді. Сол кеште ғой деймін (естелік-күндерек жазып жүрмегеннен кейін өмірде болған көптеген сәттердің уақытын, кездескен, әңгімелескен адамдардың аты-жөндерін дәл айта алмай жатамыз) Хакен ойынды-қалжыңды және бір пікірін білдірді. Оның айтқаны – «жазған еңбектеріңнің бәрі тарихта қалар-қалмас, бірақ бір кітабың сөзсіз қалады, ол қазақ тілінің емлесі мен тыныс белгілерін түсіндіріп берген «Анықтағышың». Бұл еңбегің менің жазу үстелімнің үстінен түспейді, күнде-күнде пайдаланып отырамын», – демесі бар ма! Әрине, «ғылыми еңбектерімді мансұқ етті-ау!» деп түсінгенім жоқ, аңғарғаным – Хакеннің жазу сауаттылығына, үтір, нүктелерді дұрыс қою керектігіне үлкен мән беретіндігі. Бұл – нағыз ғалымның бірінші белгісі және қазақ тілінде еңбек жазып жүрген өзге замандастарының тәжірибесінде көп кездеспейтін қасиеті. Бұдан бір ой түйіп қойдым» [13].

Қайым Мұхамедханұлы мен Рабиға Сыздықтың идея-ұстанымдары ғана емес, өмір жолы, тағдыры да ұқсас: екі ғалым да – текті атаның ұрпақтары. Қайым Мұхамедханұлының әкесі – Мұхамедхан Сейітқұлов Жүсіпбек Аймауытұлы, Иса Байзақов, Әміре Қашаубаев, Мұхтар Әуезов сынды зиялылармен идеялас болып, бірге жүрген; «Сарыарқа» газеті, Ж.Аймауытұлы мен М.Әуезов шығарған «Абай» журналының шығуына қаржылай көмектескен меценат болған [15], 1937 жылдың желтоқсан айының басында атылған. Рабиға Сыздықтың әкесі – Исатай, Махамбет бастаған көтерілісті қолдаған Сәмбет батырдың ұрпағы – Сәтқали Құтқожин көзі ашық, қазақтан шыққан тұңғыш телеграфист мамандардың бірі болған. Халел Досмұхамедұлы, Жаһанша Досмұхамедұлы, Иса Қашқынбаев, Шынтас Қаратаев сынды қазақ зиялыларымен үзеңгілес, пікірлес болған. Сәтқали да атасы Сәмебет сияқты елге қамқор жан болған, дарынымен көзге түскен жастарға көмектесіп, оқып, білім алуына жағдай жасаған. Кейін 1937 жылғы зұлматта «халық жауы» деген айып тағылып, Ақтөбеде ату жазасына кесілген. Екі арыстың 1937 жылы атылып кеткенін туған-туыс, ұрпақтары білмеген. Шындық тәуелсіздік алғаннан кейін ғана белгілі болған.

Қайым Мұхамедханұлы 17 жасынан бастап Семейдегі әртүрлі мекемелерде сабақ берсе, Рабиға Сыздық еңбек жолын 16 жасынан бастап, 1940-1945 жылдары, Алға поселкесі мен Темір қаласында мектеп мұғалімі, педучилище оқытушысы болып қызмет еткен.

Қайым Мұхамедханұлы қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін әзірлейтін екі жылдық курсынан кейін Семей пединститутына түсіп, 1941 жылы экстерн аяқтаса, Рабиға Сәтқалиқызы 1938-1940 жылдары Темір қаласындағы педучилищеде оқыған соң 1944 жылы екі жылдық Ақтөбе оқытушылар институтын жедел түрде бітіріп, 1945-1947 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын экстерн бітіріп шығады.

Әкесі – Мұхамедхан Сейітқұлов тұтқындалғаннан кейін Қайым Мұхамедханұлы педагогикалық институттан шығарылса, Рабиға Сыздық ҚазПИ мен Қыздар педагогикалық институтында «Қазақ-орыс тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» деген пәннен сабақ беріп жүрген кезде «халық жауының» қызы ретінде жұмыстан шығып қалады.

Қайым Мұхамедханұлы да, Рабиға Сыздық та әкелері сияқты, алаш идеясына адал болды. Қайым Мұхамедханұлы алаш арыстарын Абай мектебінің көрнекті өкілдері ретінде атап, өмірбаяндарын жазды, шығармаларын араб, латын қаріптерінен қазіргі жазуға түсіріп, баспаға әзірледі, ғылыми түсінік жазды. Қайым Мұхамедханұлы 1958 жылы Мәскеуден Шәкәрімнің ақталғаны туралы анықтама келген соң ақынның ұлы – Ахатпен бірге Шәкәрім Құдайбердіұлының есімін ақтау жолында аянбай еңбек етті. Ғалым құнды қолжазбаларды, сирек фотосуреттерді жинап, сақтады, ғылыми түсініктерін жазып, мұрағат, мұражайларға өткізді; Ильяс Бораганский, Мәжит Дәулетбаев, Ақылбек Сабалұлы, Ильяс Молдажанов, Тайыр Жомартбаев, Әубәкір Диваев, т.с.с. қайраткерлердің еңбектерін насихаттады.

«Әкем – халық жауы емес, әділетсіздіктің құрбаны» деген сенімі күшті болған Рабиға Сыздық А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Жұбанов, Ж.Аймауытұлы, М. Жұмабаев сынды қазақ зиялыларын да «халық жауы» ретінде қабылдамаған. Рабиға Сыздық репрессияланған қазақ зиялыларының еңбектерін насихаттап, жинастыру. 1988 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов мұралары бойынша комиссиясының мүшесі болып, репрессияланған қазақ зиялыларының істерін ақтап шығу үшін жан аямай еңбек етті. Кеңес үкіметінің саясаты дүрілдеп тұрған кездің өзінде-ақ ғалым олардың қазақ тіл біліміне, әдебиеті мен мәдениетінің дамуына қосқан үлесін тайсалмай айтқан болатын.

Ғалым 1965 жылы профессор М.Балақаевтың ұсынысымен ғылыми конференцияда Құдайберген Жұбанов туралы баяндама жасады. 1966 жылы ғалымның өмірі мен шығармашылығы туралы «Ғалым-азамат» атты кітабы жарық көрді. Сонымен қатар Құдайберген Жұбанов мұрасының жинақталып, көлемді еңбек болып шығуына ат салысып, редакторлық етті.

Академик Рабиға Сыздықтың А.Байтұрсынұлы еңбектерін насихаттап, жариялаудағы еңбегі де орасан зор. 1977 жылы, Ақымет Байтұрсынұлы ақталардан 11 жыл бұрын, Қазан төңкерісінің 60 жылдығына арналған «Қазақ тіл білімі 60 жылда» атты ғылыми конференцияда Ғылым академиясының мінберінен «Ұлттық тіл білімінің негізін қалаған ғалым – Ақымет Байтұрсынұлы» деп тайсалмастан айтуы – әділдікті ту еткен ғалымның жүректі жарып шыққан сөздері болатын. Кеңес үкіметінің «қылышынан қаны тамып тұрған кезде»

бұл – сөз жоқ, көзсіз ерлік еді. А.Байтұрсынұлы еңбектерімен тәрбиеленіп келген аға ұрпақ бұл тұжырымның дұрыстығын мойындағанмен, айтуға батылы бармай жүрген кезде осы сөзіне бола кейін бірнеше рет «жауап беруге» тура келетінін біле тұрып, қазақ қызының Ақымет Байтұрсынұлының тіл біліміндегі орнына лайықты баға беруі, тайсалмастан шындығын, әділін айтуы тарихи оқиға болғаны сөзсіз. Рабиға Сыздық А.Байтұрсынұлы туралы «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттеріне алғашқы мақалалар жазумен қатар тұңғыш кітаптың да авторы болды. Ғалым еңбектерін насихаттау ісіне де белсене араласып, «Тіл тағылымы» атты жинақтың редакторы болды, ғалымның кейіннен табылған мақалаларын насихаттау ісіне де мұрындық болды. Рабиға Сыздық Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Т.Шонанов еңбектерін жинастыру ісіне де басшылық етіп, таңдамалы шығармаларына редактор болды.

Ғалым алаш қайраткерлерінің ғылыми мұрасымен қатар суреттерінің жинақталуына да көп үлес қосты. Атап айтқанда, көпшілік назарына жиі ұсынылып жүрген А.Байтұрсынұлының қысқы киіммен түскен суретін («Ақ жол» жинағының мұқабасындағы) ғалым ақталардан көп бұрын Қытайдан келген Балқаш Бафин деген кісіден алып, сақтаған. Сол сияқты Мағжан Жұмабаевтың бәйбішесі – Злиха апайдан М.Жұмабаевтың, Ж.Аймауытұлының суреттерін алып, сақтаған.

Қайым Мұхамедханұлы XV-XX ғасырлардағы жыраулар мен ақындардың шығармаларының канондық негізін қалыптастыру үшін аянбай еңбек етсе, Рабиға Сыздық қазақ әдеби тілінің өзіндік критерийлерін көрсетіп, ХҮ-ХІХ ғасырлардағы әдеби үлгілердің тілдік-көркемдік белгілерін сипаттады, өз тарапынан «қазақтың жазба тілі алдындағы әдеби тілі», «ауызша әдеби тіл» деген терминдерді ұсынып, қазақта жазба әдеби тілге дейін ауызша тараған әдеби тілі болғанын айқындап берді.

Қайым Мұхамедханұлының жолымен Рабиға Сыздық та мәтінтану мәселесін сөз етіп, ақын-жыраулардың толғауларындағы, Махамбет Өтемісұлы, Абай Құнанбайұлы, Сұлтанмахмұт Торыайғыров, т.с.с. сөз зергерлерінің шығармаларындағы қате басылған тұстарды көрсетіп, талдайды; жаңсақ түсіндіріліп жүрген сөздердің сырын ашады. Мәселен, Махамбет жинақтарында лауазым (Атандай даусын ақыртып, Лауазымын көкке шақыртып) сөзінің қате жазылып, қате түсіндіріліп келе жатқанын айта келіп, ақын өлеңінің 1908 жылғы Қазан басылымында бұл сөздің луазун ((نوازل)) түрінде жазылғанын тілге тиек етеді, бұл сөзді уезін «дауыс, үн, зар (әуез)» мәнін білдіретін араб сөзі ретінде сипаттайды. Сонда ақын «дауысын көкке жеткізіп, зарлатып» деген мағынадағы өлең жолын ұсынған болып шығады. Сонымен қатар ғалым Махамбет өлеңдеріндегі сой, аяр, қом сулар, ереуіл, т.с.с. сөздерді де талдайды.

Екі ғалым да түрлі энциклопедияларға, оның ішінде «Абай» энциклопедиясына мақалаларын беріп, ғылыми түсініктер жазды.

Екі ғалым да өздерінің ісін жалғастыратын шәкірттерін тәрбиеледі.

Екі ғалым да өз ұстанымына берік болды, ұстаздары – Мұхтар Әуезовті қадірлеп-қастерлеп өтті.

Абайдың асыл мұрасынан бастау алып, алаш идеясымен сусындаған, академик жазушы М. Әуезов негізін қалаған абайтанудағы дәстүр мен сабақтастық, ұстазы мен шәкірттерінің үндесімі қазақ ғылымында мәңгілік сара жол бола бермек. Мұхтар Әуезовтей ұстазының идеясын жалғастырып, Абайды таныта білген қос шәкірті – Қайым Мұхамедханұлы мен Рабиға Сыздықтың өнегелі өмірі кейінгі ұрпаққа үлгі болуы керек!

Пайдаланылған еңбектер

1. Кәкішев Т. Асылдың сынығы // Абайтану. Таңдамалы еңбектер. - XI том. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. -206-225-б.
2. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. - Алматы, 1959. - 60-б.
3. Мырзахметов М. Абай өмірбаяны – абайтанудың іргелі саласы // Абайтану. Таңдамалы еңбектер. - IV том. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 22-37-б.
4. Қайым Мұхамедхановтың абайтанудағы қызметі // <https://abaialemi.kz/post/view?id=1659>
5. Еспенбетов А. Қайым Мұхамедханұлы және абайтану мәселелері // <https://e-history.kz/kz/news/show/3355>
6. Абай мұрасы және «қасқырлар тобы» // <http://madeniportal.kz/article/1253>
7. Жұртбай Т. Қайым-қиямет // <https://egemen.kz/article/93685-qayum-qiyamet>
8. Мұхамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында. – Алматы: Қазмемкөркембас, 1959. - 144 б.
9. Мұхамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында // Абайтану. Таңдамалы еңбектер. - XVIII том. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 8-б.
10. Сыздық Р., Шалабай Б., Әділова А. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. - Алматы, 2002. - 34-б.
11. Жұбаева О. Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүректің иесі еді... //«Атырау» газеті. 2021, 16 наурыз, 24 сәуір <https://atr.kz/zhanalyqtar/ystyq-qajrat-nurly-aqyl-zhyly-zhurektin-iesi-edi/>
12. Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. - Алматы: Арыс, 2004. - 616 б.
13. Сыздық Р. Ол да бір дәурен еді // https://m.facebook.com/story.php?story_

fbid=pfbid02os2Rgy52dyZUzrRDrXUZLzjbKAUssaAfEDXkZas4bMXuZMdVB
Z6ACLi1sFkEM8d7l&id=100000963702713&mibextid=qC1gEa

14. Сыздық Р. Алғы сөз // Абай шығармаларының текстологиясы жайында.
- 2-басылымы. - Алматы, 2010. - 5-18-б.

15. Аятбекова Р. Алаштың ардақты азаматтары // Мұхаметжан Сейіткүлов-150
жыл» атты қалалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. -
Қарағанды, 2020. - 15-18-б.

АҚМАРАЛ СМАҒҰЛОВА

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

*«Абай және ұлттық руханият» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі,
филология ғылымдарының кандидаты*

АБАЙ ҚАРАСӨЗДЕРІНДЕГІ АДАМ МІНЕЗІНІҢ ТЕЗАУРУСТЫҚ СИПАТЫ

Біз ХХІ ғасырда өмір сүріп жатырмыз. Ғылым мен техниканың көз ілеспес жылдамдықпен қарыштап дамуы, ХХ ғасыр адамы мен жаңа ғасыр өкілдерінің көзқарастарының қабыспауы, тіптен әлеуметтік желінің әсері де адамзат мінезіне ықпал етуде. «Айшылық алыс жерлерден» бірер секундта ғана хабар алып отырған жаңа ғасыр мүмкіндіктері адам баласының мінезіне қалай әсер етуде? «Етекбасты көп көрдім елден бірақ» деп Абайды күйіндірген, түңілдірген қазақ мінезі өзгерді ма?

Абайдан артық қазақты таныған, одан артық қазақ мінезін сынаған жан болған жоқ. Абай өмір сүрген заманнан жүз жиырма жылдай уақыт өтті десек те, қазақты ондырмай жүрген мінез мақтаншақтық пен даңғойлық болар. Тіптен кейде қазақтың қанына сіңіп, сүйегіне біткені соншалық бұл мақтан қазаққа ғана тән мінез тәрізді көрінеді.

Абай шығармалары – ізі өшпес асыл мұра, әдебиеттің негізгі константы. Осындай асылдан үлгі алып, шығармаларынан рухани сусындау жеке тұлға үшін ғана емес, ұлт келешегі үшін де азық болмақ. Бірақ қазіргі оқырман үшін Абай тілін түсіну, ұғыну қиынға соғуда. Бұл – хакім шығармалары мен ондағы ойдың қаншалықты салмақты екенінің көрсеткіші. Бірақ бұл Абай тілі ауыр, түсініксіз дегенге сыймайды. Ахмет Байтұрсынұлының Абайды түсіну үшін оқырман көзқарасы мен дүниетанымының кеңдігі қажеттігін де баса айтуы содан шығар. Бұл үшін, әуелі, Абай шығармаларының негізгі өзегін жете түсіну керек.

Тезаурус – лексикалық жүйенің ең жақын интерпретациясы. Сондықтан объекті болып отырған сөздің түсінігін тереңдей ашу үшін синонимдік, антонимдік, тіпті гиперонимдік қатары да тізбектей көрсетіледі. Оның жеңіл, ұғымды болуы үшін негізді талдау теориясынан өзгеше практикалық тәсілге жүгіндік. Тезаурустық талдау барысында мақалада мінез аспектілері ашып көрсетіледі.

Адам бойындаға мінедің пайда болуы, олардың ара-қатынасы мен байланысы жан-жақты талданады.

Тезаурус – тілдік-лингвистикалық талдау жүйесінде ерекше маңызға ие құрылым. Тезаурустың сөздікке қарағанда мағынасы мен мазмұны ауқымды. Сондықтан қазіргі гуманитарлық ғылымдарда мәтіннің ішкі Абай қарасөздеріндегі адам мінездеріне тезаурустық талдау мазмұнын тезаурустық тәсіл арқылы талдау үлкен мәнге ие. Тезаурустық талдау аспектісі, ең алдымен, мәтіннің квинтэссенциялық мағынасын ашып көрсетуге негізделген. Оның реттілігі әліпби бойынша анықталған сөздіктерден басты айырмашылығы да осында. Сөздіктің басқа түрлерінде сөздер әліпби реті бойынша тізбектелсе, тезаурустық сөздіктерде сөздер мағынасы бойынша топтастырылады. Онда семантиканың парадигмалық сипатындағы оппозициялық сөздер тобын (синонимдер, антонимдер, гипонимдер, паронимдер сияқты лексика-семантикалық топтар) жүйелеу қажет. Бұл тұста сөздің тек лексикалық мағынасын беріп қоймай, оның атрибуты мен гипернимдік сипатын ашып көрсету маңызды. Сөздіктің осындай жалпы өрістерінің арасындағы мағыналық қатыстарын ашып көрсету тезаурустық талдау жүйесіне енген.

«Тезаурус деп аталған бұл термин гуманитарлық ғылымдарда тілдегі бар ұғымның негізгі семантикалық өзегі болып табылады» [1, 12]. В.Луковтың анықтамасынан тезаурус гуманитарлық ғылымдардағы, әсіресе тіл білімінде маңызды қызметте екендігін аңғаруға болады. Тезаурустың негізгі өлшем бірлігі – мағына. Қолданыстағы сөздердің лексикалық мағынасын қатып қалған қағидамен анықтау мүмкін емес. Жеке сөзге берген түсініктеме ол басқа сөздермен тіркескенде мүлде бөлек өзгеріске енуі мүмкін. Осыған сәйкес лингвистикалық тезаурустың екі негізгі сипаты айқындалған.

Біріншісі – өлі тілдердің қолданысындағы заңдылықтарды сипаттайтын анықтамалық сөздік. Онда сөздердің қолданылу ережелері, жазылу тәртібіне нұсқаулық беріледі. Бұндай ережелерді қолданыстағы сөздерге жасау мүмкін емес, себебі қазіргі қолданыста бар тілдер әлі де даму үстінде, жаңа сөздер, жаңа сөз тәртібі сияқты құрылыстары тұрақсыздыққа ұшырайды. Өлі тілдердің тіршілігі тоқтап қалғандықтан, соңғы қолданыстарына қарап, нақты тәртіпті анықтауға болады. Мұндай сөздіктер ескі жазба тілдері мен көне ескерткіш тілін оқуға арналған.

Екіншісі қолданыста бар тілдегі сөздерге мазмұн жағынан анықтама жасауға бағытталады. Онда сөздер мағыналық топтар бойынша классификацияланады да, әр топқа жатататын толық лексикалық мағынаға ие сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер талданады. Сонымен қатар әр ғылым саласына қатысты тезаурустық сөздіктердің құрамы бір-бірінен өзгешеленеді. Ал лингвистика-

лық ғылымдарда сөздердің сыртқы формасы басты назарға алынбай, ішкі мағынасына талдау жасалады.

Тіл біліміне осындай тезаурустық талдау жүйесінің енуі – тілдегі сөздердің мағыналық құрылымына жаңаша үңілуге мүмкіндік берді. Осы тұста тіл мен әдебиетті ұштастыру әдеби талдаудың конструкциясына өзгеше қалып енгізеді. Оның ішінде поэтологиялық немесе прозалық тезаурустардың да жеке ерекшеліктері көп.

Негізінде тезаурус, идеографиялық, синонимдік сөздіктер фасеттік құрылымдар болып табылады, сондықтан кейде бір-бірінен ажырату қиынға түседі. Сол себепті тезаурусты кейде идеография деп те атайды.

Қазіргі көп жазбалар мен көп сөздер оларға қайта түсінік беруді қажет етеді. Міне, тезаурустың негізгі қызметі осы тұстан айқындалады. «Тезаурустың мәдени рөлі тек ойшылдар мен ғалымдар үшін емес, қарапайым адамдарға да түсінікті сөздермен ақпарат беруге бағытталған» [2, 13]. Тезаурустың негізі логикалық семантикада белгілі бір нысанның ойдағы мағыналық бейнесін ашуда жатыр. Лингвистикалық талдаудың бұл түрін әдебиетте ақын-жазушылардың шығармаларындағы негізгі түйінді шешіп, мағыналық бояуларын қанықтыра түсу үшін қолданады. Әр әдеби тұлғаның шығармашылық ерекшелігі, авторлық қолданыс тілі бар. Абай қарасөздеріндегі тезаурустық сипаттың өзіндік болмысы бөлек. Оның эстетикалық таным көкжиегін оқырманға таныту үшін семантикалық өзегін – ішкі мағынасын ашып көрсету қажет. Қарасөздердегі әртүрлі сипатқа ие мәндердің ішкі құрылысын талдау үшін оларды тақырыптар бойынша жүйелеген жөн. Мысалы, «ғылым мен білім», «адам мінездері», «бала тәрбиесі», «діни көзқарас», «дүние, жаратылыс туралы философия» тағы басқаларын өзара жіктеп, тармақтарға таратуға болады. Абай сынаған адам мінездері де алуан түрлі.

Психология ғылымында мінез адамның қорғанышы ретінде анықталады: «Мінез сыртқы ортаның жеке тұлғаға деген әсеріне немесе экспрессивті қасиеттер мен субъективті іс-әрекеттерге жауап қайтаратын қорғаныс қабығы ретінде қызмет етеді» [3, 8]. Ал көркем прозадағы мінез адам баласының іс-әрекет, жағдай барысындағы моральдік көрінісі, тіпті көзқарасы деуге де болады. Классик жазушы Мұхтар Әуезов: «Абайдың адамгершілік жөніндегі моральдық өсиеттерін алсақ, олардың ішінде біздің заманға да бағасы зор шындықтары, тәрбиелік ойлары аз емес. Бұл жағы айрықша таратып, талдауды қажет етпейтін түсінікті жайлар» [4, 367], – деп ұлы ақын қарасөздеріндегі тәрбиелік, адамгершілік пәннің құндылығына күмән келтірмейді. Олай болса, жалпы адамзат баласы үшін ортақ құндылықты жоғалтпауға, дәріптеуге, сақтауға тиіспіз.

Мінез – адам болмысының сапалық өлшем бірлігі. «Ғылымды, ақылды сақтай-

тұған мінез деген сауыты бар. Сол мінез бұзылмасын!» [5, 92]. Қарасөздердегі бұл ұғымның жалпы лексикалық мағынасына келгенде, оның өзін екі үлкен тармаққа жіктей аламыз: «жақсы мінез», «жаман мінез». «Жаман мінез» сипатын танытатын бірнеше тезаурустық тізбекке «еріншектік», «залымдық», «кеселді жалқау», «талапсыздық», «есер кісі», «кербез», «мақтаншақтық», «надан» сияқты түсініктерді жатқызуға болады. Тезаурус сөздің семантикасы болғандықтан, оның анықтамалық мөлшеріне шектеу келтіруге болмайды. Сөздің ішкі мағынасы ашылғанша берілетін тізбектерді ажыратып алып, тиімді, үйлесімді келгенін таңдап ала аламыз. Яғни, сөздің мағыналық түсіндірмесі бір сөз, сөз тіркесі, болмаса сөйлемнен де тұруы мүмкін. Бұл сөз кескінінің ашылу тәртібі мен мөлшеріне, микродетальдарына қарай анықталады.

Талдауымыздың алғашқы сөз тізбегі ретінде Абай қарасөздерінің негізгі түйіні саналатын отыз сегізінші сөздегі «күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсеге» тоқталайық: «надандық», «еріншектік», «залымдық» [5, 118-119]. Надандықты білім-ғылымның жоқтығынан шығатын жат мінез деп түсіндіреді де, білімсіздіктен шығатын адам болмысындағы жаман кейіптерді бірнеше тармаққа жіктейді. «Орынсыз күлкі», «имансыз», «байлаусыз» сияқты адам бітімінен алшақ сапалық көрсеткіштерді осы қатарға қосады. Бұларды гиперонимдік тізбек деп қарастыруға да болады.

Абай қарасөздерінің мән-мазмұнына зер салсақ, еріншектік – барлық жаман мінез бен кесел істің бастауы. «Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады» [5, 119], - деген тезистік жолдар осыған айқын дәлел болады. «Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғынының бір себебі – жұмысының жоқтығы» немесе

Қарыны тоқтық,

Жұмысы жоқтық

Аздырар адам баласын [6, 127].

Осылайша адам баласын аздыратын нәрсе жалқаулық, еріншектік дегенге әкеп сыйдырады. Бұл тұста қарасөздер мен өлеңдеріндегі мағыналық үйлесімді де байқауға болады.

«Адам баласының дұшпаны» саналатын залымдықты үшінші кесел мінездің бастауы дейді. Қарасөздің жалпылама мазмұн сипатына келгенде, оған «мақтан», «арсыздық», «кербездік», «өтірікші» сияқты теріс қылықтарды жатқыза аламыз. Бұл аталған жағымсыз мінездер жеке-жеке топ емес, бір-бірінен шығатын үлкен тізбек тәрізді. Еріншектіктен надандық, надандықтан залымдық. Үшеуінің арасында да байланыс тізбектері бар. Бұл тізбектер аталған мінездерден кіші, бірақ адам олардан дер кезінде бойын алшақтатып үлгермесе, адамдық қасиеті кеселге айналмақ.

«(Орынсыз) күлкі өзі бір мастық» – Абайдың орынсыз күлкі туралы танымдық сипатын көрсететін контекст. «Әрбір байқаған адам білсе керек: күлкі өзі бір мастық екенін, әрбір мас кісіден ғафил (бейқам, салақ) көп өтетұғынын да, әрбір мастың сөйлеген кезінде бас ауыртатұғынын»; «Әрбір орынды hareket өзі де уайым-қайғыны азайтады, орынсыз күлкімен азайтпа, орынды hareketпен азайт!» [5, 54],- екі сөйлем мазмұн-мағына жағынан мәселе-шешім ұғымын беріп тұр. Бұл жерде Абай адам баласының жаман мінезіне орынсыз күлкіні жатқызады да, одан уайым-қайғысыздықтың шығатынын айта келе, осыдан құтылатын жолды – жақсы мінезді нұсқайды. Яғни, орынсыз күлгіден құтқаратын амал – орынды әрекет. Орынсыз әрекетке қулық, тіленшілік, ұрлық деген надандықтан шығатын адами қасиеттен ада, ақылға теріс істерді жатқызады.

«Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі» [5, 55] афоризимдік контекстінің құрылысы жаман мінездің доминантты синонимдік тізбектерін бірыңғайлау арқылы жасалған. Бұл жерден бірнеше сөз бен сөз тіркестерін бөліп қарауға да болар еді, бірақ біздің қарастырып отырғанымыз жеке сөздің емес, жалпы мағынаның сипаты болғандықтан, «әмбебап фабуланың» көмегіне жүгінеміз. Сөзді, сөз тіркестерін ажыратпай, мәтін мағынасын ашамыз. Фабула тезаурустың семантикалық бөлшектерін құрауда жолнұсқаушылық, жинақтаушылық қызмет атқарады [7,169]. Яғни мысалға алып отырған тезистің негізгі қаңқасына – мағынаға атау болып тұрған номинативтік қызметтегі сөздерге салмақ сала отырып, негізгі элементтер арасындағы байланысты анықтаймыз. Сөйлемге негізгі тірек болып тұрған мінездің сапалық түрлері – бір-бірімен тең дәрежедегі бірыңғай сөйлем мүшелері. Оларға қосымша мағына үстеп тұрған екінші бөлігі – доминантты сөздер арқылы бүркемеленген толықтырушы тізбек. Мағыналық сипатының ашылуы да осы екі бөлшектің арасындағы байланысқа тәуелді. Қулық саумақ (алдау, айла), көз сүзу, тіленшілік, адам саумақ (ұрлық) – адамзат баласына жат мінез, оларды бойына мін тұтпаған жан қасиетсіз, өнерсіз хайуан бейнесімен тең екенін айтады. Сөз түйінінде құлшылық етуді, өз қайратына сеніп, еңбек етуді осы жат мінезден арылтарлық әрекет деп таниды. Айтылған жағымсыз мінездерді «надандықтың» ең үлкен гипонимдік тармақтары деу орынды. Себебі айтылған ұғымдардың түпкі мағынасы адамның жағымсыз типтерін суреттейді. Адамгершілік пен ізгілік, иманның төмендеуі осы аталған сипаттар мөлшерінде қарама-қайшылық заңдылығымен анықталады. Яғни ақылға теріс, адамгершілікке жат мінез көбейгенде ізгілік пен иман дәрежесі таразыдан төмен түседі.

«Иман» сөзінің араб тілінен аудармасы – сенім, илану, қабылдау. Ол – сенім мен адамгершілік арасындағы рухани реттеуші күш, адамшылықтың асыл қасиеті, адамдық болмыстың ең үлкені. Имансыз жақсылық та, мәдениет те, өр-

кениет те жоқ. Хакім он үшінші сөзінде адам үшін илануға екі түрлі нәрсе керек екенін айтады. Біріншісі – якини иман – сенген, иланған нәрсесін толық танып, білетін білім, ғылым, екіншісі – иман таклиди – сол сенімінен ажыратпайтын беріктік. «Енді мұндай иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын керек». Қарасөздердің мазмұнын анық түсінсек, иманның екі негізгі тұғыры бар: ұят пен сенім. Бұлар болмаса адамның адам атына лайық болуы қиын, «имансыздың» күйіне түседі. «Кімнің ұяты жоқ болса, иманы да жоқ деген» [5, 97].

«Ұят деген – адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігінді өз мойнына салып, сөгіс қылған қысымның аты» [5, 97]. Отыз екінші сөзінде «надандықтың ұяты», «шын ұят» деп бөліп, олардың себептерін де көрсетеді. Жоғарыда айтқан «имансыздық» та осы ұят деген ұғым бойдан таса болғанда пайда болады.

Екінші айтылған сенімнің орнықты болуының негізі көңіл беріктігінде жатыр. Абай атап көрсеткен барлық жақсы мінездің бойдағы тұрақтылығы үшін де көңіл беріктігі қажет. «Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл беріктік бір ақыл үшін, ар үшін болсын!» [3, 92]. Байқағанымыздай, Абай адам баласының кертартпа мінездерінің қай-қайсын болмасын сынап қана қоймаған, одан арылу жолын көрсеткен. Себебі мінездің өзгеретініне сенген. «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» [5, 99] деген ойын дәлел етуге болады. Дәл сол секілді байлаусыздықтан құтқаратын әрекет өзіне өзі есеп беру деп түсіндіреді. Көңіл беріктігі бұзылып, байлаусыздыққа алып келеді, оның артында «салғырттық» деген үлкен кеселді нәрсе жатыр.

Абай айтқан «күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын» төрт түрлі ой кеселінің бірі – салғырттық. Отыз екінші сөзінде «Соның ішінде уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар, зинһар (сақ бол, байқа!), жаным, соған бек сақ бол, әсіресе, әуелі – құданың, екінші – халықтық, үшінші – дәулеттің, төртінші – ғибадаттың, бесінші – ақылдың, ардың – бәрінің дұшпаны. Ол бар жерде бұлар болмайды» [5, 92] деп салғырттықтың ақыл кеселдерінің ішінде ең үлкені екенін ескертеді. Тұрақсыздық пен салғырттық арасындағы айырмашылық бір-ақ адым. Адамның орынды іске қызығып, бар дүниеден жақсылық таппай, ақыл сөзіне қайшы әрекетпен жүруі де осыдан. Ондай адам көптің көлеңкесінде басқан қадамынан жаңылып, дүниенің бар жақсылығынан мақрұм боларлық енжар адам күйіне түседі. «Уайымсыз салғырттық» – қамсыздық, бейқамдық. Бойындағы бар мінге еш уайымсыз қарап, «жұрт қылғанды біз де қылып жүрсек болғаны» деген селқостықтан туындайтын ой. Абайдың он алтыншы, жиырма үшінші сөздерінде келтіретін теріс қылықтар – осы салғырттықтан шығатын мінез са-

пасыздығы. Салғырт адам дүниенің жақсы мен жаманын, оң мен терісін ажыратуға, білім мен ғылым оқуға ұмтылмайды. Осылайша жеке көзқарастан айрылған соң, талапсыздық деген бар өнердің дұшпанын өзіне дос етеді.

«Адам баласының ең жаманы – талапсыз» [5, 132]. Талапсыздықтың адам бойына енуі еріншектіктен бастау алатынын жоғарыда атап айттық. Талап – Абай шығармаларындағы білім, өнер, ғылымға жол ашатын негізгі бастаушы, бес асыл істің бірі. Ойшыл отыз екінші сөзінде ғылым-білім үйренбекке талап қылушыларға алты шартты нұсқайды. Түпкі мағынасы талпыныс, ынта, ұмтылысқа келіп түсіндіріліп жүрген талаптың адам өміріндегі маңызы зор екенін ұғынамыз. Талаптан талапсыздыққа апаратын жол – еріншектік. Психологиялық адам күйіне келгенде бір қалыптан екінші мінез типіне өту жедел құбылыс емес. Айтпағымыз, бойға еріншектік енген соң, адам бірте-бірте ойсыз, уайымсыз болады да, талаптық тегінен алыстай-алыстай, мүлде талапсызданады. Рухани құлдырау осы талапсыздықтан басталады. Ұмтылыссыз, ынтасыздың ақылы «ұятты» қабылдамайды, «қырт мақтанның» қырын ұстап, бос әу-решілікке салынады.

«Аз ба, көп пе, адам баласы біртүрлі мақтаннан аман болмағы – қиын іс» [5, 75]. Мақтанның екі түрі бар: үлкендік, мақтаншақтық. Үлкендік – жоғарыда айтылған адамгершілікке жат болмыстардан өзін зор санау, оларды бойына қорлық көру. «Бұл мінез – ақылдылардың, арлылардың, артықтардың мінезі» [5, 75]. Мақтаншақ – мақтан қуып, ел мақтаса екен деген жалған пысықтықпен күн кешкен надан. «Оның надандығы толық, адамдығы әбден толық емес». Екеуінің арасындағы айырмашылықты «десін», «демесін» деген антоним арқылы көрсетеді де, олардың негізгі белгілерін анық ажыратып береді. Екінші айтылған мақтанның түрінен кербез кісі белгілері шығады.

«Өз дәулетінен артық киінбек, не киімі артық болмаса да, көңіліне қуат тұтып, тым айналдырмақ – кербездің ісі» [5, 72]. Кербез парсы тілінде «жылпос, қу» дегенді білдіреді. Абай айтқан кербездіктің белгілері – «дәулетінен артық киіну», «бет-пішінін, сақал-мұртын, мүшесін, жүрісін, қас-қабағын қолдан түзеу» – жасандылық. Көңіл қуатын мастандырып, сырт келбетіндегі, әрекеті мен сөзіндегі жалған сыпайылықты арттыруды жөн санаса, соны кербез адам деп біл деген. Табиғи болмыстан алшақтап қана қоймай, оған мақтаншақтық қосылып, көкірек көзі жұмылмақ. Бірақ мұндайда көңіл қуаты масаттанғанымен, жан қуаты көгерер ме? Хакімнің негізгі ойынан туындаған бұл сұраққа «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» [5, 72]. Осыдан Абай дүниетанымындағы «ар», «ғылым», «ақыл» жан қуатының қорғаушы күштері екенін ұғынамыз.

«Бұлардың емі, Халлақына (жаратушы) махаббат, Халиқы (жаратушы) ғаламға шапқат (шапағат), қайратты, тұрлаулы, әділет ісінің алды-артын байқарлық білімі, ғылымы болсын...» [5, 119]. Бұл контекстің мағынасын ашу үшін Абайдың махаббат пен әділет туралы феномені – пәлсапалық ойларының негізгі түйінін талдауға салу қажет. Ал осы әділет пен махаббаттың негізі ғылым болуы шарт. Ақиқатты тануда, махаббатыңды нұрландырып шашатын дүниенің шындық болмысына көз жеткізетін білім, ғылымды жоғары қояды. Абай дүниетанымындағы ғылым – тек материалдық құндылықты жоғарылатудың емес, барлық істе, кез келген бағытта дамуға апаратын ақиқат жолы. Бұл тұрасында Абай «Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж, ешбір ғибадат орнына бармайды» [5, 63] деп пікірін анық айтады. Осылайша адамзатты әр нәрсенің шындық бейнесін көру үшін абстракциялық ойлаудан алшақболуға шақырады, оны көңіл беріктігімен сақтап, тұшыну керек деген байламға әкеледі: «Әрбір хақиқатқа (ақиқат) тырысып ыждағатыңмен көзің жетсе, соны тұт, өлсең айырылма! Егер де ондай білгендігің өзінді жеңе алмаса, кімге пұл болады? Өзің құрметтемеген нәрсеге бөтеннен қайтіп құрмет күтесің?» [5, 92]. Абай тілімен айтқанда, алдыңғы сөз болған ғылым да, оған керек көңіл беріктігі де – бәрі де жүрек ісі, махаббат та жүректен. «Бұл ғаделет, махаббат, сезім кімде бар, ол кісі – ғалым, сол – ғақил (ақылды). Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп, ақылмен біліп» [5, 133]. Махаббаттың тұрағы – жүрек, жүрекке демеу болатыны – ақыл, ақылды сақтайтын сауыт – мінез. Мінездің адам бойындағы сан құбылысын, ерекшеліктерін, оның тіршілік иесінің әрекеті арқылы сыртқы қоршаған ортаға көрінетін белгілерін Абай ғақлияларында тамыршыдай тамырын дөп басып көрсете білді.

Сөз – затты, не құбылысты таңбалаушы мағыналық-құрылымдық белгі. Қандай да бір ғылымда қолданылатын сөздіктер сөздердің таңбалық сипатын, мағынасын ашу үшін жасалады. Олар құрылымына қарай әртүрлі. Бірақ сөздердің сөздікте орналасу тәртібіне қарай оны негізгі екі түрге бөліп қарастыра аламыз:

1. Таңбалық ерекшеліктеріне байланысты;
2. Мағыналық сипатына қатысты [8, 6].

Алғашқысы – ең көп таралған түрі. Ал екіншісі, сөздің сыртқы форма, таңба ерекшеліктерін ескерместен, мағыналық топтарға жіктеуді қажет етеді. Олар ғылымда тезаурустық, идеографиялық сөздіктер деп аталады. Бұлардың басты ерекшелігі де осы – негізгі қызметті семантика атқарады. Тезаурус бастапқыда сөздік ретінде таралып жүрсе, қазіргі тіл білімінде ауқымы кеңейіп, талдау жүйесіне де тезаурустық тәсіл еніп отыр.

Әр талдау өз ерекшеліктеріне байланысты сараптаманы, сұрыптауды қажет етеді. Сол сияқты лингвистикалық талдау мен лингвистикадағы тезаурустық талдауды ұқсастырып, шатастыруға келмейді. Лингвистикалық талдауда номинативті және коммуникативті қызметі анықталған сөзді құрылымдық бөлшектерге (морфемаларға) бөліп көрсетеді. Ал көбіне тәсіл ретінде қарастырылып жүрген тезауруста құрылым есепке алынбай, сөз құрамындағы элементтердің өзара мағыналық қарым-қатынасын ашады, семантикалық талдаудың өрісі кеңейтіледі. Кейде сөз мағынасын толық ашу үшін оның түпкі шығу тегін, түрленуіндегі даму заңдылықтарын да анықтайды. Қазіргі лингвистикалық ғылымның даму кезінде осындай ауқымды жүйеге ие талдау тәсілі сөз қазынасына жетіп, тіл байлығын көтеру үшін аса қажет.

Талдау жасалған адам мінездері өзара байланыстағы, бірінен-бірі туып, адам баласының олардан тез арылуына көнбейтінкөлеңке іспетті. Жоғарыдағы генезистік тізбекті көрсетуде тезаурустық жолды қолданудың да маңызы зор болды. Себебі тезаурустық талдауда қатқан қағида жоқ, бір ғана шарты – объект болып отырған сөздің интерпретациясын таңдап, ең жақын дефинициясына қол жеткізу. Бұл жерде Абай қарасөздеріндегі мінез түрлерін ашып көрсету үшін «жаман мінез» категориясы арқылы «жақсы мінез» сапаларын айқындадық. Абай тілі қолданысындағы сөздердің грамматикалық формасын емес, лексикалық қабаттарына үңілу арқылы негізгі өзегі болып табылатын мағынаны анықтауға тырыстық.

Зат бар жерде оның сипаты болады, сол сияқты сөздің де формасы бар: ол мейлі грамматикалық болсын, мейлі лексикалық болсын. Олардың арасындағы ерекшеліктерді анық танып, ажыратып, лексикалық мағынаның грамматикалық формаға тәуелді емес екенін жете білген жөн, ортақ белгісі – сөз. Тезаурустық тізбек құруда ескеретін қағидалар: сөздердің қолданыс аясы, байланысу тәсілдері, мағыналық ара-қатынасы, интерпретациялық жиілігі. Дәл осы лексикалық заңдылықтардың негізгі ережелерін ескере отырып, Абай қарасөздеріндегі мінез категориясына жататын лексикалық мағыналы тізбектерге логикалық талдау формасы жүргізілді. Мұнда бірігіп бір мағынаға ие болып отырған бір немесе бірнеше сөздерді ой қорытындысына салып, байланысу ерекшеліктері мен ұғымның негізгі мәніне назар аудардық. Бұл лингвистикалық ұғымдарды жалпы философиялық ұғымдармен байланыстыра жүйелеуге алып келді. Осылайша еркін формадағы тезаурустық талдау жасалды.

Қарасөздердегі адамның ерекше қасиеттері мен тұлғалық болмысын қалыптастырудағы күрделі кезеңдерін байқаймыз. Себебі «толық адам» болу жүректегі нұрдың жарығы шашырап, қоршаған ортаға көкірек көзімен қарағанда ғана мүмкін. Ол үшін бар жамандық, кесел атаулыдан ада, сау ақыл мен салауатты денені шынықтыру қажет.

Тезаурус – лингвистикалық ғылымда интегралдандырылған сөздердің аналогы. Тіл білімінде оның маңызды құрылым болуы да мағыналық қатынастардың айрықша байланысын анық көрсетуінде жатыр. Оның қазіргі талдау жүйесіне енуі кез келген мәтіннің жалпы мазмұны мен сөздер арасындағы семантикалық парадигманың үйлесімін толықтануға мүмкіндік берді. Әсіресе мәтінтануда айрықша орынға ие. Адам болмысы, мінезі күрделі психологиялық қабаттардан тұрады. Абай қарасөздеріндегі негізгі объект те адам, адам мінезі, психологиясы мен әрекеті болып табылады. Сондықтан барлық қарасөздеріне ортақ кейіпкер адам деп сеніммен айтуға болады. Ал «Кейіпкер болмысын даралайтын түрлі бейнелеулер тізбесін анықтауда тезаурус қатарын түзу маңызды» [9, 97]. Біздің нысан ретінде алып отырған Абай қарасөздеріндегі мінез түрлерінің тезаурустық сипатының аспектілері арасындағы байланыс тізбегін көрсетуде, алдымен жаман мінез категориясының бірнеше тізбегі таңдап алынды. Олар тек сөз ғана емес, сөз тіркестері мен афоризмдер, сөйлемдерден де тұрады. Бұл жерде мағынаның тұтастығын сақтау ережелері есепке алынды.

Адамның жаны мен тәні арасындағы негізгі байланыс – мінез. Ол – адам болмысының, бар табиғатының деңгейлік, сапалық көрсеткіші. «Адамның іс-әрекеті мен мінез-құлқын анықтайтын негізгі фактор – оның дүниетанымы. «Кім шынайы?» факторында тәрбиеленген адамның жоғары рухани деңгейінің артықшылықтары «Мен неге осы уақытта дүниеге келдім?», «Менің өмірімнің мәні неде?», «Менің өмірім ар мен адамгершілік талаптарына сәйкес келе ме, жоқ па?» [10, 150] , - деген сұрақтарға жауап бере алғанда ғана анықталады. Сондықтан, Абай қарасөздеріндегі адам психологиясы, жалпыадамзаттық мінез сипаттары туралы феномендері философияда маңызды орынға ие. Адам үшін жан қуаты болып табылатын жақсы мінез бен құлдырауға себеп бола алатын жаман мінез түрлері арасында қандай да бір байланыстың бары анық.

Хакім сынаған жағымсыз мінезді жақсы қасиеттермен жойып, түзеуге болатынына адамзат баласын әбден сендіргісі келді. «Ол қазақты жамандаған жоқ, жаман мінезін сынады. Қазір жақсылы-жаманды біліміміз болса да мінезіміз сол қалпы. Бүгінгі барлық проблема – мінезімізден; әділетсіздік, ұрлық, парақорлық, шенқұмарлық, жандайшаптық, жағымпаздық, қатыгездік, қиянатшылдық, сатқындық, өтірікшілік, мал шашпақ, надандық, өзімшілдік» [11, 56]. Ал ұлы ақын халыққа ес кіріп, бар жамандық атаулының, керексіз мінездің ескіретініне үміттенді. Жан қуатын арттырып, нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүректі бойына жинаған ұрпақты аңсады.

Пайдаланган әдебиеттер

1 Вал.Луков, Вл.Луков. Тезаурусы субъектная организация гуманитарного знания. – Москва: изд. Национального института бизнеса, 2008. – 785 с.

2 Тезаурусы и проблемы культуры: III Академические чтения памяти Владимира Андреевича Лукова: доклады и материалы Общероссийской (национальной) научной конференции (с международным участием), прошедшей в Московском гуманитарном университете 4 апреля 2019 г. /редкол.: Вал.А.Луков (отв.ред.), Н.В.Захаров, А.В.Костина, Т.Ф.Кузнецова, Ч.К.Ламажа, В.П.Трыков. – М.: Изд-во Моск. гуманит. ун-та, 2019. – 401 с.

3 Психология характера: учебное пособие / Алтайский государственный университет; сост.: М.В.Шамардина, И.А.Ральникова, Е.А.Петухова. – Барнаул: АлтГУ, 2020. – 1 CD-R (2,6 Мб). – Систем. требования: Intel Pentium 1,6 GHz и более; 512 Мб (RAM); Microsoft Windows 7 и выше; Adobe Reader. – Загл. с титул. экрана. – Текст: электронный.

4 Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 35-том: Мақалалар, зерттеулер. 1956-1957. – 416 б.

5 Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 2-том. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 2020. – 528 б.

6 Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 1-том. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 2020. – 640 б.

7 Караулов Ю.Н Лингвистическо конструирование и тезаурус литературного языка. – Москва: изд. «Наука», 1981. – 367 с.

8 Марковкин В.В. Идеографические словари. – изд. Московского университета, 1970. – 71 с.

9 Аймұхамбет Ж.Ә. Абай поэзиясындағы «мәңгілік бейнені» тезаурустық талдау // «Keruen», 2022, №1

10 Sultangaliyeva O.K., Erdembekov B.A., Soylemez O. The relationship of national character and ethnocultural worldview in modern kazakh poetry // Opcion, Ano 36, Especial No.26 (2020): 1497-1513 ISSN 1012-1587/ ISSNe: 2477-9385

11 Ыбырай С. Жарым адамнан – толық адамға. – Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2020. – 254 б.

АЛТЫНАЙ АСҚАРОВА

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
«Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институтының
гуманитарлық ғылымдарды зерттеу бөлімінің басшысы,
филология ғылымдарының кандидаты*

«ТОЛЫҚ АДАМ» ІЛІМІ – АБАЙ ОЙ-ТАНЫМЫНЫҢ КВИНТЭССЕНЦИЯСЫ

Ағартушылық бастауы. Адамзат тарихында «ағартушылық» ұғымы орта ғасырда Еуропада бастау алған Қайта өрлеу дәуірімен тығыз байланысты. Батыс интеллектуалдық қозғалысының белді тұлғалары мен олардың ізін қуушы өкілдері ағартушылықтың өзегіне *рационализм* мен *еркін ойды* негіз етіп алды. Олар қоғам өмірінің бар саласын шырмаған шіркеу ықпалынан шығуға әрекеттеніп, адам құқығын алға шығарды. Ағартушылық философиясының негізінде өз кезеңінің дәстүрлі институттарын, ескілікті жол-жоралар мен әдеп қағидаттарын сынау, әжуалау жатты. Қазіргі заманғы еуропалық философиялық және саяси ой, либерализм идеялары да осы Ағарту дәуірінен тамыр тартады. Бұған, әсіресе, әйгілі неміс философы И. Кант айрықша назар аударып, анықтамасын беруге тырысқан. Ол мұны дербес еркін ойлау жүйесі ретінде қарастырады. Батыстық әлемде өркен жайып отырған демократиялық құндылықтардың да түп негізі осы Ағартушылық – Қайта өрлеу кезеңінде жатыр.

Кейіннен *ағартушылық* термині ғылымды насихаттау, ілім тарату ісімен байланысты қызметті атайтын ұғымға айналды. Қазіргі кезде ғылыми-танымдық әдебиеттер авторларын да *ағартушы* деп атау орныққан.

Сонымен, батыстық түсініктегі ағартушылық бағыты өкілдерінің ортақ тұстарының болуымен бірге, бір-бірінен елеулі айырмашылықтары да бар. Оларды ортақтастырып тұрған басты дүние – ескіні сынау, жаңаға үндеу. Бұл ретте олардың көзқарастары, әдіс-тәсілдері, ұсанған қағидаттары мен бағыттары әр алуан болып, тіпті бір бірімен қайшыласып та жататын кездері жоқ емес.

Мақала Абайдың ағартушылық көзқарасының бастауларын, өзегін, негізгі құндылықтарын анықтап, талдауға бағытталған. Герменевтикалық, аксиологиялық теорияларға сүйене отырып, Абайдың ағартушылығы табиғи қалыпта пайда болған, қазақ дүниетанымдық тұғырына негізделген, тылсымға жалғанған

рухани жүйе екендігін ғылыми негіздеген. Абай шығармаларындағы рухани құндылықтар жүйесін тек рационалды таным арқылы толық ұғыну жеткіліксіз болатыны, сонымен бірге иррационалдық таным тәсілдеріне жүгінуді талап ететіні жеткілікті дәйектелген.

Абай ілімі, ағартушылық, «толық адам» ілімі, дүнетанымдық тұғыр, рухани жүйе, дидактика, мораль философиясы, рационализм, иррационализм, ағартушы сияқты ғылыми танымның өрісі талданады.

Абай – ағартушы. Отандық зерттеушілер арасында ағартушылық ұғымына қатысты жоғарыдағы түсінікке сай қазақтың ұлы ойшылы Абайды да ағартушы ретінде танып білу тиянақ тапқан. Ағартушылықтың батыс ғылымы мойындаған талаптары тұрғысынан қарағанда, Абайдың оған сәйкес келетін жақтарының болуымен бірге, оның аясына сыймайтын тұстары да жоқ емес. Осы шағын мақалада біз Абай ағартушылығының осы қырына баса мән беруді мақсат тұттық.

Абайдың сүйікті ұлы Әбішінен айрылып, жаны жаралы, көңілі қаралы болғанда көкірегі қарс айрыла аза тұтып, көмейінен өксікті жалын ата жазған «Әбдірахман өліміне» атты жоқтау жырында айтатын *«Жаңа жылдың басышы – ол, Мен ескінің арты едім»* [1,15] деген ойын ақынның өзіне қарасты да қолдануға болады. Расында, Абайдың алдыңғы толқын дәстүрлі қазақ ақын жырауларынан ойы да, өрнегі де өзге. Сөз саптауы да бөлек. Бұған ата тек, қазақы қанын былай қойғанда, өскен орта, алған тәлім-тәрбие, игерген білімнің де әсер етіп, ақын санасына өз таңбасын қалдырғаны сөзсіз. Ол ескінің соңы, жаңаның басы болды деуге толық негіз бар.

Бұл орайда бір жайттың басы ашық. Абай алдына ел түзеуді, жұртқа жөн-жоба көрсетуді түбегейлі мақсат тұтқан жан емес. Жүрек қалауы, азаматтық болмысы, нұрлы жаны мен сәулелі көкірек көзі осы жолға түсірген. Мұны өзі:

«Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ,

Наданның көңілін қойып, көзін ашпақ.

Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,

Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ» [1,61], – деп әйгілесе,

Бірінші қарасөзінде: *«Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын. Кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ»* [1,61], – деп түйіндейді.

Көріп отырғанымыздай, Абай – жасанды жанкештілік пен мақсұтшыл қайраткерліктен ада табиғи болмыс, біртуар жаратылыс.

Сонымен, Абай ағартушылығының өзегі мен ерекшелігін қалай танып біл-

ген жөн? Әдетте, Абай мұрасын зерттеуші ғалымдар көбіне ғұламаның кемел тұлға ретінде қалыптасуын оның рухани нәр алған үш бұлағымен байланыстырады. Оның әуелгісі – қазақ халқының телегей-теңіз рухани мұрасы, екіншісі – мұсылман-исламдық дүниетаным және үшіншісі – орысша оқу арқылы қол жеткізген батыс жұртшылығының ілім-білімі. Сөз жоқ, аталған рухани қайнарлардың кеменгер ақыл-ойының толысуына, таным көкжиегінің кеңеюіне тигізген әсер-ықпалы зор. Алайда, Абай және оның рухани мұрасы – осы үш қайнардың ғана жемісі деу қаншалықты ақиқатқа жақын болмақ? Бұл тек алғышарттар ғана емес пе?! Әріге бармай-ақ, осы үш қайнар бүгінде кез келген қазақ баласына қолжетімді болып отырған жоқ па?! Олай болса, бүгінгі бұл талапты өрендер Абайдың деңгейі демей-ақ қояйық, өз заманының ойы озық, ақылы асқан бірегей жасампаз тұлғасына неге айналмай отыр? Демек, пенденің тұлға болып қалыптасуын қоршаған ортасымен, алған тәлім-тәрбиесімен, игерген ғылым-білімімен ғана байланыстыра қарастыру белгілі бір дәрежеде географиялық, рухани, мәдени, лингвоғылыми, гендік детерминизмге ұрындырмай қоймайды. Ол бірқатар шындықтардың сырына бойлатқанымен, тұтас ақиқатты танып білуде жеткіліксіз болмақ.

Абай дүниетанымының кілтін белгілі ғұлама ғалым, фарабитанушы Ақжан Машани ұсынған. Сол секілді философ Досым Омаровтың да пайымдаулары көкейге қонымды тұжырымдар ұсынуымен құнды.

Жалпы, Абай – өзінің дара рух иесі екенін тани білген жан. Өзінің рухын тани алған адам ғана өз болмысымен бетпе-бет келіп, ақиқатқа жақындай алады. Дүниенің көмескі және көрнекі сырларын, жаратылыстың хикметтерін сезіп білуге қабілетті болады. Санасы нұрланып, көкірегіне сәуле құйылған жан ғана пендеуи дүние, күйкі тіршіліктен жоғары тұрып, биік идеалдар, ұлы мақсаттар жайлы ой толғауға қабілетті болмақ.

«Әсемпаз болма әрнеге,

Өнерпаз болсаң, арқалан.

Сен де бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та, бар қалан!» [1,62] деуінің астарында да жаратылыстың сыры мен түпкі мақсатын көкірек көзімен сезе білген аңғарлы жанның емеуріні қылаң береді. Бұл – санасы шұғыла шашқан, көкірек көзі ашылған адамның аузынан шығатын лебіз. Өзінің Ұлы Абсолюттен тамыр тартып, аманат арқалаған жан екенін терең сезінуден туған лепес.

Сол секілді «Көзінен басқа ойы жоқ» өлеңіндегі:

Жүректің көзі ашылса,

Хақтықтың түсер сәулесі,

Іштегі кірді қашырса,

Адамның хикмет кеудесі» деуі осыған меңзейді. Абай адамзат баласына ортақ ақиқатты қазақы мазмұнға орап бере білген.

Сонымен, Абай ағартушылығының ерекшелігі сан ғасырлардан бері Ұлы Далада қалыптасқан шалқар дүниетанымның алуан түрлі мәдени жүйелермен тоғыса келе толғатып туған рухани синтезінде, көкірек көзінің ашылып, тылсымға жалғана білуінде жатыр. Бұған Абай өлеңдері мен қара сөздеріндегі сыр сөздер куә.

Ағартушылық арналары

Ойшыл шығармашылығын тұтас күйінде қарастыру, Абайдың ағартушылық көзқарастары мынадай төрт бағытта өрбитінін көрсетіп отыр.

Бірінші, надандықтан арылу, оқу-білімге үндеу.

Екінші, жасампаздық қабілетті күшейту, жаңашылдыққа үйір болу, өнер үйреніп, кәсіп ашу.

Үшінші, сапалы қазақ болудың шарттары.

Төртінші, «толық адам» болу, рухани-адамгершілік қағидаларын негіздеу. Абайдың бүкіл шығармашылығында аталған төрт бағыт желі тартып, айттайын деген басты ойына өзек болған.

1. Оқу-білім құндылығы

Абайдың ойынша, бүкіл жамандық атаулының бастауы – надандықта. Одан арылтатын, адамның өресін өсіріп, өрісін кеңейтетін, көзін ашатын – оқу-білім. Сондықтан да ол, барша жастарға қарата:

«Ғылым таппай мақтанба,

Орын таппай баптанба,

Құмарланып шаттанба,

Ойнап босқа күлуге», – деп үн қатады. Адам болудың нақты шартын былайша нұсқайды:

Бес нәрседен қашық бол,

Бес нәрсеге асық бол,

Адам болам десеңіз.

Тілеуің өмірің алдында,

Оған қайғы жесеңіз.

Өсек, өтірік, мақтаншақ,

Еріншек, бекер мал шашпақ –

Бес дұшпаның, білсеңіз.

Талап, еңбек, терең ой –

Қанағат, рақым, ойлап қой –

Бес асыл іс көнсеңіз» [1, 4], – деп тұжырымдайды. Оқудың мақсаты – пайда табу емес, арлы адам болу екенін қайталап айтудан танбайды.

«Баламды медіресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім» [1,11],- дейді.

«Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.

Артық білім кітапта,

Ерінбей оқып көруге» [1,13] – деп, адамшылық арды әрдайым алда ұстаудың маңызына тоқталады. Кемеңгердің бұл ойы Әл-Фарабидың «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың һас жауы» деген ойымен үндес. Яғни, пайда көздеп алған білімнен көпшілікке пайда жоқ. Еліміздегі ұлттық білім жүйесінің жаңа моделін қалыптастыруда Абайдың «пайда ойлама, ар ойла» қағидасын басшылыққа алу керек-ақ.

2. Жасампаздық құндылығы

Абайдың ағартушылығының тағы бір арнасы адам баласын жасампаздыққа шақыруында жатыр. Жасампаздықтың бастауы – адал еңбекте. Адам өмірінің мәні де жасампаздықпен тікелей байланысты. Жасампаздық арқылы ғана адам тек тұрмыстық қажеттілігін өтеп қана қоймайды, сонымен қатар рухани өсіп, кемелденуге бет алады. Абайдың айтуынша:

«Түбінде баянды еңбек егін салған,

Жасынан оқу оқып, білім алған.

Би болған, болыс болған өнер емес,

Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған» [1,17]

Жасампаздықтың шарты ретінде, ұстанар қағидаты ретінде

«Адал бол – бай тап,

Адам бол – мал тап,

Қуансаң қуан сол кезде» [1,82], – дейді кемеңгер. Бұл ой ақынның бүкіл шығармаларында желі тартып жатыр.

3. Қазақ болу құндылығы

Абай тоғызыншы қара сөзінде «Осы мен өзім – қазақтың. Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе? Егер жақсы көрсем, қылықтарын қостасам керек еді. Уа, әрнешік бойларынан адам жақсы көрерлік, я көңілге тиянақ қыларлық бір нәрсе тапсам керек еді. Соны не үміт үзбестікке, не онысы болмаса, мұнысы бар ғой деп, көңілге қуат қылуға жаратсам керек еді, ондайым жоқ. Егер жек көрсем – сөйлеспесем, мәжілістес, сырлас, кеңестес болмасам керек еді, тобына бармай, «не қылды, не болды?» демей жату керек еді, ол мүмкін болмаса, бұлардың ортасынан көшіп кету керек еді. Бұларды жөндеймін деуге, жөнделер, үйренер деген үмітім де де жоқ. Бұлардың бірі де жоқ. Бұл қалай? Бұл айтқанның бірін тұтпай болмас еді» [1,216] деп жазады. Әлбетте, адам өзі немқұрайлы қарай алмайтын, жанына жақын тұтқан, үміт еткен, сенім

артқан, жақсы көретін жанға ғана ренжиді, кемшін тұсын көрсе, сынайды. «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады» деген, осы.

Кемеңгер жалаң сынап қана қоймай, оның түп себебіне де үңіледі. Одан арылу жолдарын да ұсынады. Мысалы,

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,

Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.

Жақсы менен жаманды айырмадың,

Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.

Бет бергенде шырайың сондай жақсы,

Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?» [1, 7], - дегенде, қазақтың өз болмысынан, ұлттық қасиетінен айрылып, ойсыз тобырға айналып бара жатқанын сынай отырып, қатты қынжылады.

«Сабырсыз, арсыз, еріншек,

Көрсө қызар, жалмауыз,

Сорлы қазақ сол үшін

Алты бақан ала ауыз» – деп, адамдық қалыптан кетіп, итырғылжыңмен өмірі өтіп жатқанына өкінеді. «Өз қолынан өз ырқы кетіп, өздері түзеле алмайтын» кепке ұшыраған қазағына жаны күйзеледі. Дәрменсіздігі мен шарасыздығына налиды. Торықса да, біржола түңілмейді, налыса да, үмітсіздікке салынбайды.

«Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Содан қашпақ керек. Әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық деп білесің. Бұлардың емі, халқына махаббат, халық ғаламға шапқат, қайратты тұрлаулы, ғадаләт ісінің алды-артын байқарлық білімі, ғылымы болсын» [1, 269] дейді. Отыз тоғызыншы сөзінде қазақтың бұрынғы екі артық мінезін бөліп көрсетеді. Оның біріншісі – елбасы, топ басы деген кісілерінің дегеніне көніп, ынтымақшыл, ұйымшыл болуы. Ал екіншісі – намысқойлығы. «Бірінді қазақ, бірін дос, Көрмесең істің бәрі бос» деп тұжырады.

Абайдың пайымдауынша, «қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғынының бір себебі – жұмысының жоқтығы. Егер егін салса, я саудаға салынса, қолы тиер ме еді?». Осынау сөздер қазіргі күні де өзекті. Қазақ арасын дендеген арызқойлық пен жағымпаздық секілді екі дерттің де түбінде жұмыссыздық жатыр. Яғни, кәсіппен айналысқан адамның біріншіден, бос сөзге уақыты болмайды, екіншіден, жағдайы тәуір болады, үшіншіден, өзіне өзі сенімді болады. Өз қолы өз аузына жеткен, бүкіл жасампаздық қабілетін іске асыра алған, өзіне сенімді адам қолында билігі бар адамға жағынып не болмаса, оның үстінен арызданып қайтсін?

Абай ұғымында қазақ болу – ата-баба жолы мен аманатына адал болу, адам баласын қор қылатын кесірлі әдеттен бойын аулақ ұстау, әділет пен бірлікті

ту етіп, білім ғылымға ынтызар, еңбекқор, өнерлі, жасампаз тұлға болу, сол арқылы Жаратушысына жақын «толық адамға» айналу.

4. «Толық адам» сипаттары

«Толық адам» ілімі – Абай ой-танымының квинтэссенциясы. Мұнда адамның бұл дүниедегі өмір сүруінің мәні, адамдық қалыпты сақтауы, рухани кемелденуі, Жаратқан мен жаратылыстың сыры, дүниенің көзге көрінетін және көмескі жақтары, жаратылған әрбір заттың, құбылыстың хикметі сана сүзгісінен өткізіліп, өте тереңдікпен, сұңғыла даналықпен пайымдалған. Абай бұл тұрғыда – әрі прагматик, әрі иррационалист.

Бұл реттегі ойлары «Бес нәрсеге асық бол, бес нәрседен қашық бол», «Әсемпаз болма әрнеге» деген өлең шумақтарынан тартып, қырық бес қара сөзінде тұнып тұр.

Абай хакімнің

«Жүректе айна жоқ болса,

Сөз болмайды өңгесі.

Тыңдағыш қанша көп болса,

Сөз ұғарлық кем кісі» [1,24] дегендегі «жүректегі айнаны» рационалистік таныммен түсіндіру мүмкін емес. Сол секілді «Бір Құдайдан басқаның бәрі өзгермек», «Ғылымды іздеп, Дүниені көздеп, Екі жаққа үңілдім» [1,85] дегенде сөз болып отырған, үңілген «екі жағы» қай жақ. Абайда мұндай сыр сөздер қатары қалың. Олардың тағы бір қатарын тізіп өтелік.

«Күні-түні ойымда бір-ақ тәңірі,

Өзіне құмар қылған оның әмірі.

Халиққа махлұқ ақылы жете алмайды,

Оймен білген нәрсенің бәрі – дәһрі» [1,147]

«Алла деген сөз жеңіл,

Аллаға ауыз қол емес.

Ынталы жүрек, шын көңіл,

Өзгесі хаққа жол емес» [1,175].

«Махаббатпен жаратқан адамзатты,

Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,

Және хақ жолы осы деп әділетті.

Осы үш сүю болады *имани* гүл,

Иманның асылы үш деп сен тахқиқ біл» [1,192].

«Кеше бала ең, келдің ғой талай жасқа,

Көз жетті бір қалыпта тұра алмасқа.

Адамды сүй, Алланың хикметін сез,
Не қызық бар өмірде онан басқа?!» [1,200].

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боларсың елдек ерек» [1,86].

«Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» [1,86].

Абайдың пайымдауынша, «толық адам» болу – адам өмірінің мәні мен мақсұты. Бұған «ақыл, қайрат, жүректі бірдей» ұстау арқылы қол жетпек. Адам баласы әуелден тән, жан және рухтан тұрады. Оны өзге өсімдіктер, мақлұқаттар әлемінен айырып тұрған да осы рухани қасиеті. Оны Абсолютпен тікелей жалғастырып тұрған да рухы. Тек жан мен тәннің жетегінде кету, яғни ақыл мен қайратқа ғана ден қою біржақтылыққа ұшыратады. Мұны қазіргі адамзат өркениетінен көріп отырмыз. Сол секілді тек рухтың қажетін өтеумен ғана шұғылдану да сыңаржақтыққа соқтырады. Мәселен, бірқатар Шығыс елдерінің тұрмыс-тіршілігі, өркениеттік даму тұрғысында мешеу қалуы осыған дәлел. Жоғарыда аталған үштіктің бірлігі мен балансын ұстау ғана адамды мұратына жеткізіп, кемелдендірмек. Абай ойының түпкі ойы да, ағартушылығының түйіні де, осы.

Қорытынды

Ұлы Абайдың ағартушылық көзқарастарын қарастыру барысында келесі тұжырымдар жасауға болады:

1. Абайдың ағартушылық көзқарастарының арқауы төрт арнада тоғысады. Олар: надандықтан арылу, оқу-білімге үндеу; жасампаздық; сапалы қазақ болу; «толық адам» ілімі.

2. Абай – рухани реформатор. Абайдың кеменгерлік ойлары – қазақтың сан ғасырлық дүниетанымдық көзқарасының жемісі.

3. Абай – көкірек көзі ашылған кеменгер. Ол өркениеттен шеттеу аймақта өмір сүріп-ақ ғажайып рухани идеялар тудырды. Осы арқылы «Толық адам» ілімін тұжырымдап шықты.

4. Абайдың ағартушылық арналары төлтумалық сипатқа ие. Ол қазақтың болмысын бүкіл адамзатқа тән қасиеттермен салыстырып, қазақтың мінін түзеу жолын ұсынып, оны өркениет өріне шығаруды мақсат тұтты.

5. Абай ілімі – қазақтану мен адамтануды қамтып, кемел адам қалыптастырудың жолын нұсқай білген рухани жүйе.

6. Ағартушылықтың бастауы адамның жақсы мен жаманды, ақ пен қараны айырып, адамдықтың ақ жолымен жүруін көздеуден басталады.

7. Абай – адамзаттың ақыл-ой алыптары Конфуций, Лао-Цзы, Гете,

Будда секілді ғұламалармен иық тірестіріп, ой өргізіп, пікір таластарған кемеңгер.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Абай. Сен де бір кірпіш дүниеге. Өлеңдер мен қарасөздер. – Алматы: Атамұра, 2020. – 288 б.
2. Жұртбай Т. Күйесің, жүрек... сүйесің. – Алматы: Санат, 2001. – 408 б.
3. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.
4. Мырзахметұлы М. Абай лұғаты. – Алматы: «Өнер – 21 ғасыр», қоғамдық қоры, 2014. – 136 б.

МЕРУЕРТ ИМАНҚҰЛОВА

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университетінің аға оқытушысы, PhD*

БАҚЫТГҮЛ МОЛДАҒАЛИ

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
қауымдастырылған профессоры м.а., PhD*

**БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АРНАЛАР –
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ НЕГІЗІ**

Мақалада этнолингвистикалық арналар қарастырылып, оларды мектептегі білім беруде қолданудың маңыздылығы көрсетілген. Мектептегі ұлттық құндылықтың негізі айқындалып, ұлттық құндылықты дамыта отырып, шешілетін мәселелер сипатталған. Білім беруде этнолингвистикалық арналарды қолдана отырып берілетін заманауи тапсырма үлгілері ұсынылған. Берілген тапсырмалар қазіргі дамыған технологиялық сайттар мен бағдарламалар арқылы жасалып, жасанды интеллект арқылы жасалатын тапсырма үлгілері де қадам бойынша көрсетілген. Joyteka білім беру платформасы арқылы ұлттық құндылықтарға негіздерген тапсырма түрлерін орындау жолдары көрсетілді.

Ғасырдан-ғасырға жеткен қазақ халқының қазынасы – тілі, салт-дәстүрі, әдебиеті. Бұл ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан рухани құндылықтар қазақ халқының жаһанданудың қайшы тұстарына қарсы тұратын, ұлттық болмыс арқылы адамдық қасиеттерді сақтайтын басты қару.

Ұстаз Ахмет Байтұрсынұлы «Мектептің мақсаты – ата-ана мен мемлекет үмітіне сай бала тәрбиелеу екенін баса айтты. Бұл міндетті ойдағыдай орындау үшін барлық іс-әрекеттерді мақсатты түрде жүргізу қажет» [1, 13 б.], – деп түсіндірді. А. Байтұрсынұлы мектепте білім беруге, тәрбиелеуге мемлекеттік мақсатты, мемлекеттік бағыт-бағдарды қосу керектігін айтады. Осы орайда қазіргі мектептегі білім беруге ұлттық мүдде мен ұлттық ерекшеліктерді басым бағыт ретінде алудың өзі көптеген мәселелерді шешеді. Атап айтқанда, біріншіден, тілдің жоғалуына төнген қауіптен сақтайды, екіншіден, әлемді байланыстырған жаһанданудың екінші жағымсыз жағы, адамдарды ұлттық ерекшеліктен айыруға қарсы тұрады. Үшіншіден, технологияның дамыған заманында қа-

рым-қатынастың азаюынан адамның психологиясына төнген дерттен сақтайды, төртіншіден, ұлттық ерекшелік әр халықтың болмысына сәйкес әлемдегі басқа адамдардан ажыратып тұруы арқылы адамның бірегейлігін сақтайды.

Қазақ тіл білімінде этнолингвистиканың негізін қалаған академик Ә.Қайдардың ұлттың тілі мен мәдениеті арасындағы тығыз байланысты тілдік талдаулар арқылы көрсеткен. Олар этностың жеке ерекшеліктерін ғана емес, оның табиғатпен және қоғаммен өзара байланысын көрсетеді. Бұл тәсіл ұлттың рухани құндылықтарын беру тәсілі ретінде тілдің байлығын көрсетеді. Сондықтан білім беру барысында қолданылған этнолингвистикалық арналар білім алушыларға біліммен қоса ұлттық құндылықты игертуге жол ашады. Білім беру саласында соңғы он жылдықта National Education Policy термині жаңа тенденция алып келеді. Алайда Қазақстан бұл мәселе тәуелсіздік алғаннан бері жан-жақты зерттеліп, ғылымның әр саласында ұлттық құндылықтар қарастырылып келеді. Сол сияқты тіл біліміндегі ұлттық құндылықтар этнолингвистика саласына қатысты Ә.Қайдардың еңбектерінде зерттелді. Алайда Қазақстанда білім беру саласында ұлттық құндылықтармен байланыстыра оқыту қанағаттандырмады. Сондықтан білімберудегі ұлттық құндылықтар бүгінге дейін маңыздылығын жойған жоқ.

Үндістандағы білім беру жүйесі 2020 жылы қайта қаралып, үлкен өзгеріс жасады: «Қазіргі әкімшілік үндістанның білім беру жүйесін қайта құрылымдау туралы шешім қабылдады, бұл сектордың өсуін қолдау мақсатында 2020 жылға арналған кешенді Ұлттық Білім Беру Саясатын (ҰЭП) жариялады. Премьер-Министр Төртінші Өнеркәсіптік Революциядан толық пайда алу және Үндістанды жаңа биіктерге көтеру үшін осы маңызды шараларды қабылдауы керек. Қазіргі ұлттық білім беру саясаты 2020 жылы Үндістанға бағытталған білім беру жүйесіне бағытталған, ол барлық студенттерге жоғары сапалы білім беру арқылы елімізді қайтадан әлемдік көшбасшыға айналдыруға көмектеседі» [3, 64 р.], - деген Das Prasenjit елінің болашағы ұлттық білім беру саясатымен тығыз байланысты екенін алға тартады.

Ұлттық құндылықтарды білім беру жүйесіне енгізу этнолингвистикалық бірліктерден басталады. Этностың мәдениеті туралы құнды деректерді көрсететін тілдік бірліктерді Ә.Қайдар этнолингвистикалық арналар деп атайды. Олардың санатына 6 арнаны жатқызады. «1) Рухани дәстүрден, тіл табиғаты мен этностың дүниетанымынан мол хабар беретін ерекше құбылыстарды баламалар деп айтуға болады. Баламалардың жасанды, эвфемистік т.б. түрлері бар. Оларға перифразалар мен табу сөздер мысал болады: көмірді «қара алтын», комбайнды «дала кемесі», көлікті «темір тұлпар», найзағайды «жай, жасыл», жыланды «түйме» т.с.с алмастырып атау» [2, 497 б.].

Екінші арнаға тұрақты теңеулерді жатқызады. «2) Тұрақты теңеулер. Мәселен, қыздың жиған жүгіндей тіркесі әсем, көрікті, әдемі деген мағына береді. Ал тіркестің жасалымы қазақтағы қыз жасауы сынды салтқа қатысты болып тұр. Бес биенің сабасындай тұрақты теңеуі толық, семіз, үлкен деген мағынада жұмсалады. Бие, саба сөздері–халықтың ежелден келе жатқан жылқы шаруашылығындағы ұғымдар» [2, 497 б.]. Тұрақты теңеулердің ерекшеліктері халықтың айналысатын шаруашылығынан, ұлттық болмысынан, өмір-тіршілігінен хабар береді.

Үшінші арнаға фразеологизмдер кіреді. «3) Фразеологизмдер. Қағанағы қарық, сағанағы сарық болды – уайым-қайғысыз, шаттыққа бөлену. «Қағанағы қарық»–уызы көп, жеткілікті, «сағанағы сарық»–керегесі сары, алтын сияқты дейтін көнерген сөздерден құралған. Уыздай жас, уызында жарыды сынды тұрақты тіркестерден де ұлттық тағамның тұрмыстағы пайдасынан бөлек, тілдік санадағы маңызын аңғарамыз. Ал кереге–көшпелі қазақтың баспанасының, яғни материалдық мәдениетінің ажырамас бөлігі» [2, 497 б.]. Қай тілде болмасын фразеологизмдер сол тілде сөйлеуші адамдардың ұлттық-мәдени болмысын айқындайды. Демек тұрақты сөз тіркестерінде халықтың пайымындағы құндылықтар жүйесі мен әлеуметтік тарихи-фактілер жинақталған.

4) Мақал-мәтелдер. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілер» мақалы қазіргі қоғамда жиі айтылатын, тәлім-тәрбиенің негізін айқындайтын мақал. Әуел баста тек саятшылар арасында өзара айтылатын сөз болған деседі. Жеті қазынаның бірі–бүркіт балапандарын коректендіргенде, мүмкіндігінше айналасындағы барлық аң-құстарды алдарына салуға тырысады. Өз кезегінде балапаны қыран болғанда, «ұясында дәмін татқан» аңдарды көп ілетін болады. Ал мақалда ауыс мағынасында отбасыдағы ата-анасының әрекеті баланың мінез-құлқын, өмір сүру салтын қалыптастырады» [2, 497 б.]. Мақал-мәтелдер – білім алушыларға сіңіретін бірден-бір ұлттық құндылық. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан өмірлік тәжірибе мақал-мәтелдерден айқын көрініс тапқан.

5) Жұмбақтар. «Ұлттық таным-түсініктегі сөздерді жасыратын жұмбақтарды мәдени болмыстан хабардар адамның таба алары анық. Мысалы, «Айдалада қу қазық, мергеншіге жол азық» деген жұмбақ бар. Жұмбақтың жауабы қоян екенін табу үшін қазақы түсініктен хабардар болу шарт. Негізінен жұмбақтар мен олардың шешімі ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан білім көзі десек те артық кетпейміз. Себебі жұмбақтарда бір құбылыстың немесе заттың атауынан бөлек халықтың өмір сүру жағдайы мен өзіндік білімі жасырылған [2, 497 б.].

Ең соңғы алтыншы арнаға ауыз әдебиетінің түрлері жатады. «6) Ауыз әдебиетінің үлгілері: нақыл сөздер, салт-дәстүр, наным-сенім, әдет-ғұрыпқа

қатысты аңыз әңгімелер, т.б.» Олардың ерекшелігі орта және кең көлемді мәтін, баяндаулар түрінде кездесетіндігінде. Мәселен, Жетіқарақшы және Темірқазық жұлдыздарына қатысты сақталған ертегінің нұсқалары бар. Этнолингвистиканың объектісі ретінде жұлдыз атауын да, ертегінің мәтінін де жатқыза аламыз [2, 497 б.].

Сондай-ақ, көркем шығармаларды оқу барысында да жазушы сипаттап отырған ортаның мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі туралы ақпарат беріледі. Демек, автордың тілдік қолданысындағы бірліктер сол заманның мәдениетін, өмірлік болмысын шынайы жеткізеді. Жоғарыда келтірілген мысалдар тілдің лингвомәдениетанымдық, этнолингвистикалық аспектілерін қарастырады.

Кез келген тіл – халықтың сөзімен өрнектелген тарихи жадысы. Сан ғасырлық рухани мәдениет, қазақ өмірі көне эпостардан қазіргі көркем әдебиет шығармаларына дейін жалғасын тапты. Тілге мәдениет құралы ретіндегі көзқарас сөз мәдениетіне арқау болады, сондықтан әрбір адам тілдің көркем құралдарын біліп, оның стильдік және мағыналық байлығын жоғары мәдени болмыстың көрсеткіші ретінде пайдалануға ұмтылады.

Әдіскер және ғалым Дәулетбекова Ж.Т. үздіксіз оқыту жүйесіндегі білім деңгейін арттыру арқылы ұлттық кодты сақтаудың маңыздылығы туралы идеяны алға тартады [4]. Этно-мәдени бірліктер қазақ ұлтының мәні мен оның құндылықтарын түсінуге бағытталған этнолингвистикалық зерттеулердің негізіне айналған. Ғылыми қоғамдастық этно-мәдени ұғымдардың мағыналарын, сондай-ақ этнолексиканың ұлттық тілдің негізі ретіндегі маңыздылығын көрсету үшін олардың қызметі мен әлеуметтік ортада қолданылуын ашуға тырысты. Ұлттық құндылықтар мен мәдениетті ұрпақтар арқылы сақтау өте маңызды. Ұлттық тәрбие, әдет-ғұрыптар, тыйымдар және ұлттық мәдениеттің басқа аспектілері этно-мәдени бірліктерден тұрады.

Этнолингвистиканы зерттеу қазақ ұлтының бірегей мұрасын түсінуде және сақтауда маңызды рөл атқаратын этикалық және мәдени аспектілерге бағытталған. Ғылымның осы саласында оқыту қазақ мәдениеті мен рухани және материалдық құндылықтарының мәнін ашуға бағытталған. Осылайша, оқыту халықтың мәдени құндылықтарына бағытталған тиімді жүйені қалыптастыруға ұмтылады. Бұл саладағы негізгі ұғымдар мәдени бірліктерді түсіндіруге ғана емес, олардың қоғамдағы рөлі мен қолданылуын зерттеуге көмектесетін этнографиялық терминдер болып табылады. Осылайша, этнолексика ұлттық тіл мен мәдени мұраны қалыптастыруда және сақтауда маңызды рөл атқарады.

Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық құндылықтар мен мәдениетті, оның ішінде ұлттық тәрбиені қастерлеп, сақтау аса маңызды. Ұлттық тәрбие балалық шақтан басталып, өмір бойы жалғасатын салт-дәстүр, наным-

сенім, әдет-ғұрып этно-мәдени лекика деп аталса, осы ұлттық мәдениеттің әңгіме, өлең-жырдағы ұғымды білдіретін түсініктемелері этно-мәдени бірліктерден құрылады.

Зерттеу нәтижелері. Білім беру барысында ұлттық құндылықтарды этнолингвистикалық арналар арқылы оқытудың үлгілері бар. Атап айтқанда, білім беру платформасында балаларды қызықтыру мақсатында 6 түрлі тәсілдерді пайдалануға болады. Олар:

1. Оқуға арналған Веб-квесттер. Оқушылар барлық мәселелерді шеше отырып, бөлмеден шығуы керек.

2. Интерактивті бейне. Кез-келген нұсқаулық бейнеден сабақ жасауға болады. Бейненің кез келген секундына пән бойынша өз тапсырмаларыңызды жүктей аласыз.

3. Оқытуға арналған викториналар. Кез-келген пән бойынша өз тапсырмаларыңызды жүктеп, оқушылар сіздің тапсырмаларыңызды шешіп, ең көп ұпай жинауға тырысуы керек.

4. Терминологиялық ойын. Терминологиялық диктант жасау арқылы оқушыны қызықтыруға болады.

5. Білімді тексеруге арналған тесттер. Оқушылардың білімін жылдам және ыңғайлы бақылау. Кез-келген пән бойынша тапсырмаларды жүктеп және тестті өзіңіз қалағандай орындатуға болады.

6. Интерактивті әдебиеттер. Оқушының жауабына байланысты өзгеретін әдебиеттерді жазуға болады.

Joyteka - заманауи білім беру платформасы. Олардың қызметтері оқытудың әртүрлі формаларына арналған:

- сыныпта сабақ өткізуден бастап қызықты үй тапсырмасын беруге дейін. Кез келген пән бойынша жеке тапсырмаларды жүктеп алуға;

- сабақтың тақырыптарына байланысты ешқандай шектеулері жоқ. Joyteka кез келген құрылғыда онлайн режимінде қол жетімді;

- компьютерге бағдарламаларды орнатудың немесе бағдарламалау дағдыларын игерудің қажеті болмайды;

- Joyteka қызметтері материалды зерттеу процесіне қатыса алады, тақырып бойынша қажетті құралдарыңызды тауып бере алады;

Оқуға арналған Веб-квесттер. 7- сыныптың «Киелі киіз үй» тақырыбы бойынша веб- квест құрастыру. Ең бірінші:

- қажетті сұрақтарды дайындау;

- тиісті суреттерді сақтау;

Мысалы, киелі киіз үйдің суреті арқылы, киіз үй ішінен шығу жолы бірнеше кезеңнен тұратын тапсырмалар құрастырылады.

Оқушылар әр сұраққа жауап бере отырып, бөлмеден шығу жолдарын іздейді. Оқушы әр сұраққа дұрыс жауап бергеннен кейін, бөлмеден шығып, жеңімпаз атанады [5].

Оқытуға арналған викториналар. 7- сыныптың «Көшпенділердің атбегілік өнері» тақырыбы бойынша тапсырмалар құрастырылды. «Құрастыру» бөлігін баса отырып, деңгей бойынша алдын - ала құрастырылған сұрақтар ұяшықтарға салынады. Алдын ала сабақ бойынша викториналық сұрақтар дайындалып, кейін платформа арнайы сілтеме мен qr кодты береді.

Әр ұяшыққа деңгей бойынша сұрақтар салынады. Әр ұяшыққа белгілі бір көлемдегі балл қойылады [6].

Runway – фотосурет немесе видео жасауға арналған жасанды интеллект сайты.

6-сынып «Қазақ халқының әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлері» бөлімі бойынша тақырыптарға қатысты ұлттық ойындарды жасанды интеллект арқылы көрсетеміз:



Сурет 1. Жасанды интеллект жасаған суреттер.

Қорытындылай келе, үздіксіз білім беру жүйесінде мектеп оқушыларына «Қазақ тілі» пәнін ұлттық құндылықтармен байланыстыра оқытудың маңызы жоғары. Қалыптасып келе жатқан жас ұрпаққа ұлттық болмыс пен бітімді үйлестіре оқытудың мемлекеттік мүдде үшін де алатын орны ерекше. Тіл білімінде ұлттық болмысты этнолингвистика арқылы меңгерту ұлттық құндылықтардың негізі. Себебі этнолингвистика – ұлттық ерекшеліктерді білдіретін тілдік бірліктерден тұрады. Сондықтан білім беруде этнолингвистикалық тілдік бірліктерді оқыту барысында қолданудың әдіс-тәсілдері көрсетілді.

Пайдаланылған әдебиет

1. Байтұрсынұлы Ахмет. Мақалалар, хаттар, А.Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар // Алты томдық шығармалар жинағы.– Алматы: Елшежіре, 2013. - Т. 6. – 384 б.

2. Ә. Қайдар. «Қазақтар ана тілі әлемінде» (Этнолингвистикалық сөздік) Адам. – Алматы: Дайк-пресс, 2009 – 784 б.

3. Das, Prasenjiti. Teacher Education in the Light of National Education Policy-2020 // Disha international publishing house. - 2023 – P. 64-72. DOI:10.5281/zenodo.8332390

4. Дәулетбекова, Ж. Т. Оқушылардың оқу мотивтері - сапалы білім негізі: оқу құралы / Ж. Т. Дәулетбекова. - Алматы : Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2001. - 170 б.

5. <https://joyteka.com/100665610> (15.05.2024)

6. <https://joyteka.com/100662056> (15.05.2024)

АЛТЫНГҮЛ ШАЙМАҒАНБЕТОВА

*Алматы қаласы, №202 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-шебер, ғылым магистрі*

ОҚЫЛЫМ DAҒДЫCЫН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ – ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ НЕГІЗІ

Әлемдік өзгерістермен жарыса еліміздегі ғылым мен білімнің өсіп-өркендеуіне жол ашылды. Себебі бүгінгі қоғам жаһандағы өзгерістерге тез бейімделе алатын азаматты қажет етеді. Осы орайда жаңартылған мазмұнда білім беру ісі жолға қойылып, оқыту нәтижесі білім алушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру қажеттілігіне айналды. Жаңаша оқытуда мектеп мұғалімдерінің алдына жаһандану заманының сұранысына сай, әлемдік еңбек нарығында бәсекеге қабілетті бола алатын, өмір бойы алған білімдерін күнделікті қолдана білетін тұлға қалыптастыру міндеті қойылды. Бұл міндетті іске асырудың бірден бір жолы – функционалды сауаттылықты қалыптастыру болып табылады. Ал функционалды сауаттылық кез-келген тұлғаның өмірде әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласу мүмкіндігін айқындайды.

Бастауыш және жоғарғы сыныптарда «Қазақ тілі» пәнінен берілетін білім мазмұны мен мақсаты: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым сынды сөйлеу әрекетінің түрлерін дамыту арқылы білімдерін оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдануға үйретуге, функционалды сауаттылыққа негізделеді. Бұл тұрғыда, балаға оқу мен жазуды үйретіп қана қоймай, мәтіннен ақпарат алу мақсатында білім алушының оқылым және жазылым дағдыларын еркін қолдана білу қабілетін, ал ақпаратты таратуда, жеткізуде тыңдалым, айтылым дағдыларын дамыту міндеті тұр. Себебі тіл арқылы жалпы адамзаттық құндылықтар бағаланады, жеке тұлға тәрбиеленеді, тілдің көмегімен баланың танымдық қабілеті дамиды. Аталмыш тілдік дағдылар білім алушының айналадағылармен еркін қарым-қатынас жасауына, пікірлесу барысында жеке көзқарасын еркін әрі жүйелі білдіруіне, тыңдаған немесе оқыған ақпаратты сараптау арқылы тиімді қолдануына мүмкіндік береді.

Функционалды сауаттылықты қалыптастыруда аталған тілдік дағдылардың ішінде оқылым дағдысының орны ерекше. Себебі оқудың тиімді тәсілін

меңгеріп, оқыған ақпарат бойынша талдау жасай алған адам өз пікірін де еркін айтады, сауатты жазтын болады.

«Кез келген мәтінді оқып, ондағы ақпаратқа сенбес бұрын әр адам төрт сатылы сыни оқу стратегиясын қолдана білуі тиіс: шолу, талдау, оқу және бағалау» деген екен Руггиеро. Оқылым дағдысы жазба тілдегі мәтінді түсіну мен қабылдаудың, ақпарат алудың негізгі формасы болып табылады. Күнделікті кездесетін ақпараттың едәуір бөлігі дәл осы оқу процесінде қабылданады.

Әдетте оқылым стратегиясының үш түрі қолданылады: шолып оқу, іріктеп оқу, зерттеп оқу.

Алғашқысында оқырман мәтіннің мазмұны туралы жалпы ақпарат алуға тырысады. Оқушының алдында тұрған негізгі коммуникативті міндет – тұтас мәтінді жылдам оқу нәтижесінде мәтіндегі негізгі мәселе туралы жалпы түсінік алу.

Екінші жағдайда өзін қызықтыратын нақты ақпаратты табу үшін мәтіннің қажетті бөлігін іріктеп оқиды.

Ал зерттеп оқуда мәтінді жүз пайыз игере отырып, онда көтерілген барлық мәселелерді мұқият талдайды.

Сонымен қатар оқылымда түрлі тәсілдерді қолданамыз: детальді түрде оқу да бар, әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқуды қажет етеді.

Ал болжау тәсілі әдетте оқылым тапсырмасы алдында қолданылады. Оқушылар мәтінді оқымас бұрын оның тақырыбына, кітаптың мұқабасына, кіріспе бөліміне сүйеніп, оның мазмұны мен көтеретін мәселесі жөнінде ойланып, талқылап, болжап көреді. Бұл тәсіл мәтінді оңай түсінуге көмектеседі.

Мысалы, 3-сыныптағы «Әдебиеттік оқу» пәні бойынша Ы.Алтынсариннің «Баланың айласы» әңгімесіне талдау жасау үшін оқылым стратегияларын қалай қолдана аламыз?

Алдымен, болжап оқу стратегиясына тоқталайық. Бұл стратегияны қолдана отырып, бала мәтінді оқығанға дейін онда не туралы айтылатынын мәтіннің тақырыбына немесе ұсынылған суретке назар аударып болжай алады. Мысалы, төмендегі суретке қарап, бүгін танысатын әңгімелеріңіз не туралы болатынын болжап көріңіз.



Бұл тәсіл оқушының мәтін мазмұнымен танысуға деген қызығушылығын оятады, креативті ойлауға жетелейді. Сол сияқты мәтінді оқу кезінде де мәтінді оқуды қызықты тұсында тоқтатып, оқиганың әрі қарай өрбуін, дамуын болжатып, кейін түпнұсқа мәтінмен салыстыра оқытуға болады. Мысалы:

Бір әлім адам жапанда келе жатып, аяғы астында бір үлкен тасқа сүрініп жығылып, ойлады: бұл тас адамға зиян келтіретін тас екен, жолдан алып тастайын деп. Сол оймен тасты көтеріп еді, астынан бір сандық шықты, сандықты ашып еді, ішінен бір жылан шығып, шағамын деп әлімге ұмтылды, әлім айтты:

- Мен сені қараңғы, тар жерден, тұтқыннан шығардым, жақсылыққа жамандық бар ма?

Жылан айтты: - Бар.

Әлім айтты: - Олай болса біреуге жүгінелік, төре саған тисе шағарсың, - деп. Жылан да бұл сөзге тоқтап, екеуі келе жатып, түйеге жолықты. Түйеге бұлар істерінің мәнісін айтып еді.....

Оқиганың дамуын болжаңыз. Түйенің жауабы қандай болды?

Болжап оқу стратегиясы оқушының логикалық және креативті ойлауына оң әсер етеді.

Оқылым стратегияларының келесі бір жиі қолданылатын түрі – нақты ақпараттарды табу үшін оқу. Бұл тәсілде тұтас мәтінді түсініп оқу, мазмұнын білу маңызды емес. Мәтіннен қажет деректі, сандық көрсеткіштерді, жылдарды немесе қажетті сөздер мен сөйлемдерді тауып алу жеткілікті. Мысалы, төмендегі ақпараттардың дұрыстығын мәтіннен тауып, «ақиқат» немесе «жалған» деп белгілеңіз.

Ақпарат	ақиқат/жалған
Менің жемісіммен қанша адам күн көріп пайдаланып тұрса да, жемісімді жан ауыртпай қолымен алмай, түбімнен қатты орып, жемісімді жерге түсіріп алып жейді.	
Жылан баланы нандыру үшін иіріліп барды да, манағы қобдиға кіріп жатты	
Түйе әлімнің жыланнан құтылуына көмектесті.	

Мұндай тапсырмалар балаға мәтіннің мазмұнына терең үңілмей, тапсырмада сұралған ақпараттарды ғана мәтіннен көз жүгірте іздеу арқылы табуына, уақыт үнемдеуіне мүмкіндік береді.

Ал іріктеп оқу стратегиясы тапсырмаға сәйкес мәтіннің бір бөлігін ғана

оқуға негізделеді. Іріктеп оқуда тапсырмалар мәтіннің нақты мазмұнын, қажетті ақпаратты анықтауға, себеп-салдарлық байланыстарды орнатуға, оқушылардың оқуға деген өзіндік көзқарасын ашуға бағытталуы мүмкін.

Мысалы, мәтіннің ең соңғы абзацын оқып, балаға мінездеме беріңіз.

Бала тіпті нанбады, «бұл сөзге көзбен көрмей кісі нанып болмас» деп. Сонда жылан баланы нандыру үшін иіріліп барды да, манағы қобдига кіріп жатты. Бала сонда тарс еткізіп сандықты жауып бекітті де, Әлімнің қолына берді, «апарып алған орныңызға қойыңыз» деп.

Бұл тұста оқушы мәтінді толық оқымай, белгілі бір бөлігінен қажетті ақпаратты іріктеп қолдана алады.

Ал рөлге бөліп оқу оқушылардың оқу таным белсенділігін, қызығушылығын арттыруда, сабақтың эмоциялық, психологиялық мәнін нәрлендіруде пайдалы. Оқушы мәтіндегі негізгі ойды рөлге еніп оқу арқылы саралайды, тілдік нормаларды дұрыс қолдануға дағдыланады.

Зерттеп оқу – күрделі оқу түрі. Ол оқушыдан мәтінге назарын шоғырландырып, астарлы ойын, мәтіндегі көтерілген мәселені зерделеп оқуды талап етеді. Бұл стратегия оқушыны сындарлы ойлауға, назарын шоғырландыра оқуға, мәтінге терең талдау жасауға жетелейді.

Демек, бастауыш буыннан бастап оқылым стратегияларын тиімді қолдану оқушылардың мәтінді оңай түсінуіне, уақытты тиімді пайдаланудына, тапсырманы орындаудың тез, ыңғайлы жолын меңгеруіне, ең бастысы - функционалдық оқу сауаттылығының артуына әкелетін құралға айналады.

Оқырман сауаттылығының негізі, оқылым жұмысын ұйымдастырудың басты құралы – мәтін. Мәтінмен жұмыс оқушының мәтіннен қажетті ақпаратты алуына, нақты мәтіннен қорытынды шығаруына, негізгі кейіпкердің әрекеттерін түсінуге, мәтін құрылымының бастапқы сараптамаларын алуға көмектеседі.

Мәтін – өзара логикалық байланысқа құрылған бірнеше сөйлемдерден, абзацтардан тұрады және тиянақты бір ойды, оқиғаны білдіреді. Мәтінде берілетін оқиға хабарлау, баяндау, әңгімелеу, сипаттау, суреттеу тәсілдері арқылы жеткізіледі. Мәтін белгілі бір құрылыммен беріледі, оның кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдері болады. Ал мәтіннің тақырыбы мәтінде баяндалатын оқиға мен автор айтқысы келетін негізгі ойдың түйіні болып келеді. Мәтіннің формасы тек қарасөз түрінде емес, қарасөз бен сурет араласқан, тек қана суреттен, кестеден, сызбадан, картадан, тағы басқа графикалық нұсқалардан тұруы мүмкін. Мәтіннің келесідей түрлері бар: әңгімелесу, пайымдау, сипаттау.

Әңгімелеу мәтіні қандай да бір оқиғаны баяндайды. «Не істеді?» сұрағына жауап береді. Сипаттау мәтіні бір нәрсенің бейнесін (затты) немесе табиғат

көріністерін сипаттап көрсетеді және «Қандай? Қалай?» сұрақтарына жауап береді. Мысалы: Айнала ақ күміс ақ мамық қарға оранып, аспан тұнжырап тұрды. Пайымдау мәтінінде белгілі бір пікір түсіндіріледі, дәлелге құрылады және «Не үшін?», «Неліктен?» деген сұрақтарға жауап береді. Мәтіннің түрлерін сұрақ қою, мазмұнына назар аудару арқылы ажыратамыз.

Бастауыш сыныпта мәтінмен жұмыс басты әрі маңызды әрекет жеп танылады. Себебі оқушылардың қабылдау, түсіну, ойлау, интерпретациялау қабілетін арттыруды алғашқы баспалдағы мәтінмен жұмысты ұйымдастыру арқылы жүзеге асады. 3-4-сынып оқушылары тұтас мәтінді бөлшекке айналдырып, әр бөлігіне ат қоя біледі, яғни әрбір мәтін бойынша жоспар құрай алады.

Алайда мәтінді бөліктерге бөліп оқыған кезде әр бөлімге не әр абзацқа ат қоя беруге болмайды. Өйткені мәтіннің ішкі мазмұнына, логикалық бірлігіне орай жоспар жасау керек. Жоспар құру немесе бөлімдерге ат қою 3-сыныпта хабарлы сөйлем түрінде, кейін бірте-бірте сұраулы сөйлем түрінде жүзеге асырылса, 4-сыныптан бастап оқушылар мәтін бөліктерін атаулы сөйлем арқылы жеткізуді үйренеді. Оқу сауаттылығын анықтауға бағытталған тест тапсырмаларында мәтіннің құрылымына, мәтін бөліктеріне атау, мәтін бөліктеріндегі негізгі ойға қатысты сұрақтар көптеп кездеседі. Сондықтан мәтін бөліктерімен жұмыс жүргізу, мәтінді тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа талдату аса маңызды болып саналады.

Мәтінмен жұмыс кезінде берілетін тест тапсырмаларында мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдату арқылы балалар қысқа мәтінді толық түсінуіне, берілген ақпараттан өзіне керек мәліметті ажырата алуына мүмкіндік алады. Мәтіндегі басты тірек сөздерді табу арқылы мәтіндегі негізгі ойды білдіретін маңызды деректерді іріктеуге үйренеді. Мәтін бойынша нақты және қосымша ақпаратты анықтау арқылы ақпаратты іріктеуге дағдыланса, мәтінге нақты тақырып таңдау арқылы мәтіндегі дәйектемелер тізбегін түсініп, қорытынды жасауға, негізгі ойды анықтауға дағдыланады.

«Мен еш уақытта өз оқушыларыма ешнәрсе үйретпеймін, тек қана олардың оқуы үшін жағдай жасаймын», - деп Альберт Эйнштейн айтқандай, еліміздің ертеңін, тәуелсіз ел тірегін, саналы ізбасарларымызды білім нәрімен сусындатуда олардың оқуы үшін жағдай жасау қажет. Мәтіндерге талдау жасау кезінде мұғалімнің шеберлігі, ұсынылған оқылым стратегиялары мен әдістері, мәтін бойынша сұрақтарды жүйелі құрастыра білуі оң нәтижелерге әкелетінін ұмытпаған жөн. Себебі оқылым барлық дағдылардың негізі болып табылады. Ал оқылым стратегияларын тиімді қолдануға бағыттай отырып, оқушылардың мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау дағдысының сапасы арттыруға болады. демек, оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруда, мәтінмен са-

уатты жұмыс жасауға жетелейтін әдіс-тәсілдерді орынды, сауатты қолдана білу – әр педагогтың міндеті. Олай болса, заман талабын ескеріп, оқылым тапсырмаларын үздіксіз түрлендіріп қолдану арқылы ғана жақсы нәтижелерге, көздеген мақсаттарға қол жеткізуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Мектептегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» сабақтары: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» білім беру бағдарламасы; Нұр-Сұлтан, 2022.
2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру (бастауыш сыныптар). Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 66 б.
3. Оразахынова Н., Кенжебаева Г. М. - «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыми мақаласы, 2012. - Б. 42-47.
4. Тұрдақын Жексенбай «Бал бұлақ» . Әңгімелер жинағы. – Алматы 2010, - 96

НҰРБАНУ НҰРЖАУҚЫЗЫ

*Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы
«Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығы» КММ-нің
ғылыми-әдістемелік бөлімінің басшысы*

ҚАЗАҚ ТІЛІ ІТ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ЖАТСЫНБАЙДЫ

Әр елдің өзіне тән тарихы мен салт-дәстүрі, тілі мен діні бар. Қазақ тарихына көз жүгіртетін болсақ талай қиын кезеңдерді басынан өткергенімен, біздің ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалды. Бүгінгі күні ұрпақтан-ұрпаққа мұра болған қазақ тілінің мәртебесі жоғары, шоқтығы биік. Қай заманда болмасын, тіліміздің жойылып кетпеу жолында қаншама ұлт қайраткерлері еңбек сіңірді. Ондағы негізгі идея – қазақ халқын мәңгілік мемлекетке айналдыру.

Қазіргі таңда әлем көз ілеспес жылдамдықпен дамып келеді. Біз соған ілесе отырып қазақ тілінің кемел келешегін қалыптастыратын өрендерге үйретуге тиіспіз.

Тіл – халықтың баға жетпес қазынасы. Тіл туралы сөз қозғамас бұрын, оның қадір-қасиетін, киесін түсінген жөн. Ең алдымен уақыттың көшімен өндірісі, өнеркәсібі, экономикасы жоғары қарқынмен дамыған алпауыт елдердің мәдениеті, әдебиеті, өнері, әдет-ғұрпы, жаңадан шыққан бірнеше технология, техникасымен қатар тілі де тұтастай болмаса да, ауызекі сөйлеу арқылы келесі бір елдің тілдік қолданысына кірігіп жатады. Сондықтан, қазіргі тілмен айтқанда жаһанданудың толқынында қырағы бола отырып, сол жылдамдыққа ілесу міндеті тұр.

Соңғы жылдары жаңа технологиялар өмірімізге жылдам еніп кеткенін байқамай да қалдық. ІТ саласы жылдам дамып, әлем жұртшылығына кең тарау үдерісімен осы саланың терминдері, атау сөздері, тіпті өзіндік лексикасы қалыптасты. Ол біздің санамызды да айналып өтпеді.

Міне, осылайша елімізге жаңа технологияның жетістіктері мен оның бергі жағындағы елдердің арасында жүріп жататын мәдени, дипломатиялық, экономикалық қарым-қатынастардың нәтижесінде тіліміздің сөздік қоры, лексикасы толығып отырады.

Жаһандану мен ақпараттық технологиялардың дамуы, интернеттің кеңінен таралып, жаппай қолданысқа енуі қоғам өмірінің барлық дерлік саласын-

дағы әрекетті жеңілдетіп, адамзаттық коммуникациядағы қажеттіліктерін толық қамтамасыз етіп отыр.

Қоғамның өміріндегі қолданысын алғашқы әліпби енгізуден бастаған қазақ тілі бүгін де бірнеше дәуірді басынан өткеріп, шартарапқа сан тілге аударылып берілетін: көркем шығарма, дипломатия, экономика, технология және қоғамдық өмірдің тыныс-тіршілігін қалт жібермей отырған әлеуеттілікке айналды. Тәуелсіз қазақ елі өрелі өр-кениет көшіне ілесіп, ақпараттық технологиялар (ІТ) дәуіріне аяқ басты. Әлқисса, егемен еліміз үшін жаңа жол басталды. Жаңа мыңжылдық «жаһандану үдерісін» көлденең тартып қана қоймай, ықпалын күшейте берді. ІТ саласы шапшаң қарқынмен дамығандықтан, көптеген елдер осы секторға ерекше ден қойды.

Орайлы, ұтымды сөз тауып ұлттық қорды байыту үшін тіл үйренушілер бүгін де кітап бетін емес, компьютер, смартфондарға баса назар аударуда. Сол себепті осы тұста қоғамға қазақ тілін оқытудың жаңа әдісі ойлап табылды. Қазақ тілінің қолдану аясын жетілдіру мақсатында ІТ технологиясын қолданып келеміз. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы бабамыздан бастау алған латын әліпбиін қолданысқа енгізу үшін арнайы «онлайн конвертер» жасалып шығарылды. Жобаны «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» КеАҚ іске асырды. Қандай да бір әдеби туындыны немесе оқулық материалының бір үзігін салған кезде латын әліпбиінің нұсқасы дер кезінде экранға шығады. Бұл технология шет елдегі қазақтар үшін, қазақ тілін үйрену үшін маңызы зор. Қазақ тіліндегі бай, әдеби мұраның оқылуынан мақұрым қаламыз деп еш уайымдамаса болады. Тіпті қазақ тіліндегі ең ауқымды М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын конвертерге салып, латын әліпбиіне аудару қиынға соқпайды.

XXI ғасыр – жаңа технология ғасыры. Білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдаланудың тілдерді үйретуде маңызы зор. Ақпараттық ортаны құруға негізделген білім берудің жаңа жүйесін қалыптастыру мен педагогикалық практикаға жаңа ақпараттық құралдарды енгізу білім жүйесін дамытудағы стратегиялық тапсырма болып саналады. Қазіргі таңда интернет беттерінде көптеген термин сөздерге байланысты қосымшалар қолданысқа еніп келеді. Адамдар уақытының көп бөлігін компьютер мен смартфондар алдында өткізеді. Ал айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған интернеттен сөздіктерді тез табуға дағдыланған. Бұл – озық технологияның жетістігі.

Ақпараттық технологиялар мен интернеттің қарқынды дамуы адамдар арасындағы коммуникациялық қарым-қатынасты арттыруда. Бұл өз кезегінде үлкен көлемдегі сандық ақпараттың жинақталуына алып келді. Ақпарат алмасу тек технологиялық қарым-қатынас қана емес, сонымен қатар лингвистикалық құбылыс. Адамдардың тілді пайдалануы, сөз бен сөз тіркестерін қолдануы,

мәліметтердің контекстуалдық ортасын түсінуі сынды мәселелер тіл білімінің маңызды саласына айналып, компьютерлік ғылым мен лингвистиканың тоғысқан жерінде компьютерлік лингвистика саласы пайда болды.

Бірақ бұл жерде айта кететін бір мәселе бар, ол - мессенджерлер арқылы адамдар бір-бірімен байланыс жасаған кезде, қысқалыққа көшкен. Ол жаргон, сленг сөздердің трендке айналуы. Сол себепті бұл олқылықтардың алдын-алу мақсатында, жұмыстар жүргізіп келеміз. Өңіріміздегі Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасының «Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығының» мамандары жүргізетін <http://www.tiktok.com/@til.ortalyk.kzo>. [http://www. Instargam.com/tilortalyk_kzo](http://www.Instargam.com/tilortalyk_kzo) [http://www. Facebook.com/proeile.php](http://www.Facebook.com/proeile.php) парақшасындағы «Трендегі сленгтер» айдарын айтуға болады.

Бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселелердің бірі – қазақ тілі мен технологияның байланысын нығайту. Себебі болашақта бізді қоршаған барлық дүниелер технологиялармен тығыз байланысты болмақ. Өздігінен жүретін көліктер мен ұшақтар, ақылды үйлер және басқа да озық технологиялардың көбі дауыспен басқарылады деп болжанып отыр. Айта кетерлік жайт, 2011 жылы біз ғаламдық уикипедия энциклопедиясының қазақ тіліндегі тарауын дамыту жобасын бастаған кезде, кейбір сарапшылар «орыс және ағылшын тіліндегі Уикипедиялар жақсы дамыған, ғаламтордан ешкім де қазақ тілінде ақпарат іздемейді, қазақ тіліндегі википедияны дамытып қайтесіңдер» деген болатын. Жоба басталған кезде мақалалар саны 10 000-ның төңірегінде болатын. Бұл кезде ай сайын оқылатын беттердің саны 400 000 шамасында болатын. Ал 2014 жылғы мәліметтерге сүйенетін болсақ, мақала саны 200 000-нан асып, ай сайын қазақ тілінде оқылатын Википедиядағы беттердің саны 14 000 000-ға жетті. Бұл интернеттегі қазақ тіліндегі материалдарға сұраныс бар екендігін дәлелдейді және қазақ тілін технологиямен достастыруға болатынын көрсетеді.

Егер біз мемлекеттік тілдің өміршеңдігін қамтамасыз етіп, оның кең қолданысқа енуін қаласақ, онда бар күшімізді тіл мен технологияны кешенді түрде достастыруға жұмсауымыз керек.

Қазақ тілінің мәселесін сөз еткенде, тілдің әр саладағы қолданысы мен дамуы ойландырмай қоймайды. Бұл тұрғыдан алғанда ғылым саласында да мемлекеттік тілді қалыптастыру оңай мәселе емес. Өйткені ғылым тілі қанша дегенмен нақтылыққа, мазмұндылыққа сүйенеді. Оның өзіне тән үлгісі мақалалардан, ғылыми еңбектерден көрініс тауып отырады. Мұндағы қолданылған әрбір сөз тіркесі, ғылыми термин қазақ тілінің сөздік қорына еніп, бара-бара белгілі бір жүйеленген ұғымға айналады. Ғылыми тілдің қалыптасып, қанат жаюына әр баспадан жарық көріп жатқан оқулықтар мен кітаптардың да үлесі мол. Егерде қазақ тіліндегі ғылыми еңбектер, мақалалар көбірек жазылып олардың

мазмұны мен сөз қолданысы да сапалы деңгейде болатын болса, тіліміз ұтады, қолданыс аясы кеңейе түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Ана тілі» бағдарлама – Алматы, 2002 ж.
2. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы, – Алматы, 1991 ж.
3. jasqazaq.kz
4. «Тіл және қоғам» альманах, Астана, 2018 ж.



МАЗМҰНЫ

Алғысөз

Тіл саясаты – мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігі.....3

Е.Тілешов. Тіл – халықтың ең басты ұлттық мәртебесі.....5

Тіл тарихы

Жазу ережелері тақырыпты Елдестің байандамасы.....11

Б.Әбдулиұлы. Тарихи сабақтастық және қазақ тіліндегі көне тұлғалы. антропонимдердің даму эволюциясы.....21

А.Абасилов. Ұлы дала тұлғаларының өзге тілден сөз алу туралы ой-тұжырымдары.....30

Б.Бияров. Кейбір түркі этнонимдерінің этимологиясы.....40

Тіл білімі

Ғ.Имамбаева. Ахмет Байтұрсынұлы және қазіргі қазақ тілі мәселелері...49

А.Жалдыбаева. Жасанды интеллектінің тілі қазақ тілі болуы тиіс.....56

Р.Дәрменқұлова. Барыс жалғаулы етістікті сөз тіркестердің жұмсалудағы ерекшеліктер.....61

Абайтану

О.Жұбай. Абайтанушы ғалымдар – Қайым Мұхамедханов пен Рабиға Сыздық еңбектеріндегі дәстүр мен сабақтастық.....75

А.Смағұлова. Абай қарасөздеріндегі адам мінезінің тезаурустық сипаты.....90

А.Асқарова. «Толық адам» ілімі – Абай ой-танымының квинтэссенциясы.....101

Әдістеме

М.Иманқұлова., Б.Молдағали. Білім берудегі этнолингвистикалық арналар – ұлттық құндылық негізі.....110

А.Шаймағанбетова. Оқылым дағдысын тиімді ұйымдастыру – функционалдық сауаттылық негізі.....117

Н.Нұржауқызы. Қазақ тілі ІТ технологияны жатсынбайды.....123

РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ

Автор стилі,
орфографиялық хақы сақталады.

Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
«ТІЛ-ҚАЗЫНА» ұлттық
ғылыми-практикалық орталығында
теріліп, беттелді.

Бас редактор **Ә.Қаба**
Жауапты редактор **Г.Төкенқызы**
Корректор **Г.Төкенқызы**
Дизайнын жасап, электронды нұсқасын дайындаған
С.Баубек

Редакцияның мекенжайы:

Қазақстан Республикасы
010000, Астана қаласы,
Сауран көшесі, 7А
Тел.: 8 (7172) 44-19-81
info@tilqazyna.kz

Беттеуге берілген күні 21.06.2024 ж.
Электронды нұсқаға қол қойылған күні 01.07.2024 ж.
Пішімі 70x100 1/16 Шартты баспа табағы 10.24